

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОК: 330.3(574)

Қолжазба құқығында

ИЛЯШОВА ГУЛИЯ КЕНЖЕБЕКОВНА

**Қазақстан Республикасының заманауи экономикасындағы
халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы: қалыптасуы және даму
тенденциялары**

6D050600 – Экономика

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшісі
экономика ғылымдарының кандидаты,
доцент Бимендиева Л.А.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
PhD, профессор David Celetti
Италия, Падуя университеті

Қазақстан Республикасы,
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Өзін өзі жұмыспен қамту әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде: мәні, қалыптасу факторлары және оның ұлттық экономика дамуындағы рөлі	12
1.2 Экономикадағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту жағдайын бағалаудағы әдістемелік тәсілдер	28
1.3 Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу тетіктерінің халықаралық тәжірибесі	40
2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ	
2.1 Экономикадағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қазіргі жай-күйі мен даму динамикасын талдау	55
2.2 Өзін-өзі жұмыспен қамту санатындағы қызметкерлердің экономикалық және құқықтық жағдайын талдау	70
2.3 Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу	86
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ: ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	
3.1 Қазақстан еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар секторының даму мүмкіндіктері және әсер ететін тәуекелдер	101
3.2 Әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру факторы ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийін жасау	114
3.3 Ынталандыру тәсілі негізінде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын тіркеу процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар	130
ҚОРЫТЫНДЫ	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	147
ҚОСЫМШАЛАР	162

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалған:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек, №169

Генеральное соглашение между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2018-2020 годы, 2018, 2, с. 9-10

Предпринимательский кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375- V ЗРК.// <http://adilet.zan.kz>

Методика определения численности самостоятельно занятых, уровня их среднемесячных доходов и численности безработного населения в Республике Казахстан Утвержден приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от «10»января 2013 года №3// <http://www.stat.gov.kz>.

Методика по формированию показателей неформальной занятости населения: утв. приказом Председателя Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2016 года №328 // <http://www.stat.gov.kz>. 10.02.2017

Закон РК «О занятости населения» от 6 апреля 2016 г. / Казахстанский информационно-аналитический сайт. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://online.zakon.kz/>

Послание Президента РК Н.Назарбаева Народу Казахстана 6 февраля 2008г. Электронный ресурс. Режим доступа: <https://www.akorda.kz>

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы // Электронный ресурс. Режим доступа: <https://baiterek.gov.kz/>

«Государственная программа по снижению бедности в Республике Казахстан» на 2003-2005 годы// Электронный ресурс. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/>

«План мероприятий по совершенствованию системы занятости населения Республики Казахстан на 2008 – 2010 годы»./ Электронный ресурс. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/>

Программа занятости 2020// Электронный ресурс. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/>

Об утверждении Дорожной карты занятости на 2020 - 2021 годы Электронный ресурс. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz>

Программа по развитию государственно-частного партнерства в Республике Казахстан на 2011-2015 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 731.

Годовой отчет Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы "Енбек"

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесідей терминдерге сәйкес анықтамалар пайдаланылған:

Өзін-өзі жұмыспен қамту - бұл дәстүрлі үй жұмыстарынан тыс, заттай немесе ақшалай табыс әкелетін және жалдамалы жұмыс күшін үнемі пайдаланбай жүзеге асырылатын үй шаруашылығы мүшелерінің жеке (жалдамалы емес) өндірістік-экономикалық іс-әрекеті

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар – олар ең алдымен шағын бизнестің иегерлері

"Нағыз өзін-өзі жұмыспен қамтушылар " – бұл кәсіпкерліктегі «Мен» дегенмен ассоциацияланатын атрибуттары бар адамдар

Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар - өзінің жеке өндіріс құралдары (негізінен мамандар мен білікті жұмысшылар) арқылы жеке дара еңбек іс-әрекеті негізінде шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар

Экономикалық категория ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту дегеніміз – еңбек нарығында жұмысбастылықтың икемді түрі бола отырып, экономикалық еркіндік пен таңдау негізінде ресми немесе бейресми сектордағы адамдардың табыс табу мақсатында қандай да бір өздеріне пайдалы және қоғамдық сұраныстағы пайдалы іспен айналысатын, жеке кәсіпкерлікті дамытудың анықтаушы факторы.

Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар – бұл табыс алу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірумен (өткізумен) өз бетінше айналысатын жеке тұлғалар, өндірістік кооператив мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) ақы төленбейтін қызметкерлері және жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілер.

- Жұмыс берушілер – өзінің жеке кәсіпорнын басқаратын немесе экономикалық қызметте тәуелсіз кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын және бір немесе бірнеше жалдамалы жұмыскерлері бар тұлғалар;

- Дербес жұмыскерлер – өзін-өзі жұмыспен қамту негізінде қызметпен айналысатын және жұмыскерлерді тұрақты негізде жалдамайтын тұлғалар;

- Кооператив мүшелері – кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшелері болып табылатын тұлғалар;

- Жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмыскерлері – әдетте, туысқан адам басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) сыйақысыз жұмыс істейтін тұлғалар.

Нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар - орташа айлық табысы бар дербес жұмыспен қамтылған адамдар және ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары орташа айлық табысы бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлық категориялары кіреді.

Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар - ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кіреді.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ЕжХӘҚМ	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі
БЖТ	Бірыңғай жиынтық төлем
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары
ХЕҰ	Халықаралық еңбек ұйымы
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технология
ЖК	Жеке кәсіпкерлік
МӘМС	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру
АӘК	Атаулы әлеуметтік көмек
КД	Күнкөріс деңгейі
ӘМСҚ	Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қоры
ЕТЖ	Ең төменгі жалақы
ММСҚ	Міндетті медициналық сақтандыру қоры
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда еңбек нарығында жұмыспен қамтудың стандартты емес түрлері дамуда, олардың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамту елімізде кең таралып отыр. Сәйкесінше өзін-өзі жұмыспен қамту Қазақстанда мемлекеттік деңгейде шешімін табуы тиіс мәселеге айналып отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың іс-әрекеті негізінен, халық арасында сұранысқа ие жеке тауарлар мен қызметтер өндірісін қамтамасыз етеді. Қоғамда азаматтарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі болып келеді. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жұмыспен қамту - бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі болу керектігін алға тартты [1]. Сондықтан ҚР ЕжХӘҚМ бүгінде бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеуді белсендендіру жұмыстарын бастаған еді, атап айтқанда "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты және ресми түрде тіркелінбей жүрген жұмыссыздарды тарту, елдегі азаматтардың әлеуметтік мәртебесін анықтау, бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін жеке кәсіпкер ретінде ресми тіркелмей-ақ кәсіпкерлік іс-әрекетті жүргізуге мүмкіндік беретін әлеуметтік төлем – Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) - арнайы салық режимі енгізілген.

ҚР 2000-шы жылдан бастап жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес бойынша бағдарламалар шегінде жүзеге аса бастады, және де ол жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды, оларды кәсіби даярлау және қайта дайындауды, кәсіби дағдыларды талап ететін қоғамдық жұмыстарға тартуды, облыстар бойынша, соның ішінде салалар және қызметтер түрі бойынша индикативті көрсеткіштердің болуын қарастырды. Бағдарламаларды жүзеге асыру белгілі бір дәрежеде жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне, жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға ықпал етті. Дегенмен жұмыспен қамтудың, еңбекке жарамды халықты тиімді пайдалану, жұмыс күшіне сұранысты арттыру, оның ұсынысын оптималдандыру, жұмыс күші құнын арттыру және сапасын жақсарту деген сынды маңызды критерийлері мемлекеттік реттеудің шегінен тыс қалған еді.

2012 жылы (ҚР «Жұмыспен қамту туралы Заңы» 2016ж. №482-V 4 бап, 26 бекітілген) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты жұмыспен қамтылған халық құрамына енгізгеннен кейін Қазақстанда Жұмысбастылық-2020 Мемлекеттік бағдарламасы, Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады, 2013 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты нәтижелі және нәтижесіз топтарға бөлген «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын

анықтау Әдістемесі» жасалынды, және т.б. құжаттар қабылданды, сондай-ақ олар диссертациялық жұмыста басшылыққа алынған.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам еңбек қатынастарын мердігерлік түрде рәсімдейді және де жұмысы үшін жауапкершілікті өзі артады, еңбек процесін ұйымдастырады, келісім-шарттық жұмысты дербес не болмаса, туысқандық немесе артельдік (ерікті бірлескен) қатынастармен байланысты өзін-өзі қамтыған адамдар тобымен бірге орындайды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар кәсіпкерлік іс-әрекетті жүргізеді, бірақ олар бұл жерде классикалық түсініктегі кәсіпкерлер бола алмайды, өйткені қайтарымызсыз алынатын қосымша құнды жасамайды, олар алынған табысты, жеке еңбектік қатысуға сәйкес, жұмысшы топтың ішінде бөледі [2]. Сонымен өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың дара кәсіпкерлер немесе кәсіпорын басшыларынан ерекшелігі - оларда жалдамалы жұмысшыларының болмауында.

Посткеңестік елдерде және Қазақстанда да экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық туралы жағымсыз пікірлер мен оларды қабылдауда кері әсерлер болған. Қазақстандық зерттеуші К.Сабилов [3] көрсеткендей, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар туралы, жұмысқа қатты мұқтаж болып жүрген, алатын табыстары төмен, заңды емес «көлеңкеде» жүріп жұмыс істейтін және мемлекет экономикасына зиян келтіретін адамдар деген сынды бұрмаланған пікірлер бар. Бұндай жағымсыз бейнедегі пікірлер қазақстандық БАҚ-та, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтардың іс-әрекетін реттеумен айналысатын қазақстандық саясаткерлердің риторикаларында да бір ауыздан қолдау тауып жүргені рас. Дегенмен көптеген шетелдік зерттеулер, еңбек сферасындағы жұмыспен қамту саясатын сауатты түрде құрса, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өнімділігін айтарлықтай жақсартып және мемлекеттің экономикалық дамуының өсуіне ықпал ете алатындығын анықтап отыр.

COVID-19 пандемиясындағы короновирустық инфекцияның таралуына байланысты елдегі жағдайдың ушығуы кезінде өкімет халыққа қашықтықтық жұмыс орындарына ауысуларына нұсқаулар берген кезде өзін-өзі жұмыспен қамтуға деген ықылас одан сайын арта түскен еді.

Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу және жұмыс істемейтін азаматтардың санын азайтудағы белсенді саясаттың бір бағыты өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытудағы болашақтық жоспарлар жоғары әлеуметтік маңызға ие. Бүгінде Қазақстанда 2 096,9 мың өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық бар, оның 85%-ы айына 100 мың теңгеден аз табыс алады, 10%-ы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыс алады, ал кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш тіпті 30%-ға дейін жетеді (Қарағанды облысында). Әдетте өзін-өзі жұмыспен қамту ауыл шаруашылығында кең таралған (33%) және сауда саласында (32%), онда еңбек өнімділігі төмен және де тиісінше табыстары да төмен. Ал еңбек өнімділігі жоғары салалардағы жалақы, елдегі орташа айлық жалақыдан бірнеше рет асып кетеді. Ауыл шаруашылығында бейресми жұмыспен қамтылғандардың саны ең көп (54,8%)

[4]. Алайда, еңбек өнімділігі деңгейі ең төмен бола отырса да олардың көлеңкелі экономикадағы үлесі көп емес (көлеңкелі экономиканың жалпы көлемінің 9%-ын алады). Дүкен ашу, тіпті оны онлайн ашу немесе жалға алынған ғимаратта шеберхана ашу, мұнай өндіру үшін лицензия алу немесе жоғарытехнологиялық өндірісте жұмыс табуға қарағанда әлдеқайда оңай. Нәтижесінде, экономикада жоғары деңгейдегі дағдыларды талап етпейтін жұмыс орындары құрылады, ал ол өз кезегінде еңбек өнімділігі мен еңбек ақыға тікелей әсер етеді. Бір жағынан өзін-өзі жұмыспен қамту, өмір сүрудің қиын жағдайында (COVID-19 пандемия кезінде де) өздерінің еңбек потенциалын жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып экономикалық дағдарыс кезінде өзіндік бір буфер болады, шағын бизнесті жандандырады

Мәселенің зерделену дәрежесі. Стандартты емес жұмыспен қамту, және оның икемді түрлерін, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтуды реттеудің механизмдерін ашатын зерттеулер шетелдік, ресейлік және отандық экономистердің басты назарында болуда. Солардың арасынан шетелдік ғалымдарды айтып өтсек: Гай Стэндинг, Green Paper, Beck U., Herrman Peter, Д.Берч, Кирчхоф, Anderson & Warren, Toivanen, Mellner & Vinberg, Тово Марио, Natalie Sappleton, Fernando Lourenço және басқалары.

Ресейлік ғалымдар: Токсанбаева М.С., Волгин Н.А., Вишневская Н.Т., В.Е.Гимпельсон, Р.И.Капелюшников, Зудина А.А., Лазарева О.В., Лукьянова А.Л., Ощепков А.Ю., Слонимчик Ф, В.Н.Бобков, О.В.Верעדюк, В.Н.Титов, Н.М.Воловская, Т.И. Заславская, А.В.Бурлак, И.Н.Дубина, Б.Ф.Агабекова, Е.А.Боркова, П.Д.Короткова, Цветкова С.Н., Бубновская Т.А., Слезингер Г.Э., Абрамова Е.А., Киреенко А.П., Климова М.О., Козачун Г.У., Легчилина Е.Ю. және басқалары.

Қазақстандық ғалымдар: Мельдаханова М.К., Татибеков Б.Л., Берешев С.Х., С.Р.Есимжанова, Ж.А.Кулекеев, С.К.Джумамбаев, Тулегенова М.С., Калиева С.А., Альжанова Ф.Г., Дадонов В.Ю., Т.А.Азатбек, Д.Т.Байтенизов, А.Е.Боранбаева, және басқалары.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеу және өзін-өзі жұмыспен қамту саласын талдау негізінде тәуекелдерді анықтау арқылы даму мүмкіндіктері мен бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың міндеттері:

1. Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының даму үрдістері мен заңдылықтарын зерттеу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамту тұжырымдамасының мазмұнын қарастырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың авторлық түсініктемесін нақтылау;

2. Экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу тетіктерінің халықаралық тәжірибесін қарастыру;

3. Қазақстан Республикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту ерекшелігі мен қазіргі жағдайын талдау арқылы оның даму динамикасын бағалау;

4. Өзін-өзі жұмыспен қамту санатындағы халықтың экономикалық және құқықтық жағдайын талдай отырып өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының жалпы ішкі өнімнің өсу қарқынына әсерін көрсететін модель тұрғызу;

5. Зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының икемді еңбек нарығын қалыптастыруда халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын дамыту бағыттары мен ынталандыру жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық алынды.

Зерттеу пәні – Қазақстанның заманауи экономикасындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қалыптасуы мен дамуы және оның ұлттық экономика дамуындағы әлеуметтік-экономикалық қатыныстарының жүйесі.

Теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертациялық жұмыста экономикалық зерттеулерде қолданылатын жалпы ғылыми әдістер: ғылыми абстракция, синтез, жіктеу, байқау, салыстыру, библиометрикалық зерттеу, статистикалық талдау, салыстырмалы талдау; құрылымдық талдау: сапалық әрі сандық әдістер, метаталдау әдістері қолданылды. Сапалық талдау сауалнама арқылы жүргізіліп, нақты мәліметтер алынып, талданылса, сандық мәліметтер факторлар арасындағы байланысты экономикалық-математикалық құралдар арқылы талдау жүргізілді. Мәліметтерді өңдеуде MS Excel бағдарламасы арқылы, сондай-ақ ЭЫДҰ, ХЕҰ статистикалық талдауының интерактивті құралдарының, Талдау - ақпараттық-талдау жүйесінің (taldau.stat.gov.kz) көмегімен талдау жүргізілді, және де қазіргі уақытта кең қолданыстағы мәліметтерді өңдеу программаларының бірі EViews бағдарлама пакеті пайдаланылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

1) Өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәнін ашу үшін авторлық түсіндірме берілді және оның еңбек нарығындағы бетбұрыстар (жұмыспен қамтудың стандартты, стандартты емес түрлерінің пайда болуы, жұмыспен қамтудың флексибилизациясы), жұмыс берушінің қажеттіліктерінің өзгеруі (жеке табыс алудағы қызығушылық, кәсіпорында штатты қысқарту, салықтық жүктемені азайту жолдарын іздеу), жұмыскердің қажеттіліктерінің өзгеруі (еңбектің икемді жағдайларына ұмтылу, жеке өмірі мен жұмысы арасында теңдікті іздеу, табыстарын бақылауда ұстауларын қалауы), экономикалық дағдарыс, санкциялар, пандемия (жұмыссыздықтың өсуі, халық табысының төмендеуі, жұмыс уақытының қысқаруы, әлеуметтік төлемдердің азаюы, электронды қызметтердің өсуі, қашықтықтан жұмыс істеудің артуы), жеке бизнесін ашуға деген құштарлық және т.б. (дербестік, экономикалық еркіндікке ұмтылу және т.б.) сынды қалыптасу факторлары анықталды;

2) Ұлттық экономиканың дамуына әсерін талдау үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды реттеу саласындағы әлемдік тәжірибедегі, соның ішінде ЭЫДҰ елдерінің (негізінен АҚШ тәжірибесі), ЕО, Ұлыбритания және дамушы шетелдік елдердегі тәжірибе талданып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды

мемлекеттік реттеу тетіктері мен тәсілдері зерттеле отырып Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциясы статистикалық талдау негізінде айқындалды;

2) Ұлттық экономика дамуындағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының рөлі айқындалып, оның Қазақстан экономикасы дамуына әсері бірнеше регрессиялық модельдер құру жолымен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу негізінде бағаланды;

3) Қазақстанның өзін-өзі жұмыспен қамту саласын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері зерттеліп толықтырылды, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы мен құрылымын талдау негізінде фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және қолданылу ерекшелігі анықталып, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың даму сценарийі жасалды;

4) Қазақстан Республикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын экономикалық және құқықтық реттеу ерекшеліктері айқындалды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты рәсімдеудің басымдықты бағыттарын, яғни жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары шегінде кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың ресми статистикасының базасының құрылуы, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың тобы анықтала отырып елдегі нәтижелі жұмыспен қамтуға ынталандыру жұмысының жолға қойылуы, елдегі «Бастау Бизнес» жобасымен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кәсіпкерлікке бейімделе бастауы, Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды өз ісін ашуға бағдарлау және шағын кәсіпкерлікті дамытуға барынша жағдай жасау бойынша ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға шығатын негізгі тұжырымдар:

- Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың әлеуметтік мәртебесін нақтылау және оның жеке кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарты екенін анықтай отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәніне берілген авторлық түсіндірмесі: «*Экономикалық категория ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту дегеніміз – еңбек нарығында жұмысбастылықтың икемді түрі бола отырып, экономикалық еркіндік пен таңдау негізінде ресми немесе бейресми сектордағы адамдардың табыс табу мақсатында қандай да бір өздеріне және қоғамдық сұраныстағы пайдалы іспен айналысатын жеке кәсіпкерлікті дамытудың анықтаушы факторы*»;

- Қазақстан экономикасындағы бейресми жұмыспен қамтылуды мемлекеттік реттеудің механизмдерін көрсете отырып өзін-өзі жұмыспен қамтудың мемлекеттік реттеу кезеңдері айқындалды және Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тетігі талданды;

- Ұлттық экономика дамуына халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының әсерін бағалау үшін елдегі ЖІӨ мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы

арасындағы байланысты модельдеу арқылы олардың өзара байланысы анықталды және негізделді;

- ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийлері жасалды және соның шегінде фриланс, дара кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту түсініктерінің сипаттамасы нақтыланды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге негіз бола алатындығы дәлелдене отырып өзін-өзі жұмыспен қамтуды шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп тану ұсынылды;

- Заманауи экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың рөлін және олардың үлесін елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдарға сауалнама жүргізу арқылы анықталып өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды ынталандыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды.

Зерттеу нәтижесінің теориялық және тәжірибелік мәні.

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың авторлық түсіндірмесі, функцияларын және факторларын анықтау, өзін-өзі жұмыспен қамту түсініктерінің сипаттамасын анықтау, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы мәселесіне арналған болашақ зерттеулердің теориялық негізін жасауға қосқан үлес.

Диссертацияда алынған нәтижелер мен қорытындылар, мемлекеттік әлеуметтік саясат және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саласындағы саясатты қабылдаудағы шешімдерде және оны талқылауда, сондай-ақ жұмыспен қамту орталықтарында да ақпараттық-аналитикалық материал ретінде де пайдаланылуы мүмкін. Жұмыста берілген теориялық және статистикалық материал, оқыту пәні еңбек нарығымен байланысты теориялық және қолданбалы пәндердің дәріс курстарын және семинар сабақтарын жасауда қолданылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер «Алматы қаласы халықты жұмыспен қамту орталығы» және АҚ "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры тәжірибелеріне енгізілген.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы және жарияланымдары.

Диссертация 2019 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және бизнес жоғары мектебіндегі Ғылыми-әдістемелік семинарда және 2022 жылы «Экономика» кафедрасында өткен ғылыми семинарларда апробацияланды. Халықаралық Scopus деректер базасына кіретін журналдағы ғылыми мақалаға авторлық күәлік алынды.

Диссертация тақырыбы бойынша 21 ғылыми мақаласы жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналда - 2, ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК бекіткен журналда - 7, Халықаралық конференция материалдарында - 9, халықаралық конференция материалының жинағы Scopus деректер базасындағы Proceeding журналда – 2, «Креативная экономика: новые шансы для развития» ұжымдық монографиясында (2020) -1 мақалалары жарияланды.

1 ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде: мәні, қалыптасу факторлары және оның ұлттық экономика дамуындағы рөлі

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы, жұмыспен қамтудың бір түрі және нысаны ретінде жүретіндіктен, өзін-өзі жұмыспен қамтуды экономикалық категория ретінде анықтауда жұмыспен қамту теориясының өзінен бастағанмыз жөн.

Жұмыспен қамту - әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қашан да өзекті және ол заманауи экономикадағы жаһандық проблемалардың бірі болып отыр. Жұмыспен қамту еңбек нарығының негізгі элементі екені белгілі, онда жұмыс беруші жұмыс орындарын, ал жұмыс күшінің иелері өздерінің еңбекке қабілеттерін ұсынады. Еңбек нарығында жұмыс күші мен жұмыс орындары бір уақытта сатып алынып, сатылған кезде жұмыспен қамту процесі жүреді. Басқаша айтқанда, жұмыс күші мен жұмыс орындарының нарығы жалдамалы еңбек арқылы халықты жұмыспен қамту түрінде біріктіріледі.

Еңбек нарығының құрылымы өте күрделі. Онда басқа нарықтарға тән емес, белгілі бір реттегіштер мен әлеуметтік күштер әрекет етеді.* Еңбек нарығының ұйымдары өте қатпарлы және көп қырлы болып келеді, өйткені олардың пайда болуы тек қана экономикалық емес және де еңбек нарығында туындайтын әрқилы әлеуметтік мәселелермен де (заңды-құқықтық, саяси, адамгершілікті-этикалық және т.с.с.) байланысты. Нарықтық экономика жағдайында жұмысшы күші тауарға айналады, тиісінше еңбек нарығында ол сатып алу-сату объектісі болады. Әрине, бұл жерде сөз, жұмысшы күшінің жұмысқа қабілеттілігі туралы айтылып отыр. Сондықтан да, жұмысшы күшін сатып алу-сатудың өзіндік ерекшелігі, тауар ретіндегі оның басқа тауарлардан айырмашылығы, еңбек нарығының өзінің күрделілігі сынды мәселелер теориялық жағынан қызығушылық тудырып қана қоймайды, сонымен қатар елдің шаруашылық тәжірибесіне де маңызды әсер етеді.

Нарықтық экономикадағы ұдайы өндірісте өндіріс факторларының дұрыс бағытта тиімді, әрі ұтымды қолданылуы экономика салаларының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді, соның ішінде еңбек факторының бүгінгі бәсекелік экономикадағы рөлі маңызды, өйткені кез келген саланың экономикалық жемісі еңбек ресурстарының сапасына тікелей байланысты. Тиісінше мемлекетте жұмыспен қамту саясатының тиімді болуы еңбек ресурстарының оптималды пайдаланылуымен анықталынбақ.

Жұмыспен қамту халықтың еңбекке кірісу мөлшерін, жұмысшы мен оның жеке мұқтаждықтарының қанағаттандырылу дәрежесін, ақы төленетін жұмыс

*Еңбек нарығындағы реттегіштер мен әлеуметтік күштер дегенде біз әртүрлі экономикалық, қаржылық және құқықтық реттегіштердің болатынын айтып отырмыз және де әлеуметтік күштер дегеніміз – еңбек нарығындағы адамдардың әлеуметтік топтары бойынша олардың мүдделерін қорғайтын әлеуметтік ұйымдар мен іс-шаралардың болуы

орындарындағы табыс табуға мүдделілігін көрсететін еңбек қызметіне қатысуы жөніндегі қатынастар жиынтығын айтамыз.


Кесте 1 - Классиктер, неоклассиктер және кейнсиандықтардың жұмысбастылық туралы көзқарастары

№	Еңбек нарығының мәселелері	Теориялық көзқарастар	
		Классикалық және неоклассикалық мектеп	Дж.М.Кейнс және оның ізбасарлары
1	Нарықтық тепе-теңдік табиғаты	тепе-теңдік	Толық емес жұмысбастылық жағдайындағы тепе-теңдік
2	Жұмыссыздық	Ерікті	Еріксіз (мәжбүрлі)
3	Экономикадағы мемлекеттің рөлі	Шектелген	Жоғары
4	Мемлекеттік араласудың мақсаттары мен негіздері	Нарықтың еркін қызмет етуін қамтамасыз ету, инфляцияға қарсы саясат	Экономикалық циклдың тұрақтануы; жұмыссыздық пен дағдарыстарды жеңу; әлеуметтік саясат.
5	Мемлекеттік араласудың басты құралдары	Тұрақты ақша-несие саясаты	Бюджеттік шығыстар, салықтар, икемді ақша-несие саясаты
6	Мемлекеттік шығыстар	Минималды	Максималды
7	Бюджеттік дефицит	Зиянды, жеке шығындарды шеттетеді	Дағдарыс жағдайындағы инструментальды реттеу қажеттілігі
8	Салықтар	Төмен, тұрақты	Жоғары, прогрессивті, салық ставкаларын қолдану, салықты экономикалық реттеуде қолдану

Ескерту - [5] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

1-ші кестеде жұмыспен қамту туралы теориялық көзқарастардың ерекшеліктері жіктеп көрсетілген. Жұмыспен қамту мәселесін классикалық экономикалық мектептен бастап, кейнсиандық және неоклассикалық экономикалық мектеп өкілдері жан-жақты қарастырған және бұл мәселе өзекті мәселе болып қала бермек.

Қазіргі әлемде еңбек нарығы қоғамдағы еңбектің рөліне байланысты әртүрлі функцияны атқарады. Қазақстандық белгілі ғалым Ж.А.Кулекеев, азаматтардың еңбекке қатысулары, олардың өндірістік қабілеттіліктері мен ұдайы өндіріс процесі, азаматтардың әл-ауқатының жағдайына қарай еңбектің қоғамдағы табыстарды жасауда және бөлудегі рөлін көрсете отырып еңбек нарығында әлеуметтік, экономикалық функцияларымен қатар ынталандырушы функциясын да бөліп көрсетеді [6]. Сонымен еңбек нарығы негізгі үш функцияны атқарады: әлеуметтік, экономикалық, ынталандырушы (1-сурет).




Сурет 1- Еңбек нарығының негізгі функциялары

Ескерту - [6] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

1-ші суреттен байқағанымыздай, әлеуметтік функция бірінші кезекте тұр, ол дегеніміз адамның әлеуметтік игілігі жасалынбай, еңбекке толық кірісе алмайтындығын білдіреді. Басқаша айтқанда адамдардың қалыпты жағдайына қажетті табыс деңгейі болмайынша олар өздерінің жұмыс күштерін еңбек нарығында толыққанды ұсынбайды.

Еңбек нарығының негізгі құрамдас элементтерінің бірі – еңбек ұсынысы және де оған барлық экономикалық белсенді халық (жұмысшы күші) жататынын білеміз. Ал экономикалық белсенді халық өз кезегінде жұмысбастылар мен жұмыссыздардан тұрады. Олай болатын болса жұмысбастылық немесе жұмыспен қамту – бұл халықтың еңбекке кірісу мөлшерін, жұмысшы мен оның жеке мұқтаждығының қанағаттану дәрежесін, ақы төленетін жұмыс орындарындағы табыс табуға мүдделілігін көрсететін еңбек қызметіне қатысуы жөніндегі қатынастар жиынтығы. Жұмыссыздықты еңбекке жарамды жастағы, ағымдағы қандай да бір жалақы мөлшерлемесі бойынша жұмыс істеуге дайын және еңбекке қабілетті жұмыссыз жүрген адамдар деп анықтадық.

Карл Маркс жұмыссыздықты капитализм өміршеңдігінің қажетті шарты деп санады. Маркс жұмыссыздарды «резервтегі индустриалдық еңбек армиясы» деп атады. Бұл резервтік армия көп уақыт жұмыссыз жүргендерден және еңбек нарығына әр уақытта түрлі себептермен кіріп-шығып жүретіндерді қамтитын адамдардың әртүрлі топтарынан тұрады [7]. Яғни капиталистік елдерде еңбек нарығындағы экономикалық белсенді халық – жұмыссыздарды еңбек армиясы деп таныған, ал посткеңестік елдерде, өзіміздің еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды – жұмыссыздар армиясы [8] деп қабылдау тенденциясы басым. Дегенмен, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың еңбек нарығында орны анықталған және де ол экономикалық белсенді халықтың құрамына кіреді (2-сурет).



Сурет 2 - Еңбек нарығының құрылымы
Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған

2-ші суреттен көріп отырғанымыздай, заманауи экономика жағдайында жалдамалы еңбек саласындағы жұмысбастылық қоғам өмірін ұдайы өндірудің шешуші факторы болуда, яғни ол жұмысшы күші нарығы мен жұмысшылар орнының нарығын біртұтастыққа біріктіруде. Қалай десек те еңбек нарығындағы болып жатқан барлық құбылыстар мен процестерді, оның барлық қатысушыларын біріктіретін бір ғана мүдде – ол экономикалық мүдде, ал ол өз кезегінде сол нарықтағы адамдардың қандай да болсын жұмыспен қамтылуына түрткі болатын негізгі мотивация деуге болады. Тиісінше ол жұмыспен қамтудың икемді формаларын қалыптастырудағы шешуші фактор екендігін мойындауымыз керек.

Халықтың әртүрлі категориясындағы жұмыспен қамтудың да демографиялық белгісі жағынан (жасы, жынысы) айырмашылықтары бар, және де соған орай жұмыспен қамтудың келесідей түрлері бар: әйелдердің, жастардың, жасөспірімдердің, зейнеткерлердің жұмыспен қамтылуы.

Жұмыс уақытын пайдалануына қарай толық және толық емес жұмыспен қамтуды ажыратады. Толық емес жұмыспен қамту өз кезегінде ерікті және мәжбүрлі (уақытша, маусымдық, күндік жұмыстар, кездейсоқ жұмыстарға тартылу) деп бөлінеді. Толық емес жұмыспен қамтылудың бүгінде кең таралған бұл екі түрі де бірқатар себептерге байланысты туындаған: балалы әйелдер, күндізгі оқу бөліміндегі жастар, зейнеткерлер сынды жұмыскерлердің жұмысқа қажеттіліктері болуынан.

Ерікті толық емес жұмыспен қамтылу, ең төменгі өмір сүру деңгейінен асатын табыс деңгейін қамтамасыз ететін жоғары жалақы кезінде өрби түседі. Бұндай жұмыспен қамтылу түрінің кең таралуы халықтың өмір сүру деңгейінің артуымен үйлесуі түсінікті жағдай. Міне осы жағдайдың өзі


халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қалыптасу факторының бірі болып табылады.

Еңбек нарығын реттеу үшін икемді жұмыспен қамтылудың әр түрлі формалары қолданылады, олар: толық емес жұмыс уақытымен байланысты режимдегі жұмыспен қамтылу; жұмыскерлердің әлеуметтік мәртебесімен (өз бетінше жұмыспен қамтылған жұмыскерлер, ақы төленбейтін отбасы мүшелері) байланысты жұмыспен қамтылу; стандартты емес жұмыс орындарындағы және еңбекті ұйымдастыруларындағы (үй жағдайындағы жұмыс, шақырту бойынша) жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуы; стандартты емес ұйымдастырылған формадағы (уақытша жұмыскерлер) жұмыспен қамтылу. Жұмыспен қамтылудың икемді формалары толық жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздық арасындағы аралық аймақты құрады [9].

Қазіргі әлемде болып жатқан жаһандық процесстер, ең алдымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басымдылықты дамуымен байланысты жүріп жатқан техникалық прогресстер экономикалық дамудың бүгінгі сатысында жаңа, дәстүрлі емес жұмыспен қамтылу түрлерінің пайда болуына объективті себептер жасауда. Жалпы алғанда, мемлекет бекіткен стандарттардан өзгешеленетін шарттар бойынша еңбек іс-әрекетіне жұмыскерлерді тарту процесі қаралатын жұмыспен қамтудың икемді формалары кең дамуда [10].

Стандартты емес жұмыспен қамтуды, соның ішінде икемді түрлерін мемлекеттік реттеу механизмдерін көрсететін зерттеулер, шетелдік, ресейлік және отандық экономистердің басты назарында болуда. Солардың ішінде Гай Стэндингті (2014) [11], Green Paper (2006) [12], Beck U.(2000) [13], Herrman Peter (2016) [14], Н.Т.Вишневскаяны, В.Е.Гимпельсонды, Р.И.Капелюшниковті, А.А.Зудинаны, О.В.Лазареваны, А.Л.Лукьянованы, А.Ю.Ощепковты, Ф.Слонимчикті (2014) [15], В.Н.Бобковты (2017) [16, 17], О.В.Вередюкті (2013) [18], В.Н.Титовты, (2008) [19], М.К.Мельдеханованы (2000) [20], Б.Л.Татибековті (2006) [21, 22], С.Х.Берешевті (2018) [23], Ж.А.Кулекеевті (2015) [6], С.К.Джумамбаевты (2017) [24], М.С.Тулегенованы (2015) [25], С.А.Калиеваны (2016) [26], және т.б. атап өтуге болады.

Осы экономист-ғалымдардың зерттеулерінде жұмысбастылықтың икемді түрлерін жіктегенде оның ерікті түрде таңдалуы және мәжбүрлі түрде болуын, стандартты емес жұмыс уақытының пайдаланылуын, және де әрбір елдің ерекшелігі ескерілуі керектігін дәлелдейді. Міне осы икемді жұмысбастылық түрлерін жіктеудегі ерекшелікте Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды бейресми сектордағы икемді жұмысбастылықтың мәжбүрлі түріне жатқызады. Сондықтан да икемді жұмысбастылықтың осы аспектілері негізінде Қазақстандағы оның ерекшелігін ескере отырып оған жіктеме жасалды (3-сурет).



Сурет 3 - Жұмыспен қамтудың икемді формаларының жіктемесі
Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, қоғамда ерікті түрде өз бетінше жұмыс істейтіндер негізінен фрилансерлер болып келеді, ал өзін-өзі жұмыспен қамтушылар жұмыспен қамтылудың икемді формасына жата отырып мәжбүрлі түрдегі жұмысбастылықты көрсетеді. Яғни өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың барлығы фрилансерлер емес екендігін көруге болады.

Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды сипаттау үшін кеңінен қолданылатын терминдердің бірі "фрилансер" [freelancer – ағылшын тілінен алғанда – ерікті суретші]. Соңғы уақытқа дейін ол әдетте мәдениет пен өнер саласының "еркін мамандықтары" өкілдерімен: ең алдымен журналистермен, сондай-ақ сәулетшілермен, фотографтармен және т.б. байланысты. Заманауи экономикадағы цифрлы технологияларды дамыту бүгінгі күні IT мамандарына кіретін мамандықтар тізімін байыта түседі, бүгінгі күні бұл ұғым ғылыми әдебиетте әлдеқайда сирек (мысалы, "өзін-өзі жұмыспен қамтығандар") қолданылатынын және негізінен танымал сипаттағы мәтіндерде ғана таралғанын мойындаған абзал. Өзін-өзі жұмыспен қамтушыларда көп жағдайда жұмыс берушілері болмайды және жұмысты өздері ұйымдастырды. Бұл үй жағдайында қандай да бір тауарды немесе қызметті жасайтын және оны әдеттегі тұтынушыларға сататын төмен білімді адамдар болуы мүмкін. Ал фрилансерлер өздерін жалдайтын жұмыс берушілерден тұрақты түрде жалақы алады [27].

«Фрилансерлер» және «өзін-өзі жұмыспен қамтушылар» синонимдер емес, әйтсе де кейбір зерттеушілер олардың арасында айырмашылық шамалы ғана [28] деп есептейді. Халықаралық еңбек ұйымының анықтамасына сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар өз бизнесінде, фермада немесе кәсіби іс-

әрекетпен айналысатын тұлғалар. Кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру негізі, өзінің мәні жағынан фриланс болып табылады, өйткені ол кәсіби қызметтерді көрсету бойынша қысқа мерзімді контрактілерді (жобаларды) орындауды білдіреді [29]. Эксперттердің бағалауы бойынша, кәсіби іс-әрекетпен айналысатын өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға олардың жалпы санының үштен бірі келеді [30]. Фриланс (өзін-өзі жұмыспен қамтушы) ретіндегі жұмыстағы маңызды ерекшелік - табысының бір бөлігін жасырып қалу мүмкіндігінің болуында [31].

Сонымен, жоғарыдағы келтірілген мәліметтер бізге *барлық өзін-өзі жұмыспен қамтушылар фрилансерлер, дегенмен барлық фрилансерлер өзін-өзі жұмыспен қамтушылар емес* деген тұжырым жасауға негіз береді.

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде жұмысбастылықтың икемді түрлерін дамыту, әрине, объективті және қисынды сипатта бола алады және бірқатар артықшылықтарға ие екендігі сөзсіз. Осылайша, еркін таңдалған жұмыспен қамту жағдайында жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы, екінші жағынан, жұмыс берушілер үшін өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын төмендету арқылы өндіріс тиімділігін арттыру тұрғысынан айтарлықтай артады. Сонымен бірге жұмыспен қамтудың мәжбүрлі нысандарына негізделген икемді жұмыспен қамту еңбек нарығының жұмыс істеуі мен тұрақтануына елеулі қатер төндіреді. Осы негізде еңбек заңнамасы негізінде икемді жұмыспен қамтудың барлық түрлерін заңдастырудың объективті қажеттілігі және осы құбылыстың көлемін анықтау және осы бағытта мемлекеттік саясатты әзірлеу мақсатында мәжбүрлі жұмысшылардың (соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың) нарығына жан-жақты зерттеу жүргізу қажеттілігі бар.

Соңғы жылдары, ұйымдар мен жұмыскерлерді қысқа мерзімді еңбек келісім-шарттарына тарту сипаты тән еңбектік қатынастардың тұтас жүйесі қалыптасты, яғни – *гиг-экономика* [32]. Стандартты жұмыспен қамтуды фриланспен ұштастыра алу мүмкіндігі соңғы жылдарда тенденция болып кеткен. Ресейлік зерттеуші Светлана Сухова бойынша: «*Гиг-экономика* — салыстырмалы ғана жаңа құбылыс. Шынайы тұрғыда оған 20 жыл болған, ол тарихи масштаб жағынан көп уақыт емес. *Гиг-экономика*, адамдар ғаламторды тек ақпаратпен алмасу үшін ғана емес, оны алу және өңдеу үшін де белсенді қолдана бастаған кезде пайда болды» [33]. Көріп отырғанымыздай, цифрлық экономика дамуы аясында гиг-экономика пайда болды. Бұл, компаниялар штатқа қызметкерлерді жалдауды емес, тәуелсіз мердігерлер мен фрилансерлерді көп жағдайда толық емес жұмыс күніне, тартуды жөн көретін жүйе. *Гиг-экономикадағы* негізгі қорқыныш, жұмысшылардың жұмыспен қамтудың осы түрін таңдай отырып, еңбек құқығында бекітілген көптеген артықшылықтар мен кепілдіктерден айырылатындығына байланысты: ауырған кезде берілетін еңбекке уақытша жарамсыз парағынан, сақтандырудан, декреттік демалыстан, артық жұмыс істегендегі ақы төлеуден, ең төменгі жалақыдан және т.б. Аз ақшаға үзіліссіз көп сағат жұмыс істеу

мәжбүрлігі, қиын жұмыс жағдайлары мен үлкен айыппұлдар, жұмыстағы еңбек шарттарына шағымдану сияқты жағдайларға өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлығы дерлік (фрилансерлер де) тап болуда, соның ішінде такси жүргізушілері де - олар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жарқын мысалы. Бұл Қазақстан Республикасында жұмыспен қамтудың икемді нысандарын дамытудың соңғы тенденцияларының бірі болып табылады.

Пандемия, жұмыспен қамтылған халықтың барлық санаттарының кәсіби қызметіне түзетулер енгізді. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтері бойынша жұмыс уақыты орта есеппен 14%-ға қысқарды. Нәтижесінде 480 миллионға жуық жұмысшы (40 сағаттық жұмыс аптасын ескере отырып) жұмыс орындарынан айырылды. Бұл жұмыссыз халық санының артуына ғана емес, бүкіл әлем экономикасы жұмысының тұрақсыздығына әкелді. Пандемия әлемдік проблемаға айналғандықтан, зерттеудің бұл бағытына қызығушылық әртүрлі салаларды зерттеушілердің көпшілігінде пайда болды. Мысалы, Мелин П., Моника Дж., Санчез Д. & Кастило О. (2020) [34] коронавирустық инфекцияның бүкіл әлемге таралуына талдау жүргізді және осы кезеңдегі дамудың ұқсас аспектілері бойынша елдерді топтастырды.

С.Дубб (2020) [35] өз зерттеуінде бірде-бір ұйым пандемия кезінде туындайтын динамикалық және күрделі мәселелерді сәтті шеше алмайтынын анықтады. Пандемиядан туындаған дағдарыстан шығудың дамыған моделі мемлекеттік бақылауды, бизнесті және жеке үй шаруашылықтарын қамтуы керек, бұл барлық елдер үшін синергетикалық кірістермен үйлесімді және сәйкестендірілген жауапты қамтамасыз етеді. Осылайша, оның алдыңғы зерттеулерінің негізінде пандемиядан кейінгі кезеңде жаңа жұмыс режиміне қайта үйренісу үшін әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің барлық компоненттерін қайта қарау қажеттілігі туралы тәсіл айтылды.

Жаңа технологияларды қолдануға ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін, және де сол жағдайда жұмыс тәжірибелерін қалай басқаруға болатындығы жайлы зерттеулерді Й.Двиведи, Д.Хугхес, Ц.Цоомбс, И.Цонстантиоу, Й.Дуан, Й.Едвардс, Р.Раман (2020) [36] сынды ғалымдар жүргізген. Олар пандемиядан ұйымдар мен қоғамға әсер ететін көптеген маңызды мәселелер мен негізгі қиындықтарды ұжымдық түсінуді (12 шақырылған сарапшылардың пікірлері негізінде) ұсынды. А.Крамер, К.Крамер (2020) [37] адамдар мен ұйымдардың жұмыс тенденциялары мен кәсіптері туралы түсініктерін өзгертетін және үш салада микро және макро ауысуларға әкелетін әлеуметтік-экономикалық шокты бағалады: әртүрлі кәсіптердің мәртебесі мен сұранысының өзгеруі, қашықтықтан жұмыс істеуге кәсіби көзқарастар және еңбек нарығының сегментациясының өзгеруі.

Пандемия осылайша жұмыспен қамтылған халықтың жұмыс істеуінің жаңа траекториясын, проблемалары мен даму перспективаларын анықтады. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жұмыс берушіде ресми ресімделмеген жұмыс істейтін халықтың жекелеген санатына өзін-өзі жұмыспен қамтығандар

(фрилансерлер), жеке кәсіпкерлер, өз қызметін өз бетінше ұйымдастыратын адамдар және т.б. жатады және бұл топ қызметкер ретінде бейресми жұмысшылар атауын алды.

А.Е.Боранбаева (2016) [38] Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар институтына зерттеу жүргізді, олардың негізгі сипаттамаларын, олардың аражігін ажырату критерийлерін анықтады. Еңбек нарығындағы жаңа тенденцияларды зерттеу саласындағы осындай зерттеулерді басқа да бірқатар ғалымдар жасады. О.В.Забелина, А.В.Майорова, Е.А.Матвеева, А.С.Сафонов (2018) [39] негізінен экономиканың бейресми секторында жұмыспен қамтудың жаңа нысандарының дамуын талдады. Ю.Б.Кострова, О.Ю.Шибаршина (2018) [40] Ресейдегі, Ұлыбританиядағы, АҚШ-тағы және Канададағы өзін-өзі жұмыспен қамту тенденцияларын талдау негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытуға және бақылауға бағытталған көп қырлы мемлекеттік саясатты жүргізу қажеттілігі туралы қорытынды жасаған. В.В.Аранжин (2019) [41] жұмыспен қамту саласындағы шетелдік және отандық тенденцияларға талдау жүргізді, ұқсас және әртүрлі тенденциялар айқындалды, бейресми жұмыспен қамту деңгейі зерттелді. Н.М.Эль-Сибай, Е.В.Ганебных (2019) [42] өз зерттеулерін, өте депрессиялы аймақта кішкентай балалары бар әйелдердің жұмыспен қамтылуына шоғырлайды. Әйелдердің декреттік демалыста кәсіпкерлікпен айналысуына негізгі ынта тудыратыны, еуропалық елдердегідей өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс емес, қаржылық қажеттілік екені анықталды.

Халықаралық еңбек ұйымының бағалауы бойынша, табыстың альтернативті көзінің жоқтығынан табысты жоғалту, орташадан жоғары табысы бар елдерде 21 пайыздық пунктқа бейресми жұмысшылардың және олардың отбасының салыстырмалы түрдегі кедейшілігіне әкеледі, және де жоғары деңгейдегі табысы бар елдерде 52 пайыздық пунктке кедейшілік деңгейі артады, ал табысы төменгі деңгейлі және орташа деңгейден төменгі елдерде 56 пайыздық пунктке кедейшілік деңгейін өсіреді.

Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму тенденциясына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілген. Мысалы, О.Ю.Патласов, Т.А.Азатбек, Д.Т.Байтенизов (2018) [43] Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамту және өзін-өзі жұмыспен қамтуға толық статистикалық талдау жүргізілген, фрилансты өзін-өзі жұмыспен қамтудың негізгі нысаны ретінде бөліп көрсеткен. Д.Т.Байтенизов (2018) [44] өзін-өзі жұмыспен қамтуы қалыптасуының факторларын талдаған және оны дамыту үшін потенциалды анықтаған. Ал С.Е.Амангельдинова, О.В.Протасова, Л.А.Горковенко (2020) [45] кәсіпкерлік, пандемия кезінде жұмыссыздықты төмендетуге ықпал ететінін анықтаған.

1987 г. Д.Дж. Сторей және С.Джонсон "ЭЫДҰ елдеріндегі шағын кәсіпорындар және өзін-өзі жұмыспен қамту" атты еңбектерінде [46] 1960-шы жылдары экономистер арасында басымдылыққа ие болған пікірді, яғни үлкен фирмалар экономиканың негізгі қозғаушы күші болады дегенді атап өткен.

Осы мәселе бойынша басылымдардағы басты назар, кәсіпорын деңгейінде масштаб эффектісінің бар-жоғын тексеруге және өнеркәсіптік шоғырлану деңгейін арттырудың зияны туралы мәселені қарауға аударылды. Егер микрокәсіпорындар қарастырылса, онда тек негізгі материалға қосымша ретінде жүрген. Мукучян Р.Р. зерттеулерінде [47] 1970 жылдары құрылған жаңа жұмыс орындарының көпшілігі іс жүзінде шағын фирмаларға тиесілі екенін 1979 жылы Дэвид Берчтің зерттеуі анықтағанын айтады. Бұл зерттеу көптеген даулардың бастамашылдығына әкелді. Бірақ "штатты қысқарту" үлкен корпоративтік өмір фактісіне айналды және бұл құбылыс корпоративтік жұмыспен қамту қауіпсіздігіне қатысты көзқарастарды өзгертті. Нәтижесінде Д.Берчтің жұмысы өзін-өзі жұмыспен қамтудың оң имиджін қалыптастыру бойынша алғашқылардың бірі болған.

«Өзін-өзі жұмыспен қамту» терминін қолдану бүгінгі күнде әлемде өте кең таралған. Дегенмен ғылыми әдебиеттерде оның тұрақты және бірегей анықтамасы жоқ. Өйткені өзін-өзі жұмыспен қамту - бұл әртүрлі іс-әрекет түрлерінің кең спектрін қамтуы мүмкін еңбек нарығындағы мәртебенің бір түрі. Индивидуумдар өзін-өзі жұмыспен қамтуды әртүрлі себептермен таңдай алады, нәтижесінде жұмысшы топ ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту өте біртекті емес болуы мүмкін. Бір жағынан, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар бір жұмысшысы бар кәсіпкерлік микрокәсіпорындар ретінде анықталуы мүмкін. Зерттеулердің едәуір бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтуды кәсіпкер ретінде зерттеуге арналған, ол кезде өзін-өзі жұмыспен қамтуды бақыланатын категория ретінде пайдаланады, ол жетілмеген болса да, экономикада кәсіпкерлік таланттардың қорын ашады.

Екінші жағынан, өзін-өзі жұмыспен қамту қазіргі еңбек нарығының жағдайында қолайлы ақылы жұмыс таба алмайтын адамдар ләжсіз таңдайтын әлдеқайда басқа жағдайды білдіруі мүмкін. Мысалы, икемді кесте бойынша жұмыс істегісі келетін адамдар жеткілікті икемділікті ұсынатын ақылы еңбек шарты болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтуды таңдай алады. Кейбір адамдар үшін өзін-өзі жұмыспен қамту, жұмыссыздықтан арылудың жалғыз баламасы ретіндегі қол жетімділік ретінде таңдалуы мүмкін. Шынында да, көптеген дамушы елдерде өзін-өзі жұмыспен қамту бейресми сектордағы жұмыспен қамтудың бір түрі ретінде қарастырылуы мүмкін (мысалы Қазақстандағы сияқты).

Өзін-өзі жұмыспен қамту түсінігі өте көп қырлы болып келеді. В.М.Жеребин, А.Н.Романов: "Өзін-өзі жұмыспен қамту - бұл дәстүрлі үй жұмыстарынан тыс, заттай немесе ақшалай табыс әкелетін және жалдамалы жұмыс күшін үнемі пайдаланбай жүзеге асырылатын үй шаруашылығы мүшелерінің жеке (жалдамалы емес) өндірістік-экономикалық іс-әрекеті" [48]. Алайда, мұндай анықтамаларды шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікке беруге де болады, өкінішке орай, өзін-өзі жұмыспен қамту мен жеке кәсіпкерлік арасындағы айырмашылық толық қарастырылмағандығын айту керек.

Жоғарыда айтылғандай, тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан еңбек нарығындағы даму тенденцияларының бірі, жұмыспен қамту саласындағы зерттеулердің фокусын өзгерткен - халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы құбылысының пайда болуы. Әлемде прекариатты немесе тұрақсыз жұмыспен қамтылудың пайда болуымен және таралуымен, өзін-өзі жұмыспен қамту көптеген шетелдік және отандық зерттеушілерді соның көріну нысанының бірі ретінде қызықтыра бастады. Әр түрлі елдерде өзін-өзі жұмыспен қамту құбылысының өзі әртүрлі жолдармен көрінеді, дамиды және ол елдің экономикалық және әлеуметтік даму жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты. Егер мемлекеттің экономикалық саласы ел экономикасының даму бағыттарын өзгертетін дағдарыстар мен жаһандануға қарамастан әрдайым белсенді дамып отырса, экономиканың әлеуметтік саласына қатысты жағдай күрделірек. Қоғамның тиімді және тұрақты дамуы үшін «үздіксіздік» және ұлттық экономиканың осы екі маңызды саласының бір мезгілде дамуы маңызды, өйткені әлеуметтік емес экономикалық прогресс бүкіл қоғамның дамуын «тежейді». Сондықтан, бүгінгі таңда елдің тұрақты даму деңгейі экономикалық өсудің жоғары қарқынына қол жеткізудегі елдің күш-жігерінің жиынтығымен ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, еңбек нарығында жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың сапасы және деңгейімен анықталады.


Өзін-өзі жұмыспен қамту, көп жағдайда адамнан, экономикалық іс-әрекетте жаңа идеялар мен әдістерді қалыптастыруға, шаруашылық белсенділік пен бастамашылыққа, ұтымды іс-әрекетке, шығармашылық қабілеттерді жүзеге асыруға, өзін-өзі көрсетуге ұмтылуға, және т.б. ықпал ететін ерекше сипаттамалық қасиеттерін көрсетуді талап етеді. Ондай қасиеттерге шығармашылық әлеуетті, жаңашылдықты, белсенділікті, бастамашылықты, дербестікті, тәуекелге бел буа білуді, жауапкершілікті жатқызуға болады. Ал нарық экономикасында мұндай қасиеттер өте маңызды және экономикалық іс-әрекеті еркін адамдар осы қасиеттерін жүзеге асыруға тырысады, өйткені кез келген бәсекелік нарықта олар жемісті табыстың кілті болмақ.

Еліміздің нарыққа өткен кезеңіндегі орын алған жағымсыз көріністер, яғни жаппай жұмыссыздық, өндіріс орындарының жабылуы, және т.с.с. адамдардың өмір сүруге басқа табыс көзін іздеуіне итермеледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың да пайда болуы экономикада табыстың төмен болуымен, жұмыссыздықпен, адамның экономикалық еркіндігімен, өзінің дара қасиеттерін жүзеге асырумен және т.б. байланысты болып келеді. Міне осындай жағдайлардың барлығы нарықтық экономика елдерінде өзін-өзі жұмыспен қамту феноменінің ерекшеліктерін айқындады деуге болады.

Көптеген зерттеулерде өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму жиілігі демографиялық топтарға (гендерлік аспект) байланысты өзгереді және бірқатар әлеуметтік-экономикалық айнымалыларға (жынысы, жасы, нәсілі, отбасылық жағдайы, өз ісін ашуға деген қызығушылығы, білімі, және т.б.)

байланысты болады, және тиісінше ол ары қарай кәсіпкерлікке ұласу ықтималдылығын туғызады [49].


Өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесіне арналған ғылыми мақалалар өте көп, дегенмен бұл мәселені зерттеуде ғылымдағы соңғы тенденцияны анықтау үшін Biblioshare for biblioshine бағдарламасының көмегімен «өзін-өзі жұмыспен қамту» бойынша тірек сөздерді пайдаланып 2015-2022 жылдарға Scopus – рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің библиографиялық және реферативтік мәліметтер базасындағы жаңа әдебиеттерге жасалған шолу нәтижесінде, зерттеу тақырыбына қатысты 353 мақала анықталды. Бұлардың ішіндегі осы тақырып бойынша көп кездескен мақалалар Small business economics, Work employment and society және World development журналдарында кездеседі (4-сурет).



Сурет 4 - Өзін-өзі жұмыспен қамту тақырыбына қатысты мақалалар ең жиі жарияланатын журналдар

Ескерту – Biblioshare for biblioshine бағдарламасымен автор құрастырған


Суреттен көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесіне арналған ғылыми мақалалар көбінде «Шағын бизнес экономикасы», «Жұмыспен қамту және қоғамдағы жұмыстар», «Әлемдік даму» сынды журналдарда жиі шығарылады екен. Өзін-өзі жұмыспен қамту тақырыбына қатысты мақалалар ең жиі жарияланатын осы журналдардың ішінде H-impact factor бойынша ең жоғарғы көрсеткішке ие болған журналдарды да көрсетіп кеткенді жөн көрдік және де оны келесі суреттен айқын көре аламыз (5-сурет).



Сурет 5 - H-impact factor көрсеткіші бойынша журналдар рейтингі
Ескерту – Biblioshare for biblioshine бағдарламасымен автор құрастырған

5-ші суреттегі мәліметтер бойынша, өзін-өзі жұмыспен қамту тақырыбына қатысты мақалалар ең жиі жарияланатын осы журналдардың ішінде H-impact factor бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Small Business economics журналында -16, World Development журналында - 8 болып келеді.

Графикалық тұрғыда осы журналдардағы өзін-өзі жұмыспен қамту тақырыбына қатысты мақалалардың үлесінің өсу деңгейін көрсетейік (6-сурет).




Сурет 6 - Өзін-өзі жұмыспен қамту тақырыбына қатысты мақалалар ең жиі жарияланатын журналдардың өсу деңгейі
Ескерту – Biblioshare for biblioshine бағдарламасымен автор құрастырған

Өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесі кез келген нарық экономикасы бар елдерге тән болып келеді, сондықтан да оның әрбір мемлекеттегі зерттеушілермен зерттелінуі оның авторларының өзара ынтымақтастығын (коллаборация) құруға мүмкіндік те береді.

Яғни өзін-өзі жұмыспен қамту бойынша түрлі зерттеу тақырыптарында әлемнің түкпір-түкпіріндегі ғалымдар бірлесе мақала шығаруы бұл мәселелерді әлемдік деңгейде зерттеуге мүмкіндік туғызады. Келесі суретте

авторлар ынтымақтастығының (бірлескен авторлықтың) әлемдік картасы берілген (7-сурет).

Country Collaboration Map



Сурет 7 – Әлем елдерінің авторлық ынтымақтастығы
Ескерту – Biblioshare for biblioshine бағдарламасымен автор құрастырған

Суреттен байқап отырғанымыздай, осы тақырыпта ең көп жазатын да, ең көп ынтымақтастық (бірлескен авторлық) құратын да АҚШ және Еуропа ғалымдары екен. Сонымен қатар, АҚШ пен Қытай ғалымдарының арасындағы ортақ серіктестік бар екені көрсетілген.

Шетелдік, ал соңғы кезде ресейлік және отандық ғалымдардың өзін-өзі жұмыспен қамту (self-employment) категориясын кеңінен қолданып жүргеніне қарамастан, оған әркімнің өз түсінігі бар. Оған қоса бұл түсінікті тар және кең мағынада да түсіндіру тәжірибелері байқалып жүр.

Сондықтан осы тарауда өзін-өзі жұмыспен қамту түсінігінің шетелдік және ресейлік әдебиеттердегі, отандық экономикалық ой-пікірлердегі әртүрлі анықтамаларын талдап, жалпы қорытамыз (2 кесте).

Кесте 2 - Өзін-өзі жұмыспен қамту түсінігіндегі теориялық анықтамалар

р/с	Авторлар	Негізгі тұжырымдары
1	Кирчхоф [50]	Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар – олар ең алдымен шағын бизнестің иегерлері
2	Anderson & Warren [51]	"Нағыз өзін-өзі жұмыспен қамтушылар " – бұл кәсіпкерліктегі «Мен» дегенмен ассоциацияланатын атрибуттары бар адамдар
3	Toivanen, Mellner & Vinberg [69]	Өзін-өзі жұмыспен қамтуға арналған қазіргі эмпирикалық зерттеулерде іскерлік белсенділік пен кәсіпкерлік, өз есебіне және өзінің қорқынышы мен тәуекеліне жұмыс істейтін адамдардың жұмыстан шығып қалуына синоним ретінде қолданылады
4	Н.М.Воловская [53]	Өзін-өзі жұмыспен қамтудың қоғамда пайда болуы және шығуы, еңбек процесіндегі адамның айрықша рөлімен, оның әлеуметтік және еңбек әлеуетінің ерекшеліктерімен байланысты
5	В.М. Маневич, А.И. Тучков [54]	Өзін-өзі жұмыспен қамту - тауарлы нарыққа шығу мүмкіндігіне ие болған отбасылық экономика

2-ші кестенің жалғасы


6	Т.И. Заславская [55]	Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар - өзінің жеке өндіріс құралдары (негізінен мамандар мен білікті жұмысшылар) арқылы жеке дара еңбек іс-әрекеті негізінде шағын кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар
7	Жеребин В.М., Ермакова Н.А. [56]	Өзін-өзі жұмыспен қамту – бұл жеке дара немесе аздаған жұмысшы ұжымымен орындалатын, өнім алатын немесе қызмет көрсетілетін әртүрлі еңбектік іс-әрекетпен байланысты жұмысбастылық
8	А.Е.Боранбаева [38, 6 бет]	Өзін-өзі жұмыспен қамту – бұл экономикалық дербестіктің күәсі болатын және азаматтық қоғамның пайда болуының міндетті шартына сәйкес келетін, еңбек әлеуетінің есебінен материалдық тұрғыда өзін қамтамасыз ететін, жеке меншікке негізделген тұлғалық экономикалық белсенділіктің өзіндік бір формасы. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жұмыспен қамту бойынша мемлекеттің жүктемесін жеңілдетеді.
9	А.В.Бурлак [57]	бойынша «Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарда» жұмыс беруші және басқарушы, капитал иесі деген қасиеттері бар. Олардың басқа әлеуметтік топтардан айырмашылығы – капиталды және өзінің жеке еңбегін басқара алу функциясының болуы, оларды ұсақ меншік иелерінің класында шекаралық қабат ретінде анықталады
10	Т.А.Азатбек, Д.Т.Байтенизов, И.Н.Дубина [58]	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – өзінің іс-әрекетін өз алдына дербес құратын және ұйымдастыратын адамдар
11	Б.Ф.Агабекова, Е.А.Боркова, П.Д.Короткова [59]	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар деп өз бетінше табыс табатын, бірақ өздерінің іс-әрекеттерін өз бетінше жүзеге асыратын, жұмысшыларды тартпай және өзге жеке тұлғаға жеке, үй және басқа да мұқтаждықтарындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қызметтер көрсететін, әйтсе де өздерінде жеке кәсіпкерлер мәртебесі жоқ азаматтар
Ескерту – кесте зерттеу негізінде автормен құрастырылған		

Кестеден, жұмыспен қамту мәселесі өзінің табиғаты және сипатына байланысты әлеуметтік мәселе болып табылады, сондықтан да өзін-өзі жұмыспен қамту түсінігін әлеуметтанушылар мен экономистер кеңінен қарастырғанын байқауға болады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтуды анықтаудағы ғылыми көзқарастардағы айырмашылықтарды айқындау үшін шетелдік (Й.А.Шумпетер, Марио Тово, ЭЫДҰ және Еуропалық одақ, Natalie Sappleton, Fernando Lourenço), ресейлік (М.С.Токсанбаева, Н.А.Волгин, С.Н.Цветкова, Н.М.Воловская, Т.А.Бубновская, Г.Э.Слезингер, Е.А.Абрамова, А.П.Киреенко, М.О.Климова, Г.У.Козачун, Е.Ю.Легчилина) және қазақстандық (М.К.Мельдеханова, С.К.Джумамбаев, В.Ю.Дадонов, С.Х.Берешев, Ж.А.Кулекеев) ғалымдардың өзін-өзі жұмыспен қамтуға берген түсініктері мен анықтамалары ерекшеліктері бойынша жіктелесі зерттеу жұмысының қосымшасында толық берілген (Қосымша А). Ол кестедегі мәліметтер бойынша өзін-өзі жұмыспен қамту жұмыспен қамтудың икемді түрі бола отырып дәстүрлі кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарты, шағын бизнестің қатысушылары ретінде танылады.

Еңбек нарығындағы жұмыспен қамту, өзін-өзі жұмыспен қамтудың негізгі теориялық зерттеулерін талдау, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қалыптасуы мен даму тенденцияларын түсінудің негізгі ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттелген материалдарға сүйене

отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтуды құқықтық анықтау және реттеу, аймақтық формаларды, принциптер мен функцияларды анықтау ұғымдары жеткіліксіз зерттелген деген қорытынды жасауға болады. Бұл еңбек нарығындағы икемді жұмыспен қамту түрінің бірі - өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекет ынталандыруға және дамытуға бет бұрса, елде жасырын жұмыссыздықтың төмендеуіне, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына және халықтың табысының артуына әкеледі деген болжауға болады. Осы болжам Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасу факторларын анықтауға негіз болды және оларды келесідей бөліп көрсетуге болады (сурет -8).



Сурет 8 – Өзін-өзі жұмыспен қамту факторлары
Ескерту – зерттеу нәтижесінде автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасу факторларына ең алдымен елдегі экономикалық дағдарыс және сонымен байланысты жаппай жұмыссыздық, отандық еңбек нарығындағы бетбұрыстық өзгерістер және ондағы жұмыспен қамтудың икемді түрлерінің пайда болуы, және де жұмыспен қамту нарығында жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің де мотивтерінің өзгеруі, елде шағын бизнестің дамуы және т.б. жатқызуға болады.

Сонымен, осы параграфтағы және қосымшада берілген анықтамалар негізінде өзін-өзі жұмыспен қамту - кәсіпкерлікке ұқсас және де соның алғы шарты, жұмысбастылықтың бір нысаны, табыс көзі мен жұмыс орнын өздері табушылар, жалдамалы еңбекті пайдаланбайтындар, салық салу үшін кәсіпкер ретінде танылатындар және кәсіпкерлікпен тығыз байланысты болып келетін, өз кәсіпорындары бар, белгілі бір түрлерге бөлінетін, көлеңкелі экономикаға жақын әлеуметтік-экономикалық құбылыс екенін анықтадық. Осы қарастырылған анықтамаларды қорыта келіп, біз өзін-өзі жұмыспен қамтуды экономикалық категория ретінде айқындай отырып оған авторлық анықтама беруді жөн көрдік. *Экономикалық категория ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту дегеніміз* – еңбек нарығында жұмыспен қамтудың икемді түрі бола

отырып, экономикалық еркіндік пен таңдау негізінде ресми немесе бейресми сектордағы адамдардың табыс табу мақсатында қандай да бір өздеріне пайдалы және қоғамдық сұраныстағы пайдалы іспен айналысатын, жеке кәсіпкерлікті дамытудың анықтаушы факторы. Яғни өзін-өзі жұмыспен қамту экономикалық категория ретінде жұмыс орнын жасау қатынастары, өзінің ісін ұйымдастыру кіреді, яғни ол деген инициативті жаңашылдық іс-әрекет деген сөз, өйткені өзін-өзі жұмыспен қамтуға шағын кәсіпкерліктің белгілері тән, олай болатын болса өзін-өзі жұмыспен қамтуды шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп қарастыруға негіз бар.

Қорыта келгенде, экономикада бейресми сектордың мүлде болмауы неғайбыл нәрсе және де адамдардың психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты еңбек нарығындағы іс-әрекеттері бірегей бола бермейді, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайындағы объективті және субъективті туындайтын жағдайлар да олардың еңбекке қатынастарының әркелкі болуына ықпал етеді. Сондықтан да өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың отандық нарықта жеке кәсіпкерлікті дамытуда анықтаушы фактор болуына ықпал ететін жағдайлар бар және де ол осы категориядағы халықты мемлекеттік реттеу жағынан белгілі бір тетіктермен айқындалатыны зерттеу жұмысының алдағы тарауларында қарастырылатын болады.

1.2 Экономикадағы халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту жағдайын бағалаудағы әдістемелік тәсілдер

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың мәнін ашу деген, оның қасиетін, анықтылығын сипаттайтын белгілерін, жұмыспен қамту қатынастарының тұтас жүйесіндегі элементтерінің бірі ретіндегі ерекшелігін танып-білуді білдіреді. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық категория ретінде мәнін ашуда біз 1.1-ші параграфта бірқатар методологиялық алғы шарттар жасадық.

Сонымен, «өзін-өзі жұмыспен қамтушы халық» категориясына отандық, ресейлік және шетелдік экономикалық әдебиеттерде (әлеуметтанушылардың зерттеулерінде де), бағдарламалық құжаттарда және басқа да мемлекеттік құжаттарда көптеген анықтамалар бар екенін көрдік. ХЕҰ анықтамасына сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар деген келісім-шарт түріне, немесе олар басқа адамды жалдай ма, жалдамай ма оған байланыссыз өзінің экономикалық іс-әрекетімен айналысатын адамдар болып табылады [60]. ЭЫДҰ мәліметтері бойынша (2017) өзін-өзі жұмыспен қамту, жұмыс берушілердің, жұмыскерлердің, өздеріне жұмыс істейтіндердің, өндірістік кооператив және жұмыскерлердің ақы төленбейтін отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтылуы деп танылады [61]. Өзін-өзі жұмыспен қамту категориясына анағұрлым толық шолу және талдау Skrzek-Lubasinska, M., Szaban, J. M. (2018) зерттеулерінде жасалынған [62].

Өзін-өзі жұмыспен қамту кәсіпкерліктің қарапайым түрі ретінде 1970-1980 жж. үлкен ғылыми қызығушылық тудырған, ол кезде өзін-өзі жұмыспен қамтушылар саны айтарлықтай ұлғайған еді [63], сол сияқты өзін-өзі жұмыспен қамту факторларының өзін-өзі жұмыспен қамту процесіне (басталуы және ұзақтылығы) деген әсері зерттеулерде қашан да өзекті. Зерттеулер көрсеткендей, дамушы елдерде, өнеркәсіптік дамыған елдердегі сияқты, ғалымдар негізінен өзін-өзі жұмыспен қамтудың басталуына әсер ететін факторларды талдайды, яғни еңбек нарығында тәуелсіз әрекет етуге жеке шешім қабылдауды анықтайтын факторлардың талдауы Earle, Sakova 2000 [64]; Andersson, Hammarstedt 2010 [65]; Blanchflower 2008 [66]; Leoni, Falk 2010 [67]; Krasniqi 2009 [68]; Golpe, Stel 2007 [69]; Glocker, Steiner 2007 [70]; Kim 2007 [71]; Oganisjana, Koke 2012 [72]; Snieska, Venckuviene 2011 [73]; Álvarez-Herranz және басқалары 2011 [74]; Smaliukiene et al. 2012 [75]; Moreno et al. 2010 [76]; Vázquez-Burgete et al. 2012 [77] зерттеулерінде берілген.

Өзін-өзі жұмыспен қамту факторларын белгілі бір топтарға бөлуге болады: демографиялық факторлар [78]; мәдени факторлар және экономикалық орта факторлары [79]; институционалдық орта факторлары [80]; әлеуметтік-психологиялық факторлар [81]. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың институционалдық орта факторларына оларға (өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға) жәрдем беру үшін нақты бағдарламалардың болуы жатады [82]. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың географиялық және технологиялық факторларын талдаған кейбір авторлар [83, 84, 85, 86], бұл факторлардың өзін-өзі жұмыспен қамту процесіне қандай да бір екібағыттылық әсер етуін байқаған жоқ. Көптеген зерттеулерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды инновациялармен байланыстырады және оны кәсіпкерлік түрі ретінде анықтайды, мысалы XX-шы ғасырдың аяғында шетелдік ғалымдар [87, 88, 89] адамдардың өзін-өзі жұмыспен қамтуды жалдамалы еңбектің орнына қалайтындықтарының себептерін зерттеген еді. Осының қатарында айтар болсақ, көптеген зерттеуші-ғалымдар өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды кәсіпкерлік белсенділіктің маңызды көрсеткіштерінің біріне жатқызады [90].

Біздің пікірімізше, кәсіпкерлік (бизнес) пайда болуының басында өзін-өзі жұмыспен қамту жатыр, өйткені оның болмысы бастамашылдықпен, дербестікпен, тәуекелділікпен және т.с.с. әрекеттерге негізделеді және осы сипаттағы әрекетке сәйкес келетін адамның ерікті тандап алған жұмыспен қамтылу түрі – өзін-өзі жұмыспен қамтудағы еңбекке қатысуы оған дәлел бола алады. Бизнесіне өзінің идеясын жүзеге асыруға бел буған адам өзін-өзі жұмыспен қамтуды саналы түрде таңдайды, яғни өзінің бастамашылдығы, шығармашылығы, алдыға қойған міндеттерді шешудегі әдістерді еркін таңдаудағы қадамдары басылмайтын әрекетті өзі таңдайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер – барлық тәуелсіз экономикалық бірліктердің ең аз қамтылғаны болып келеді. Кейбір өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамдар өздерінде жұмыс күші бар кәсіпорындарға иелік етсе, басқа көпшілігі меншік иесі-оператордан басқа ешкімі жоқ бизнесті

басқарады. Шын мәнінде, әлемнің көптеген елдерінде жеке кәсіпкерлер жұмыс күшінің ең үлкен «когорталарының» бірін құрайды.

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың кең таралғанына қарамастан оның ғылыми категория ретінде әлі күнге дейін бір конвенциялық (нақтыланған) анықтамасы жоқ. Оның жалдамалы еңбекке қарама-қайшылығы келіспеушілік тудырмаса да, өзін-өзі жұмыспен қамтуда экономикалық іс-әрекеттің әртүрлі формалары түсініледі. Оның түсінігін беруде ғылыми тұжырымдардың шекаралары нақты зерттеу мақсаттарына байланысты кеңейеді немесе тарылады, бұл әртүрлі әдістеме бойынша есептелген өзін-өзі жұмыспен қамтудың статистикалық көрсеткіштерін түсіндіруді ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік-экономикалық мәнін түсінуді қиындатады. Ең өкініштісі - натуралды сипаттағы үй еңбегінің әртүрлі түрлерін өзін-өзі жұмыспен қамтуға жатқызу: үй учаскелеріндегі тауарлы емес ауылшаруашылық өндірісі, өз үйлерін салу және жөндеу, өзі тұтынуы үшін басқа да тауарларды өндіру (мата, киім, аяқ киім, жиһаз, басқа да тұрмыстық заттар, азық-түлік және т.б.) [91]. Бұл жағдайда еңбек нәтижелері үй шаруашылығында тұтынылады және нарықтық айналымға қатыспайды. Нарықтық және нарықтық емес қызмет түрлерінің, экономикалық белсенді және экономикалық белсенді емес халықтың мұндай араласуын орынды деп санауға болмайды. Сонымен қатар, бұл тәсілдің артында өзін-өзі жұмыспен қамтуды, өзін-өзі қамтамасыз етуге және күн көруге бағытталған экономикалық іс-әрекеттің дәстүрлі және тіпті архаикалық түрлері ретінде көрсету жатыр, ол бүгінгі ақпараттық дәуірге қиыспайды.

Алайда кәсіпкерлікті зерттеуде өзін-өзі жұмыспен қамту оның бір түрі ретінде қарастырылады [92]. Халықаралық статистикада, керісінше, кәсіпкерлер өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарына кіреді және оларды барлық жалдамалы емес жұмыскерлер деп түсінеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды анықтаудағы мұндай қалдықтық (маңызсыздық) принципі бұл категорияның әлеуметтік-экономикалық мазмұнының бұлыңғырлануына әкелетіні сөзсіз, ал жеке еңбек іс-әрекетін жүзеге асыратын адамдар мен бір фирма шегінде жалдамалы еңбекті ұйымдастыратын кәсіпкерлерді бір топқа біріктірумен келісу қиын-ақ. Өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымын нарықтық сипаты бар жеке еңбек іс-әрекеті сферасымен шектеген жөн (3 кесте).

Кесте 3 – Жұмыспен қамтудың негізгі түрлері

	Кәсіпкер	Жалдамалы жұмыскер	Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар	Үй шаруашылығындағы жұмыспен қамтылғандар
Шаруашылық жүргізу нысаны	Нарықтық	Нарықтық	Нарықтық	Натуралды
Ұйымдастырушылық нысандары	Ұйым құрады	Ұйымда жұмысбасты	Дербес жұмысбасты	Дербес жұмысбасты

3-ші кестенің жалғасы

Өндіріс құралдарын иемдену	Иемденеді	Иемденбейді	Иемденеді	Иемденеді
Тауарлар мен қызметтер өндірісінің тәсілі	Жалдамалы еңбек көмегімен	Жеке еңбек	Жеке еңбек	Жеке еңбек
Өкімдік қатынастар	Персоналды басқарады	Басқару объектісі	Өзіндік менеджмент	Өзіндік менеджмент
Табыс	бекітілмеген (пайда/зиян)	Жалақы түрінде бекітілген	Бекітілмеген (пайда/зиян)	Ақшалай табыс жоқ
Ескерту – әдебиет көзі [93]				

Кестедегі мәлімет бойынша айтар болсақ, дербес жұмыскердің тұлғасы жұмыспен қамту құрылымында екі жақты позицияда тұр деп айтуға болады. Бір жағынан, кәсіпкерлер сияқты, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өз тауарлары мен қызметтерін нарықта сатады, бірақ тұрақты табысы жоқ, және де өз ісінің қаржылық жетістігіне тәуелді болып келеді. Оларда өздерінің автономиялылық дәрежесі едәуір жоғары, өз еңбектерін дербес ұйымдастырады және көптеген мәселелер бойынша шешім қабылдай алады. Екінші жағынан - оларды еңбекшілер санатына жатқызуға болады, өйткені олар барлық жұмыстарды жалдамалы еңбекке жүгінбей-ақ жеке өздері орындайды.

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесіне деген қызығушылығымыз, еңбек нарығындағы оның бейресмилікпен тығыз байланысты екендігімен анықталады.

Бейресми экономика - бұл заңды экономикадан ең алдымен, осы шаруашылық іс-әрекет сферасындағы жұмысбасты субъектілерде заңды тұлға деген мәртебесі болмауымен, өздерінің табыстарын немесе оның бір бөлігін салық салудан жасыруы, еңбек заңнамасының нормаларын орындаумен байланысты талаптарды орындамауларымен, өнімдерін сертификацияламауларымен және өз іс-әрекеттерін лицензияламауларымен, әрдайым бухгалтерлік есепті жүргізу бойынша талаптарды орындамауларымен және мемлекеттік бақылау органдарына статистикалық есептілікті бермейтіндіктерімен ажыратылатын жалпы қоғамның экономикалық жүйесінің бір бөлігі.

Ф.Маттера [94] өзінің зерттеуінде «заңсыз экономиканың» 5 секторын ажыратады және солардың ішінен алар болсақ:

- Әлеуметтік экономика – нарықтық емес негізде еңбек және өнімдермен айырбас жасау;

- Өзін-өзі қамтамасыз ету экономикасы – жеке өздері тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндірісі. Міне бұлар кез келген ел экономикасында болатын бейресми экономика феноменін білдіреді.

Алайда, бейресми секторда қолданыстағы заңдармен тыйым салынбаған, бірақ тиісті сертификаттау мен лицензиялауы жоқ тауарлар өндіріледі және

қызметтер көрсетіледі. Өз кезегінде бейресми секторда шаруашылық іс-әрекетті жүргізу мақсаты бойынша екі негізгі сегментті ажыратуға болады. Бір сегмент субъектілердің нарықтық операцияларды жүзеге асыруымен байланысты және табыс табу мақсатын көздейді. Екіншісі – субъектілер нарықтық транзакциялар жағдайында табыс табу мақсатында емес, отбасы ішінде тұтыну немесе қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін өнімдер мен қызметтерді өндіретін сала.

Бейресми экономика секторында, нарықтық транзакциялармен және шаруашылық іс-әрекетті жүзеге асырудан табыс табумен байланысты жұмыспен қамтудың үш негізгі түрін ажыратуға болады:

1. Квазиформалды жалдау – жалдамалы жұмыскерлердің, жұмыс берушінің және жалдамалы жұмысшының құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы нақты анықталмаған, жалдамалы жұмысшыға заңды мәртебе бермейтін жалдау шартын жасасқан кезде.

2. Ауызша келісім-шарт негізіндегі толық бейресми жалдану.

3. Өзін-өзі жұмыспен қамту (Халықаралық еңбек ұйымының 1982-жылғы жіктемесі бойынша оған кіретіндер: кәсіпкерлер (жұмыс істейтін меншік иелері); өндірістік кооператив мүшелері; өздері жалданып жұмыс істейтін тұлғалар; және ақы төленбейтін отбасы мүшелері) [19, 23 стр.].

Жалпы «бейресми экономика» терминін алғаш рет 1973 жылы британдық әлеуметтанушы және антрополог К.Харт қолданған еді: «дамушы елдердегі қалалық лашықтар тұрғындарына тән тұрпайы және әртүрлі өзін-өзі жұмыспен қамту», - делінген [95]. Көріп отырғанымыздай, сол кезеңдерде бейресми жұмыспен қамтылуды өзін-өзі жұмыспен қамтылу деп түсіндірген.

Кесте 4 – Стандартты емес жұмыспен қамтудың негізгі түрлері

Р/с	Түрлері	Сипаттамасы
1	Тұрақсыз (уақытша) жұмыспен қамтылу (temporary or fixed+term employment)	белгілі бір мерзімге немесе белгілі бір жұмыс көлемін орындауға арналған еңбек келісім-шарттары бар, сондай-ақ маусымдық, кездейсоқ немесе бір реттік жұмысы бар жұмысшылар тұрақсыз жұмыспен қамтылғандар болып есептеледі
2	Толық емес жұмыспен қамтылу (part+time employment)	оны анықтаудың екі негізгі тәсілі тұрғысынан қарастырады – сандық және сапалық. Бірінші жағдайда, толық емес жұмыспен қамтылғандарға әдеттегі жұмыс уақыты белгілі бір "қалыпты" мөлшерден аз жұмысшылар жатады (әдетте аптасына заңды 40 жұмыс сағаты орнына 35 немесе 30 жұмыс сағаты болады), екіншісінде толық емес жұмыс уақыты бойынша еңбек келісім-шарттағы жұмысшылар немесе жұмыспен қамтудың икемді түрі
3	Жұмыспен қамтылмау (underemployment)	жұмыс орнында уақытша болмау немесе жұмыс берушілердің бастамасы бойынша демалыс, қысқартылған жұмыс кестесіне мәжбүрлі ауысу, клиенттердің немесе тапсырыстардың болмауы және т.б. сияқты себептерге байланысты әдеттегі уақыттан аз жұмыс істейтін жұмыскерлер құрайды

4-ші кестенің жалғасы

4	Артық жұмысбастылық (overtime employment)	жұмыс уақытының ұзақтығы белгілі бір шекті мәннен асатын (әдетте аптасына 40 жұмыс сағатынан асатын) жұмыста жұмыс істейтін жұмыскерлер құрайды
5	Өзін-өзі жұмыспен қамту (self+employment)	тар мағынасында жұмыс берушілерден, өндірістік кооператив мүшелерінен және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардан тұрады (own+account workers)
6	Бейресми жұмыспен қамтылу (informal employment)	Оған жататындар: а) жеке (корпорацияланбаған) кәсіпкерлік; б) жеке тұлғаларға жалданған жұмысбастылық; в) ауызша келісім-шарт негізінде ресми секторда жұмыспен қамтылғандар
7	Халықтың үй шаруашылығындағы жұмыспен қамтылуы (household employment)	нарықта сату үшін немесе өзі тұтынуы үшін үй жағдайында тауарлар немесе қызметтер өндіретін тұлғалар.
Ескерту - [96] әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған		

Уақыт өте келе ғалымдар бейресми экономика мәселесін тереңірек зерттей бастады және әр түрлі елдердің еңбек нарықтарында жұмыспен қамту саласы мен жұмыспен қамтудың алуан түрлілігі дамыған сайын, бейресми жұмыспен қамту, стандартты емес жұмыспен қамту түрінде орын ала бастады. Жоғарыда айтылғандар халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының қалыптасуын анықтауға мүмкіндік береді (9-сурет).



Сурет 9 – Өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы
Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Ресейлік ғалымдар да бейресми жұмыспен қамтуға келесі категорияларды жатқызады:

а) жұмыста ресми ресімделмеген компаниялардың/ұйымдардың жалдамалы жұмыскерлері, яғни еңбек кітапшасынсыз, контрактсіз немесе келісім-шартсыз жұмыс істейтіндер;

б) ресми тіркелуінің болуы немесе болмауына байланыссыз кәсіпорындар мен ұйымдардан тыс жерде кәсіпкерлікпен немесе жеке еңбек іс-әрекетімен айналысатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, олардың ресми тіркелуінің;

в) өзін-өзі жұмыспен қамтушыларда немесе жеке тұлғаларда жұмыспен қамтылғандар [15, 350 бет].

Жалпы алғанда, ресми және бейресми секторларды толығымен автономды және әрбірі өзінше жабық деп санауға болмайды, өйткені олардың арасында жұмыс күшінің, ақшаның, тауарлар мен қызметтердің үздіксіз айналымы бар. Заманауи экономикада ресми және бейресми іс-әрекеттер бір-бірін толықтырады және қайтара толықтырып отырады, субституциялықтан гөрі комплементарлық қатынастарда болады [97].

Сонымен, «бейресми жұмысбастылық» түсінігі, «экономиканың бейресми секторындағы жұмысбастылық» терминімен салыстырғанда ауқымы кең, өйткені бейресми сектордағы жұмысбастылыққа экономиканың ресми секторындағы бейресми жұмысбастылар кірмейді, сондай-ақ оған үй шаруашылығының ішінде тұтыну үшін өнімдер өндіретін және қызметтер көрсететін субъектілер кірмейді. Ғалымдардың бейресми секторға қатысты ойпікірлерін қорыта отырып, және де қоғамдағы бейресми секторды байқау нәтижесі, сонымен қатар өзіміздің бейресми сектордағы ұсынылатын тауарлар мен қызметтерді тұтыну мысалдарымыз, осы сектордың ресми сектордан айырмашылығын көрсетуімізге негіз болды (5 кесте).

Кесте 5 - Бейресми сектор мен ресми сектордағы жұмыспен қамту айырмашылығы

Анықтау критерийі	Бейресми сектордағы жұмысбастылық	Ресми сектордағы жұмысбастылық
Табыс көзі	Өз-өздерін табыспен қамтамасыз етеді	Табысты мемлекеттен алады
Жұмыс істеу мақсаты	Отбасы игілігін қамтамасыз ету	Отбасы игілігін қамтамасыз ету
Табыс сипаты	Табыстың тұрақсыздығы	Тұрақты табыс
Жұмыстағы өсу мүмкіндігі	Мансаптық өсудің жоқтығы	Мансаптық өсу мүмкіндігі
Тәуекел деңгейі	Кедейлік тәуекелі	Тәуекелдің жоқтығы
Игіліктерге қол жеткізу	Өртүрлі жеңілдіктер мен игіліктердің жоқтығы	Жұмыс орнындағы әртүрлі жеңілдіктер мен игіліктердің болуы
Жұмыс орны	Жұмыс орнының тұрақсыздығы	Тұрақты жұмыс орны
Әлеуметтік қорғалуы	Әлеуметтік қорғау механизмінің жоқтығы	Еңбекті әлеуметтік қорғау (еңбек құқығын қорғау, жұмыс режимі, еңбек демалыстары, жәрдемақылық төлемдер және т.с.с.)
Жұмысбастылық сипаты	Жұмысбастылықтың тұрақсыздығы (жұмысын жоғалтқан кезде, соған ұқсас жұмысты тез табуға тырысады)	Салыстырмалы түрде жұмысбастылықтың тұрақтылығы (жұмыстан шығып қалған кезде ақшалай өтемақы алу және қандай да бір уақыт ішінде ресми түрде жұмыссыз болып танылу)
Еңбек сипаты	Салыстырмалы түрде тиімсіз еңбекті қолдану	Тиімді еңбек
Біліктілік	Жұмысшыларда біліктіліктің жоғалуы	Біліктілікті арттыру
Еңбек өнімділігі	Еңбек өнімділігінің төмендігі	Жоғары еңбек өнімділігі

5-ші кестенің жалғасы

Экономикалық өсуге ықпалы	Елде экономикалық өсу төмен	Елде экономикалық өсу жоғары
ЖІӨ-ге ықпалы	Елде ЖІӨ үлес салмағы төмендеуі	Елде ЖІӨ үлес салмағының өсуі
Жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге ықпалы	Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері төмен	Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері жоғары
Салық төлеу	Ел бюджетіне салықтық салымдардың жоқтығы	Бюджетке салықтық салымдардың тұрақтылығы және оның өсуі
Зейнетақылық салым жасау	Зейнетақылық салымдардың еркіндігі	Міндетті зейнетақылық салымдар жасау
Мемлекеттік реттеу	Экономиканы мемлекеттік реттеудің бақылаусыздығы	Экономиканы мемлекеттік реттеудің бақылануы
Заңдылық деңгейі	Экономикадағы заңсыздықтар	Экономикадағы заңды іс-әрекеттер
Ескерту – кесте зерттеу негізінде автормен құрастырылған		

Сонымен, бейресми экономика, ресми экономикадан, реттелінген, қорғалған және тұрақты жұмысбастылықтың және заңды әрекет етуші кәсіпорынның жиегінен тыс жүргізілетіндігімен ажыратылады. Кең түсіндірмесінде бейресми экономика, ішкі және бейресми кәсіпорындардан тыс бейресми жұмысбастылықтан (ресми келісім-шарт жасамай, әлеуметтік қорғалуы жоқ және жұмысшыларға заңмен қарастырылған төлемдерсіз) тұрады: бейресми кәсіпорындардағы (тіркелінбеген шағын немесе корпоративті емес кәсіпорындар) бейресми жұмысбастылық, оған қоса жалдамалы жұмысшылар және олардың жұмысберушілері, операцияларды өз бетінше жүргізетіндер, сондай-ақ, бейресми кәсіпорындарда жұмыс істейтін жанұялардың ақы төленбейтін мүшелері. Бейресми кәсіпорындардағы емес (ресми корпоративті кәсіпорындар, тіркелген жұмысбастылығы жоқ үй шаруашылықтары) бейресми жұмысбастылық, оған қоса үй жұмысшылары, кездейсоқ жұмысбастылар, бір күндік жұмысшылар, уақытша жұмысбастылар мен толық емес жұмыс күніндегі жұмысбастылар, сондай-ақ үйдегі өнеркәсіптік жұмысшылар, тіркелінбеген жұмысшылар. Сайып келгенде, бейресми экономикаға барлық ақы төленетін жұмыстар кіреді – өзін-өзі жұмыспен қамту да, ресми түрде мойындалмайтын, реттелінбейтін, елдегі бар заңдармен қорғалынбайтын жалдамалы жұмыстар да.

Алайда, өзін-өзі жұмыспен қамтуды анықтауға, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін қалай өлшеуге қатысты бір ортақ келісім жоқ. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар әдетте өз есебінен жұмыс істейтін, көбінде өз бизнесіне иелік ететін және оны бақылайтын адамдар болып есептеледі, және, әдетте, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға ауыл шаруашылығында жеке еңбек іс-әрекетімен айналысатын адамдар кірмейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың кім екендігі туралы консенсус болмағандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың санын есептеудің келісілген әдісі де жоқ. Мысалы, АҚШ-та тіркелген ірі өзін-өзі жұмыспен қамтыған компаниялар

есепке алынбайды, өйткені олар жалдамалы жұмысшылар (өз бизнесінің) ретінде қарастырылады, ал Еуропаның көптеген елдерінде олар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде қарастырылады. Кейде бұл санатқа толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін өзін-өзі жұмыспен қамтушылар кіреді, ал басқа елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға толық емес жұмыс күнінде жұмыс істейтіндер жатады [98].

Өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесін зерттеуде барлық зерттеушілер оның белгілі бір елдердің Ұлттық экономикасына әсерін анықтау және өлшеу үшін белгілі бір әдістерді қолданбай жасай алмайды

Ф.Шнайдер бойынша [99] көлеңкелі экономиканы өлшеу әдістерінің белгілі бір жіктелімі болады. Атап айтқанда ол, әдістердің үш тобын ажыратады:

1. Тікелей көзқарастар;

2. Жанама әдістер: Ұлттық шоттар мен статистикалық табыстар арасындағы алшақтық; Жұмыс күшінің ресми және шынайы көрсеткіштері арасындағы алшақтық; Трансакциондық көзқарастар; Қолма қол ақшаға сұраныс әдісі; Физикалық кірістерді бағалау әдісі (электрэнергиясын тұтыну);

3. Модельдеу әдісі.

Бейресми экономика масштабын бағалаудың бұл әдістерін көбінде шартты түрде үш топқа бөледі: *тікелей, жанама және аралас*.

Бейресми экономиканың ауқымын бағалаудың *тікелей* әдісі халықтың сауалнамалары (сауалнама, пікір-терім) арқылы немесе экономикалық субъектілердің кірістері мен шығыстарын салыстыру негізінде бағалауды білдіреді [100].

Жанама әдістер эконометрикалық модельдерді құруға бағытталған; олардың ішінде ең кең тарағандары – ақшалай әдіс және МІМС-модельдеу. Ақшалай әдіс нақты ЖІӨ мен бақыланбайтын экономиканың қажеттіліктерінен туындайтын қолма-қол ақшаға деген сұранысты салыстыруды білдіреді. МІМС-модельдеу бақыланбайтын экономиканың дамуына ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік беретін көптеген сызықтық теңдеулерді құруға бағытталған [101]. Бейресми экономиканың ауқымын бағалаудың *жанама әдістері*, зерттеулерде белгілі бір көрсеткіштерді анықтауға байланысты тікелей және жанама әдістерді қолдануды қамтиды. Жалпы алғанда, зерттеушілер қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамту мәселелерін келесі кестеге сәйкес жіктеуге болады (6 кесте).

Кесте 6 – Өзін-өзі жұмыспен қамтуды өлшеу әдістерінің жіктелуі

Авторлар	Әдістер атауы	Сипаттамалары
White (1970), Le'vesque and MacCrimmon (1997) [102]	Марков модельдері және динамикалық бағдарламалау	адамның жалданусыз, өз бетінше жұмыс істеуі туралы шешімін зерттеу үшін

6-шы кестенің жалғасы

Д. Иринг және К.С. Мо [103].	кросс-деректерді талдау	1960-1990 жылдар аралығында индустриалды дамыған және дамушы елдер бойынша кросс-деректерді талдап, өсудің ұзақ мерзімді регрессияларын, бір жұмысшыға шаққандағы нақты ЖІӨ-ні және бейресми жұмыспен қамтуды зерттеді және бейресми жұмыспен қамтудың нақты ЖІӨ-не кері әсерін анықтады
Baumol (1990) [104]	Марков модельдері және динамикалық бағдарламалау	адамдар экономикадағы сыйақы құрылымымен мотивацияланған деп болжады
Eisenhauer (1995) [105]	Экономикалық модельдеу	кәсіпкер болу жөнінде шешім қабылдау, жұмыспен қамтуға қарама-қарсы, өзін-өзі жұмыспен қамтудағы табыс пен еңбек жағдайынан туындайтын күтілетін пайдалылыққа негізделеді
Douglas and Shepherd (2000) [106]	Пайданы максимизациялау моделі	адамдар, "табыс – тәуекел – еңбек шығындары – тәуелсіздік" үйлесімділігі жұмыспен қамтудың жақсы нұсқасындағы комбинацияға қараған кезде көбірек пайдалылық беретін өзін-өзі жұмыспен қамтуды таңдайтынын анықтады
Gi Seung Kim (2007) [107].	Өзін-өзі жұмыспен қамтуды таңдаудағы гендерлік айырмашылықтар	әр түрлі әлеуметтік-экономикалық топтардағы адамның өмірлік циклі кезінде өзін-өзі жұмыспен қамтудың жиілігін бағалайды, жасына және біліміне байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтумен айналысу ықтималдығы артады, ал ерлер мен тұрмыстағы әйелдер үшін ол халықтың басқа тобымен салыстырғанда жоғары екенін көрсетті
E. Johansson (2005) [108]	Табыстар бойынша бағалау	өзін-өзі жұмыспен қамтығандар табысы 16-40%-ға төмендеуі бағаланды, нәтижесінде Финляндиядағы қоғамдық жоғалтулар ЖІӨ-нің шамамен 1,3-3,2%-ын құраған
Merike Kukk, Karsten Staehr (2014) [109]	Табыстар бойынша бағалау	Іскерлік табыстардың үлесі мәлімделген жұмыспен қамтуға қарағанда табыстарды төмендетудің жақсы көрсеткіші екені расталды
Ana Cinta G. Cabral Formerly, Norman Gemmill Victoria (2018) [110]	Табыстар бойынша талдау	Жаңа Зеландиядағы зерттеу, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар табыстарының орта есеппен 20%-ын төмендететінін дәлелдеді
С.Элгина [111], [112]	Эмпирикалық талдау	Бейресми экономиканы төмен экономикалық өсумен байланыстырады, оны шамадан тыс мемлекеттік реттеу, бейресмиліктің жоғары деңгейіне, демек, экономикалық өсудің төмендеуіне әкеледі деген идеяға негізделген
О.Озтунали [113]	Эмпирикалық талдау	Бейресми экономика, экономикалық өсуге ықпал етуі мүмкін
Л.П.Фельд және Ф.Шнайдер [114]	Бейресми экономиканы бағалау	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары елдерінде бейресми экономиканың экономикалық өсуге кері әсер ететіндігі анықталды
Т.Мапп және В.Мур [115]	Өңірлер экономикасының талдауы	Олар көлеңкелі экономиканың маңызды әлеуметтік маңыздылығын негіздеді - бұл дағдарыс кезінде халықтың табысын тұрақтандырады Бейресми экономика экономикалық өсуге оң әсер етеді
О.Киселькина және авторлар құрамы [116]	Регрессиялық талдау	2005-2012 жылдар аралығында ЖІӨ мен бейресми сектордағы еңбек нарығы арасындағы оң корреляцияны анықтады
Г.Заман және З.Гощин [117]	Эмпирикалық талдау	1999-2012 жылдар аралығында Румыниядағы бейресми экономика мен экономикалық өсу арасындағы байланысты тексерген
Р.Ла Порта және А.Шлейфер [118]	экономикалық әсерін бағалау өсуге	Бейресми фирмалар, жұмыс барысында өз дағдылары мен білімдерін дамытатын адамдар үшін өмір сүру құралы ретінде жұмыс істейді, бұл сайып келгенде ресми қызметке көшуге әкеледі
Х. Никопур, П.Дуарте [119]	Байқау	Испаниядағы ресми және бейресми экономикалар тәуелсіз болып келеді

6-шы кестенің жалғасы

Ш.Еррабати [120]	Іріктеу	2002-2015 жылдар кезеңінде 83 дамушы елдің үлгісі бойынша талдау жүргізе отырып, өзін-өзі жұмыспен қамту мен экономиканың өсуі арасындағы сызықтық емес U-тәрізді тәуелділіктің болуын негіздеді
В.М. Гонсалес-Санчес және авторлар құрамы [121]	Деректерді эмпирикалық талдау	2009-2019 жылдар аралығында Еуропаның 31 елі өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық өсуге оң әсерін дәлелдеді
С.Этрин және Т.Мицкевич [122]	Тәуелділікті анықтаудың эмпирикалық талдауы	Бейресми экономика жағдайында кәсіпкерлер, бейресми экономика айтарлықтай әсер етпейінше (ЖІӨ-нің 25-30% дейін) бизнеспен белсенді айналысады
Д.Виллис [123]	Эмпирикалық талдау	Егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның табысы оның жалдамалы жұмысшы ретіндегі жалақысынан көп болса, олар экономикалық дамуға ықпал етеді
Н.В.Лоайза [124]	Эмпирикалық талдау	Бейресми сектордың мөлшері елдің жалпы дамуымен азаяды, реттеу ауыртпалығымен артады және құқық қолдану күшейген сайын азаяды
Gražina Startienė, Rita Remeikienė [125]	өзін-өзі жұмыспен қамту факторларының өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамға әсерін бағалау	Өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына әсер ететін факторлар талданған: - жоғары білімнің болуы іскерлік тәуекелдерді жеңуге көмектеседі; - отбасылық өмір стандарттарын жақсартуға ұмтылу; - көбінде қабылдаушы елде иммигранттардың өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту тәжірибесі жетіспейді
		бірақ өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытудағы кедергілерді, жергілікті тілді, жергілікті мәдениетті, әдет-ғұрыпты және т.б. үйрену арқылы жеңуге болады. - Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі тұтынудың төмендеуіне байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтудың тұрақтылығын төмендетуі мүмкін. Алайда, ақылы жұмыс табудағы шектеулі мүмкіндіктер, күнкөріс үшін ақша табудың тамаша баламасы бола алады.
Ескерту – кесте зерттеу негізінде автормен құрастырылған		

Кестедегі деректер талдауы, экономикалық өсу, экономикалық дамуға кедергі келтіретін және ынталандыратын факторларды анықтау, ең жиі зерттелетін мәселелер екендігін көрсетіп отыр. Ғалымдардың көпшілігі экономикалық дамуға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін эндогендік факторлардың, соның ішінде көлеңкелі өзін-өзі жұмыспен қамтудың болуы туралы көзқарасты жақтайды, оны кестедегі келтірілген әдістерден көруге болады. Бейресми экономиканың экономикалық өсуге әсері әрдайым айқын бола бермейді немесе әсер ету сипаты экономикалық институттардың даму деңгейіне байланысты болады. Кестеден көріп отырғанымыздай, кейбір авторлар бейресми экономика дамыған және дамушы елдерде айтарлықтай ерекшеленеді деп санайды. Бейресми экономика мен экономикалық өсу арасындағы қатынастардағы түсініксіздік, ресми сектордан тәуелсіз жұмыс істейтін бақыланбайтын экономиканы бағалау үшін қолданылатын әдістердің айырмашылығына байланысты деген қорытындыға келді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық өсуге әсеріне қатысты авторлардың ұстанымдарында айырмашылық аз. Зерттеушілердің көпшілігі өзін-өзі жұмыспен қамтудың елдің экономикалық дамуына оң әсерін атап өтеді, дегенмен нәтижелерінде бірқатар ескеретін жағдайлар бар.

Эмпирикалық талдау нәтижелері бойынша, бейресми экономиканың болуы мен кәсіпкерлік іс-әрекетті бастау, яғни өзін-өзі жұмыспен қамту арасындағы байланысты анықтады, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамту фактісінің маңызды мәндерін анықтады және бұл - өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың табысы деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, эмпирикалық талдауды қолдана отырып бейресми экономиканың, әсіресе сыбайлас жемқорлығы басым елдерде оң әсер етуі мүмкін екенін анықтады және бұл жағдайда бейресми экономиканы қалыптастыру жұмыссыздық, тұтыну және инвестициялар мәселесін шешудің мүмкіндігі деген қорытындыға келеді. Бейресми өзін-өзі жұмыспен қамтуды және бейресми еңбек нарығын зерттей келе, бейресми сектордың мөлшері елдің жалпы дамуымен азаяды, реттеу ауыртпалығымен артады және кұқық қолданудың күшеюімен, яғни бейресми жұмыспен қамтуды заңдастырумен азаяды деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, бейресми экономикадағы іс-әрекет экономикалық өсуге әсер ете алмайтындығын атап өтті, өйткені бұл секторда өндіріс, өнімсіз ресурстарды пайдалану және сыртқы қаржыландыруға және мемлекеттік қызметтерге қол жетімділіктің болмауы себебінен тиімсіз.

Зерттеудің барлық әдістерінен көріп отырғанымыздай, бейресми экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық өсуге әсері бағаланады, олардың айтарлықтай айырмашылықтары бар және өзара келісімдері жоқ. Айырмашылықтар әсер ету сипатында да, әсердің маңыздылығында да байқалады.

Бүгінгі таңда ғалымдар өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды еңбек нарығындағы кез-келген басқа категория сияқты бағалауды ұсынады, саясаткерлердің назарын аударады және оны мемлекеттік реттеудің арнайы механизмдерін құруды ұсынады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, көбінесе "көлеңкеде" және экономиканың бейресми секторында жұмыс істейді және көптеген сарапшылар мен зерттеушілердің пікірінше, олар әлеуметтік жағынан қорғалмаған, өйткені олар ресми сектор жұмыскерлеріне қарағанда әлсіз. Сонымен қатар, олардың қоғам экономикасына үлесі шамалы ғана, бірақ іс жүзінде олар экономика көрсеткіштерін арттырудың потенциалды резерві болып табылады.

Жекелеген зерттеушілер өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың ресми экономикаға жеткіліксіз деңгейде тартылуына назар аударуда. Әртүрлі елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды бағалау әдістерін қолдану бойынша зерттеулер келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- оң және кері әсер - өзін-өзі жұмыспен қамту факторларының әр тобындағы өзін-өзі жұмыспен қамту ұзақтығының факторлары өзін-өзі жұмыспен қамтуды реттеудің мақсатты шараларын таңдауға назар аударуға мүмкіндік береді;

- сараптамалық бағалау әдісі және статистикалық әдістер, өзін-өзі жұмыспен қамту факторларының өзін-өзі жұмыспен қамту ұзақтығына әсерін белгілейді;

- институционалдық орта факторларының тобында бизнесті ынталандырудың қаржылық және қаржылық емес шаралары өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына оң әсер етеді;

- институционалдық орта факторларының тобында бизнесті ынталандырудың қаржылық және қаржылық емес шаралары, өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына қатаң реттелетін еңбек нарығы кері әсер етеді;

- экономикалық орта факторларының тобында өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына ЖІӨ-нің төмендеуі оң әсер етеді, ал салық тарифтері (жоғары табыс салығы) және жұмыссыздық деңгейі (экономикалық құлдырау кезеңінде) өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына кері әсер;

- психологиялық факторлар тобында өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, невротизм және ашықтық оң әсер етеді;

- демографиялық факторлар тобында өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұзақтығына білім, алдыңғы тәжірибесі, жастар және отбасылық жағдай оң әсер етеді, ал тез өзгертін бизнес жағдайларына иммигранттар, аз қамтылған ұлт өкілдері және басқа нәсілдегі адамдар кері әсер етеді.

Осылайша, метаталдаудық шолу бейресми сектор мен халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту мәселелері бойынша бір жағынан өзін-өзі жұмыспен қамту елдегі кәсіпкерліктің дамуын ынталандыратынын және экономикадағы және қоғам дамуының басқа салаларындағы көптеген оң өзгерістердің катализаторы болуы мүмкін екенін көрсетті. Екінші жағынан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар көлеңкеде" жұмыс істей отырып, " экономиканың бейресми секторының өсуіне ықпал етеді, бұл салықтардың түспеуі, ЖІӨ-нің толық өндірілмеуі және т.б. түрінде экономиканың жалпы дамуына кері әсерлері бар екендігі де анықталды. Дегенмен экономикада өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың нәтижелі топтарының ЖІӨ-ге белгілі оң әсері бар екендігін де зерттеу жұмысының аналитикалық бөлімінде қарастыратын боламыз.

1.3 Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу тетіктерінің халықаралық тәжірибесі

Алдыңғы параграфта біз ғалым-зерттеушілердің осы мәселеге көзқарасын зерттей отырып, экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәні мен негізгі өлшемдерін анықтадық. Зерттеу жұмысындағы теориялық талдауымыздың нәтижесінде жұмыспен қамту мемлекеттік реттеудің мәні болып табылатындығын анықтадық, ал өзін-өзі жұмыспен қамту іс жүзінде тікелей реттелмейді. Мұнда басқару объектісі ретінде оның ерекшеліктерін сипаттайтын басқару мен қолдаудың жанама шаралары ғана болуы мүмкін. Бұл ерекшелікті ашу үшін өзін-өзі реттеу саласындағы әлемде бар әртүрлі мемлекеттік құралдар мен тәсілдерді тереңірек зерттеу олардың ұлттық экономиканың дамуына әсерін талдау қажет.

Өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін, әсіресе осы салада үлкен тәжірибесі бар дамыған елдерде жан-жақты зерделеу Қазақстан үшін өзекті, өйткені біздің еліміз экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭБДҰ) қатысушы әлемнің жетекші отыз елінің қатарына кіруге перспективалы мақсат қойды.

Диссертациялық жұмыстың бұл параграфында біз негізінен экономикада өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің табысты іске асырылған үлгілері бар және көрсеткіштік мысал ретінде пайдалы болуы мүмкін ЭБДҰ, ЕО, Ұлыбритания елдерінің тәжірибесін талдаймыз, сондай-ақ халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын реттеудегі әлемнің әртүрлі елдерінің тәжірибесінің басқа да аспектілері қарастырылды, яғни дамыған және дамушы елдердің өзін-өзі жұмыспен қамтуға қатысты тәжірибесі және соның нәтижелері анықталған (Қосымша Ә).

Біздің талдауымыз экономикалық дамуы республикамыздың дамуына ұқсас аспектілері бар дамушы елдер бойынша да жекелеген мысалдарды қамтиды. Бұрын анықтағанымыздай, шетелде өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымы кәсіпкерлік ұғымымен тығыз және тікелей байланысты, сондықтан жоғарыда аталған елдерде өзін-өзі жұмыспен қамту саласында іске асырылған мемлекеттік бағдарламаларды талдай отырып, біз оларды кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларымен өзара байланысты талқылайтын боламыз.

Көптеген елдер өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қызметін реттеуге бағытталған саясатты жүзеге асырады. АҚШ-та өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арнайы салығы (Self-employment tax) бар, оған сақтандыру жарналарын төлеу кіреді; салық ставкалары прогрессивті болып табылады және табыс мөлшеріне байланысты [126]. Бірқатар елдер үшін көлеңкелі өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесі өзекті емес, ал мемлекеттік қызығушылық азаматтарды қажетті кепілдіктермен қамтамасыз етуге бағытталған. Мысалы, АҚШ, Нидерланды, Ұлыбританияда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін мамандандырылған ұйымдар мен кәсіподақтар құрылады [127]. Испанияда өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында олар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылардың кәсіби мүдделерін ұжымдық қорғай және бақылай алатын және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қатысуымен ұжымдық дауларды шешуге қатыса алатын кәсіби қауымдастықтар құруды заңнамалық тұрғыдан реттейді [128]. Кейбір елдерде үкіметтер (мысалы, АҚШ пен Ұлыбритания) адамның өзін-өзі жұмыспен қамтығанын немесе жасырын жалдаумен жұмыс істейтінін анықтауға көбірек көңіл бөледі, көбінесе жұмыс беруші-жұмысшы қарым-қатынасын жасыру үшін келісім-шарттық қатынастар ретінде сипатталады.

Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінің аумағында өзін-өзі жұмыспен қамту негізінен тек ұлттық деңгейде реттеледі. Әрбір әкімшілік пен ұйым өзінің құзыретіне немесе саяси саласына (салық заңнамасы, әлеуметтік қамсыздандыру, бизнес құқығы, еңбек нарығы, сақтандыру) байланысты өзгеруі мүмкін өзінің құқықтық және нормативтік-құқықтық ережелерін

Қазақстан Республикасы	1 610 019	1 010 946	1 691 580	708 790	1 807 503	330 922	1 909 324	301 217	1 881 484	217 738	1 887 819	194 703	191 1509	187740	1 846 794	198 580	1 917 670	179 237

Ескерту – ақпарат көзі: <https://stat.gov.kz/>

Кестедегі мәліметтерге қарайтын болсақ, Қазақстан Республикасы бойынша 2013-ші жылдан (1 610 019 адам) нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық тобының үлесі 2021 жылы 1 917 670 адамға артқан, ал нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық тобының үлесі 2013-ші жылдан (1 010 946 адам) 2021 жылы 179 237 адамға дейін қысқарған, тиісінше бұл жағдай елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты ресмилендіру жұмыстарының нәтижесі бар екендігін көрсетеді. 2013-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасы және өңірлері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық тобының (*нәтижелі және нәтижесіз*) толық статистикасы берілген (Қосымша F). Өңірлер бойынша статистикалық деректерге сүйенсек, нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер республика бойынша 2013 жылы 1 610 019 адам болса, 2021 жылы 1 917 670 адамға артқан, яғни олар ресми тіркелген халық қатарына енген. Осы жылдардағы нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлердің саны 2013 жылы – 1 010 946 адамнан, 2021 жылы – 179 237 адамға дейін қысқарған. Республика өңірлері бойынша *нәтижесіз* өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлердің саны Алматы облысында (33 293,) Қарағанды облысында (17 190) және Шығыс Қазақстан облысында (19 971) жоғары болып отыр. Ал *нәтижелі* өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер саны Түркістан облысында (341 384), Алматы облысы (248 379) және Шығыс Қазақстан облыстарында (173 841) жақсы қамтылған.

Нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар тобына орташа айлық табыс деңгейіне қарамастан, жұмыс берушілер сияқты тұрақты және ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары орташа айлық табысы бар дербес жұмыспен қамтылған адамдар және ең төменгі күнкөріс деңгейінен жоғары орташа айлық табысы бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлық категориялары кіреді.

Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар тобына өз қызметінен нақты табысы жоқ немесе өнімді өзі тұтыну мен өткізуі үшін пайдаланатын, бұл ретте табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кіреді.

Әдістеме бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарды нәтижелі және нәтижесіз деп екі топқа 2013 жылдан бастап бөліп статистикалық тұрғыда есепке алына бастағандықтан өңірлер бойынша оны салыстырмалы тұрғыда талдауды жөн көрдік. Сонымен қатар статистикалық талдауды пандемияға дейінгі және пандемиядан кейінгі кезеңдерде қарастыруды жөн көрдік. Өзін-өзі жұмыспен қамту елдегі экономикалық белсенділікті арттыруға, кәсіпкерлік ынтаны оятуға, кедейлікпен күресуде, халықтың әл-ауқатын жақсартуда және экономикалық дамуда маңызды, мүмкін шешуші рөлді атқарады.

Ол қызметтер ең алдымен, бүкіл әлемді жайлаған COVID-19 коронавирустық пандемия жағдайында халықтың ең әлжуаз топтары (тұрмыс-жағдайы, табыстары күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар) үшін жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және көбінесе ауылдық жерлерде жалғыз табыс көзі болып табылады. Өзін-өзі жұмыспен қамту, дамыған елдердегідей «жұмыспен қамтудың негізі болуға» толық мүмкіндік бар.

Кесте 12 - 2013 және 2021 жж. Пандемияға дейінгі және кейінгі кезеңмен салыстырғанда Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны, мың адам

Өңірлер	2013	2019	Ауытқуы	2020	2021	Ауытқуы
Ақмола облысы	168,2	130,5	-37,7	125,3	124,8	-0,4
Ақтөбе облысы	104,9	59,8	-45,1	60,8	64,3	5,7
Алматы облысы	404,1	267,1	-137	272,3	281,7	3,4
Атырау облысы	33,5	37,9	4,4	38,1	39	2,5
Батыс Қазақстан облысы	124,0	117,5	-6,5	88 654	88,8	0,1
Жамбыл облысы	280,4	176,7	-103,7	171,2	168,8	-1,4
Қарағанды облысы	106,9	56,1	-50,8	66,3	80,4	21,3
Қостанай облысы	201,2	153,5	-47,7	134,4	142,5	6
Қызылорда облысы	109,8	114,1	4,3	110,5	111,7	1
Маңғыстау облысы	18,2	21,2	3	17,1	17,4	1,9
Түркістан облысы	554,5	361,4	-193,1	357,8	359,5	0,5
Павлодар облысы	89,1	61,2	-27,9	59,8	58,8	-1,7
Солтүстік Қазақстан облысы	114,0	79,3	-34,7	75,2	73,1	-2,8
Шығыс Қазақстан облысы	224,9	199,0	-25,9	194,4	193,8	-0,3
Нұр-Сұлтан қаласы	27,6	65,6	38	65,9	68,4	3,8
Алматы қаласы	59,6	72,3	12,7	81,7	95,9	17,5
Шымкент қаласы		125,8		125,9	127,9	1,6
Ескерту – https://stat.gov.kz/ ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған						

Кесте бойынша 2013 жыл мен 2021 жылға өңірлер бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар санының ең көп мөлшері Батыс Қазақстан облысында: 2013 жылы - 124 036 мың адам, 2020 жылы - 88 654 мың адам, өзгерісі - 35 382 адамды құрады.


Жалпы республика бойынша 2016-2021 жылдар кезеңінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының аздаған төмендеуі байқалады. Алайда, бұл тенденция 2006 жылдан бері байқалады, бірақ өңірлер бойынша жағдай әртүрлі. Көптеген облыстарда (Маңғыстауды қоспағанда) олардың саны азайып келеді, дегенмен 2021 жылы кейбір өңірлерде көрсеткіштің мәні 2019 жылмен салыстырғанда артқан. Салыстыру үшін Түркістан облысы мен қаласындағы жағдай қарасақ, 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік өзгерістері нәтижесінде (Шымкент республикалық мәртебедегі қала болып бөлінген соң) облыста өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны азайып, қалада артқанын көреміз.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Нормативтік құжаттарынан көрініп тұрғандай, Қазақстандағы жұмыспен қамту саясатының басым бағыты БЖТ механизмін енгізу арқылы елдегі халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын заңдастыру болып табылады. Әлеуметтік саясаттың бұл аспектісін мемлекеттер тиісті деңгейдегі әкімдіктерге жәрдемдесу бойынша сауалнама жүргізу және ауланы аралау жолымен нәтижелі жұмыспен

қамтылған және нәтижесіз жұмыспен қамтылған өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар тобының критерийі бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәртебесін айқындау арқылы жүзеге асырылуда.

Қазақстан 2006 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлердің ресми статистикалық есебін жүргізіп келеді, ал Ресейде мұндай мәліметтер базасы кейін қалыптаса бастаған. Бірақ бұл нормативтік және статистикалық тәсілдердегі айырмашылық және ЕАЭО елдері бойынша салыстырмалы зерттеулерді өзектендіреді, олар бір-бірін қолданбалы ғана емес, ғылыми маңызы бар жинақталған тәжірибемен байыта алады.


Сондықтан ҚР тұрғындарының өзін-өзі жұмыспен қамту құрылымын зерттеуде статистикалық талдау 2006 жылдан бастап жүргізіледі.



Сурет 18 - Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ҚР қалалық-ауылдық үлесі
Ескерту – <https://stat.gov.kz/> ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған


18 суреттегі диаграммадан көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамтитын халықтың басым бөлігі ауыл тұрғындары. Егер ауыл мен қала арасындағы арасалмақты салыстырсақ 2:1 үлесін аламыз, мысалы 2006 жылы қала халқының 868 984 адам өзін-өзі жұмыспен қамтыса, бұл жылы ауылдың 1 757 867 адамы өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Дегенмен, жыл санап, қаланың да, ауылдың да адамдары арасында өзін-өзі жұмыспен қамту үлесінің азайып келе жатқан тенденциясын байқаймыз. 2021 жылы қалада тіркелген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны 882 379 адамды құраса, ауылда 1 214 528 адамды құрады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауыл азаматтарының есебінен жалпы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар көлемі азайып отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қала халқының ең көп бөлігі 25-54 жас аралығында. 2021 жылмен 2006 жылды салыстырғанда 16-24 жас аралығындағы өзін-өзі еңбекпен қамтыған қала жастар екі есе азайған (168 553-тен 89 426), ал 55-64 жас аралығындағылар керісінше өскен (66 731-ден 117 321-ге). Жалпы өзін-өзі жұмыспен қамтыған қала халқының саны жылдар бойына тұрақты деңгейде болып, тек 2011-2014 жылдар аралығында күрт өскенін байқаймыз. Бұған

себеп сол жылдардағы әлемдік дағдарыстың (2009-2011жж. Әлемдік қаржылық дағдарыс) елдегі жұмыссыздыққа әсер етуіне байланысты болуы мүмкін. 2006-2021 жылдар арасын алып қарасақ, 2006 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауыл халқының саны тұрақты түрде кеміп келе жатқанын көреміз. Бұл жерде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым үлес салмағын 25-54 жас аралығындағы азаматтар құрайды. 2021 жылғы деректерге сүйенсек, 25-54 жастағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауыл халқының саны 865 178 құрайды, бірақ 2006 жылмен салыстырсақ, олардың саны тұрақты түрде азаяда, мысалы 2006 жылы бұл санаттағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 1 145 935 адамды құраған. Сапалық талдау тұрғысынан өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың білім деңгейіне келетін болсақ, 19-шы суретте басым бөлігін негізгі, орташа жалпы, бастауыш кәсіби білім алғандар құрайтынын көрсетеді.




Сурет 19 - Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың білім деңгейі
Ескерту – <https://stat.gov.kz/> ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Дегенмен, 2006 жылы бастауыш, негізгі, орташа жалпы, бастауыш кәсіби білім алғандар саны 1,8 млн құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 636 925 құрап, үш есеге дерлік азайған. Осы жылдар арасында жоғары және орташа білім алып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны екі есеге артып отыр.



Сурет 20 - Өзін-өзі жұмыспен қамтыған ауыл халқының білім деңгейі
Ескерту – <https://stat.gov.kz/> ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Суреттегі деректер бойынша ауыл азаматтарының ішіндегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың ең аз үлесі жоғары білімі барларға тиесілі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қала халқының білім деңгейі бойынша бастауыш, негізгі, орташа жалпы, бастауыш кәсіби білімі барлардың ішінде қалалық жерде орташа кәсіби білімі мен жоғары білімді халық бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтудың нәтижелі топтары қатарынан көрінеді, яғни халыққа қажетті тауарлар мен қызметтердің өндірісімен айналысады. Қалалық жердегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың білім деңгейін келесі суреттен көреміз.



Сурет 21 - Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қала халқының білім деңгейі
Ескерту – <https://stat.gov.kz/> ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Суреттегі берілген жылдар аралығындағы қала халқының жоғары және орташа кәсіби білімі бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны артқан. Жалпы алғанда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қала халқының саны тұрақты.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық келесідей экономикалық қызмет түрлерімен айналысады, ол қызметтер: ауыл, орман және балық шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, ақпарат және байланыс, қаржы және сақтандыру қызметі, жылжымайтын мүлікпен операциялар, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, өнер, ойын-сауық және демалыс, өзге де қызметтер түрлерін ұсыну.


Көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық экономика салаларының барлығында дерлік қамтылған және олардың да статистикасы жүргізіледі. Десек те ел экономикасында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі көп қамтылған салаларды ғана көрсетуді жөн көрдік (кесте - 13).

Кесте 13 - ҚР экономика салалары бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі, мың адам

	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 691 601	1 703 332	1 660 261	1 649 061	1 676 832	1 591 287	1 519 533	1 379 144	1 144 622	903 945 892	853 793 635	726 319 049	682 049 044	669 044 044	669 044 044	669 044 044
Қызмет көрсету	837 187	836 550	869 070	876 603	882 745	948 654	984 013	029 338	016 110	997 710	034 217	046 809	082 210	164 511	149 096	195 275
Өнеркәсіп және құрылыс	98 063	117 758	128 431	138 946	145 174	180 282	189 923	212 483	239 638	236 823	231 285	199 384	206 677	208 419	214 229	232 588

Ескерту – ақпарат көзі: <https://stat.gov.kz/>

Кестедегі деректер бойынша осы жылдар аралығындағы ел экономикасының салалары бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесін келесі суреттен айқын көруге болады (сурет -22).



Сурет 22 - ҚР экономика салалары бойынша өзін-өзі жұмыспен қамту
Ескерту – <https://stat.gov.kz/> ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Суреттен еліміздің экономика салалары ішінде қызмет көрсету, ауыл, орман және балық шаруашылығы, өнеркәсіп және құрылыс салаларында өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың санының көп екендігін (гендерлік тұрғыда өзін-өзі жұмыспен қамтуда республикада ер адамдар басым) және соның ішінде соңғы жылдары қызмет көрсету саласында олардың санының артып келе жатқанын көрсетеді.

Статистикалық талдауды қорыта келе айтар болсақ, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігі ауылдық жерлерде тұратынын, білім деңгейлері жағынан негізгі, орта, жалпы және бастауыш кәсіптік білім, ал қалалық жерлерде жоғары білімді адамдар көп екені, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық қызмет саласында, орман және балық шаруашылығында және де гендерлік жағынан оларда ер адамдардың санының

көп екендігі анықталды (ер адамдар: 2006 – 459,6; 2021 – 1140,9; әйел адамдар: 2006 – 407,2; 2021 – 956,0;). Елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санындағы үлестері бойынша: ер адамдар – 2006-шы жылы 17,5% болса, 2021-ші жылы 54,4%-ға жеткен, ал әйел адамдардың үлесі 2006-шы жылы 15,5% болса, 2021-ші жылы ол 45,6%-ға жеткен, дегенмен үлестері жағынан айырмашылық сондай көп емес.

Сонымен, біз осы параграфта өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың сапалық және сандық құрылымына статистикалық талдау жүргізе отырып оның қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын анықтадық. Осы бөлімнің 2.3 параграфында экономикалық-математикалық модельдеу арқылы жұмыспен қамтылған, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың Қазақстанның дамуына әсері бағаланады. Сондықтан да бұл параграфта елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың әлеуетіне статистикалық баға беру арқылы заманауи экономикада олардың рөлін айқындауға және бағалауға мүмкіндік алынды.

2.2 Өзін-өзі жұмыспен қамту санатындағы қызметкерлердің экономикалық және құқықтық жағдайын талдау

Қоғам дамуының тұрақтылығы үшін өзін-өзі жұмыспен қамтудың маңыздылығын түсіне отырып, көптеген елдердің Үкіметтері бұл мәселені шешуге баса назар аудара бастаған. Қазіргі кезде көптеген елдер, халықтың жұмыспен қамтылуы мен жұмыссыздығы жөнінде деректерді құрғанда халыққа сауалнама жүргізу жолымен жасалынатын еңбек нарығын ішінара зерттеу әдісін қолданады, және де ол ХЕҰ критерийлеріне сәйкес экономикалық іс-әрекетпен айналысушыларды, жұмыссыздарды және экономикалық белсенді еместерді өлшеуге мүмкіндік береді. ХЕҰ, 15 жастағы және одан үлкен халықты келесідей жіктеуді ұсынады (сурет-23).



Сурет 23 – ХЕҰ ұсыныстарына сәйкес халықтың жіктелінуі
Ескерту - [145] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

23-ші суретте көрсетілгендей, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, ХЕҰ мәліметтері бойынша табыс алатын және ел дамуындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді құруға қатысатын экономикалық белсенді халыққа жатадыб яғни өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санын есепке алу методологиясы ХЕҰ стандарттарына сай келеді.

Қазақстан Республикасының тәжірибесіне «өзін-өзі жұмыспен қамту» деген түсінік, БҰҰ қағидалары мен ұсыныстарына негізделген Жұмыспен қамтылғандар мәртебесінің халықаралық жіктемесінен келген. ХЕҰ бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – жалдамалы еңбекті пайдаланып жеке-дара жұмыс істейтін халықтың бір бөлігі, жалдамалы еңбекті пайдаланбайтын жеке-дара кәсіпкерлер, жалдамалы еңбекті пайдаланатын корпоративті емес бизнестің кәсіпкерлері, өндірістік кооператив мүшелері және іс-әрекеттеріне ақы төленбейтін отбасылық кәсіпорындардың жұмыскерлері. Халықаралық тәжірибеде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар деп, жеке-дара жұмыс істейтін және жалдамалы еңбекті пайдаланатын халықтың бөлігін есептеу қабылданған [146]. Тиісінше қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ХЕҰ жіктемесіне сай анықталған.

«Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халықтың санын айқындау әдістемесі» бойынша еңбек нарығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыз халықтың статистикалық көрсеткіштерін өлшеу үшін негізгі аспектілер мен әдістерді және экономикалық іс-әрекет түрлері бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты есепке алу тәртібін айқындайды [147]. Бейресми жұмыспен қамтылған халық көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі бұл Әдістеме халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнамаға сәйкес қалыптастырылатын статистикалық методологияға жатады [148]. Бұл Әдістемелер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы және оның аумақтық органдары, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдауда еңбек нарығының көрсеткіштерін методологиялық қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 254 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың санын анықтау жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес:

- Жұмыс берушілер – өзінің жеке кәсіпорнын басқаратын немесе экономикалық қызметте тәуелсіз кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын және бір немесе бірнеше жалдамалы жұмыскерлері бар тұлғалар;

- Дербес жұмыскерлер – өз бетінше немесе бір немесе бірнеше серіктестермен жұмыс істейтін, өзін-өзі жұмыспен қамту негізінде қызметпен айналысатын және жұмыскерлерді тұрақты негізде жалдамайтын тұлғалар;

- Кооператив мүшелері – кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшелері болып табылатын тұлғалар;

- Жанұялық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмыскерлері – әдетте, туысқан адам басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) сыйақысыз жұмыс істейтін тұлғалар.

Қазақстанда еңбек нарығын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша ақпарат жинаудың статистикалық формасы халыққа іріктеп зерттеу жүргізуді пайдалана отырып жүзеге асырылады: «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасы» және Жеке тұлғаның мәртебесін анықтау бойынша сауалнама қосымшаларда берілген (Қосымша Д, Е). Оны республика бойынша «Халықты жұмыспен қамту орталықтары» жүргізеді. Әдістеме бойынша халыққа пікіртерім жүргізу (сұрақ-жауап алу) интервьюерлердің үй шаруашылықтарына тікелей барып, сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады. Статистикалық нысан іріктемеге түскен әрбір жеке үй шаруашылығына толтырылады, және де сол арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың белгілі топтары анықталады (14 кесте).

Кесте 14 - Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық топтары

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық топтары		
Нәтижелі жұмыспен қамтылғандар	Нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар	
1	жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілер – орташа айлық табыстары деңгейіне тәуелсіз	орташа айлық табыстары деңгейіне тәуелсіз жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелген санынан жұмыс істемейтіндер және тіркелмегендер) - ТЖТЖЖҚ, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері
2	орташа айлық табыстары деңгейі орташа айлық табыстары деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) шамасынан жоғары өндірістік кооператив мүшелері, жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелген және жұмыс істейтін) - ТЖЖЖ, жеке қосалқы шаруашылығында өнімді ішінара тұтыну үшін, айырбастау (сату) үшін өндірумен айналысатындар, жеке қосалқы шаруашылығында өнімді айырбас (сату) үшін өндірумен айналысатын жұмыспен қамтылғандар	орташа айлық табыстарының деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) төмен өндірістік кооператив мүшелері, жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелген және жұмыс істейтін) - ТЖЖЖ, жеке қосалқы шаруашылығында өнімді ішінара тұтыну үшін, айырбастау (сату) үшін өндірумен айналысатындар, жеке қосалқы шаруашылығында өнімді айырбас (сату) үшін өндірумен айналысатын жұмыспен қамтылғандар кіреді.
Ескерту – [147] әдебиет негізінде автормен құрастырылған		

Кестеге сәйкес барлық өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ішіндегі дербес жұмыскерлер: жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (жеке кәсіпкерлік) және жеке ауласында жұмыспен қамтылғандар, кооператив мүшелері мен жанұялық

кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмыскерлері (қосалқы шаруашылықта) алатын табыс деңгейлеріне және өнімді өндіру мен тұтынудағы мақсаттарына қарай өзін-өзі жұмыспен қамтудың нәтижелі немесе нәтижесіз топтарына жатады.

Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік-құқықтық реттеу жүйесінің қалыптасуы кезең-кезеңімен жүзеге асты.

- бірінші кезең – 1991 жылдан 1999 жылға дейін;
- екінші кезең — 2000 жылдан 2007 жылға дейін;
- үшінші кезең — 2008 жылдан 2011 жылға дейін;
- төртінші кезең — 2012 жылдан 2016 жылға дейін;
- бесінші кезең — 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін.

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуының әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері және сонымен бірге кемшіліктері бар (15 кесте).

Кесте 15 – Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік-құқықтық реттеу жүйесінің қалыптасуы кезеңдері

Кезеңдер	Өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу сипаты
Бірінші кезең (1991-1999)	Өнеркәсіптердің жабылуына, жұмысшылардың жаппай қысқартылуына және жұмыссыздыққа байланысты халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы (челноктық бизнес, мал бордақылау және сату, жөндеу және т.б.). Мемлекеттік органдарды мемлекет құрылысы, заңнаманың және жалпы экономиканың қалыптасуы, көлеңкелі экономиканың өсуі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының таратылуы алаңдатады. Қатаң заңнамалық шаралардың болмауы
Екінші кезең (2000-2007)	ЖІӨ өсімі Қазақстанның ірі және өнеркәсіптік қалаларында өзін-өзі жұмыспен қамтудың төмендеуі, жалдамалы жұмыспен қамтудың кеңеюі. Кедейшілік пен жұмыссыздықпен күресу, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Мемлекеттік бағдарламалар қабылданды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы N 833 қаулысымен бекітілген Кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күресу жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама, Қазақстан Республикасындағы кедейшілікті төмендетудің 2003 жылға арналған бағдарламасы. -2005 ж., Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы № 296 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы № 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2005–2007 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасы. 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68.
Үшінші кезең (2008-2011)	Мемлекет «Жұмыспен қамтудың жол картасын» қолға алды. Техникалық қызметкерлер мен білікті мамандардың өткір тапшылығы; - толтырылмаған бос орындар, – әлеуметтік қолдау және қорғау жүйесімен қамтылмаған жұмыспен қамтылғандар құрылымында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары үлесін сақтау. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы 2011 жылы қабылданған болатын. және оның логикалық жалғасы ретінде – 2013 ж. Жұмыспен қамту 2020 жол картасы.

Төртінші кезең (2012-2016)	<p>Жұмыспен қамту 2020 жол картасының нысаналы қатысушылары: Қазақстан Республикасының жұмыссыздар және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтары. DKZ-2020 бағдарламасын үш бағыт бойынша жүзеге асыру: - инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету; - Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру. – жұмыс берушінің қажеттіліктері шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. Іске асыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылды (көшіруге, кәсіптік оқытуға, қызмет көрсету саласы үшін кадрлардың біліктілігін арттыруға және қысқа мерзімді курстарға субсидиялар, бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу) Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру. «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - экономиканың, атап айтқанда, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа серпін жасау, демек, нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамту.</p> <p>2013 жылы Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыс деңгейін және жұмыссыздардың санын анықтау әдістемесінің қабылдануы бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өнімді және өнімсіз болып топтарға бөлінді.</p>
Бесінші кезең (2017 г. бүгінгі күнге дейін)	<p>2016 жылы Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік бағдарламасы қабылданды. Ол қамтамасыз етті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпкерлік негіздеріне оқыту; - микронесие алу; - өз бизнесін немесе жұмысқа орналасу үшін біліктілік алу. <p>Бағдарламада өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін өндіріс шығындарын субсидиялау механизмі қарастырылмаған</p>
Ескерту: [149, 150, 151, 152, 153, 154] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған	

Кестенің деректері бойынша, Қазақстанда Бизнестің жол картасы шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау "занды түрде" азаматтардың барлық санаттарына беріледі, алайда іс жүзінде жұмыссыздар кепілмен қамтамасыз етудің болмауына байланысты мемлекеттің осындай қолдауын пайдалана алмайды. Ал "Даму" Қоры атынан квазимемлекеттік секторды "кепілдендіруге" жұмыссыздар әрең үміттенеді. Бұл ретте Еуропада старт-ап-субсидиялардың оң тәжірибесі бар: олар старт-ап-субсидияларды жұмыссыздар пайдаланған жағдайда оларды тиімді деп санайды [155].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның еңбек нарығы үлкен өзгерістерге ұшырағаны мәлім. Мемлекет осы жылдар ішінде жинақталған әлемдік тәжірибені ескере отырып, еңбек нарығының жаңа институттарын құруға және қолданыстағы институттарының қызметін жетілдіруге, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтуды дәйекті арттыруға және жұмыссыздықты азайтуға бағытталған бағдарламаларға бағытталған маңызды шешімдер қабылдады. Қабылданған шаралар жұмыссыздық деңгейін 4,5% шегінде төмендетуге және де сол қалыпта ұстап қалуға мүмкіндік берді. Әрине, бұл халықтың жұмыспен

қамтылуын қамтамасыз етудегі белгілі бір жетістік, алайда бүгінгі таңда ел әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіру үшін амбициозды мақсаттар қойған кезде жаңа міндеттер пайда болуда.

2015 жылғы 16 қарашада азаматтардың денсаулықты қорғауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін "міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заң қабылданды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) – бұл денсаулық сақтау саласындағы мүдделерді әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі. МӘМС Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жері мен табысына қарамастан медициналық және дәрілік көмекке тең қолжетімділікке кепілдік береді. 2016 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасында әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) құрылды және Қордың негізгі міндеті ақшалай қаражатты шоғырландыру, өнім берушілердің дерекқорын қалыптастыру, медициналық қызметтерді сатып алуды жоспарлау және жүргізу, сондай-ақ халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу болып табылады.

2017 жылғы 30 Маусымда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" №80-VI ҚРЗ Заңы қабылданды. 2017 жылдың 1 шілдесінде Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар мен жарналар басталды. 2017 жылғы 4 қыркүйекте Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жетіспеу қаупіне байланысты, сондай-ақ цифрландыру шеңберінде Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ҚР МӘМС енгізуді пысықтауды тапсырды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Міндетті медициналық сақтандыруға қатысушыларға медициналық көмек көрсетуді бастау мерзімін және МӘМС жарналарын төлеу мерзімін 2020 жылғы қаңтарға ауыстыруды ұсынды. МӘМС-ті 2020 жылғы 01 қаңтарға ауыстырудың негізгі себебі өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз халықты қамтымау қаупі болды. Медициналық көмек бірнеше көлемде ұсынылады: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті медициналық сақтандыру (МӘМС). 2020 жылдан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі толығымен енгізілді. Осы кезеңге дейін денсаулық сақтауды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылды, содан кейін МӘМС енгізіле отырып, медициналық қызметтер мемлекет, жұмыс берушілер мен азаматтардың қаражаты есебінен жиынтық төленеді. 2020 жылдан бастап жарналарды тек жұмыс берушілер ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер, адвокаттар, сот орындаушылары, медиаторлар және азаматтық-құқықтық

сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін өзге де жеке тұлғалар жасай бастады [156].

2018 жылдан бастап елімізде ҚР Еңбек министрлігінің тапсырмасы бойынша "Азаматтарды рәсімдеу" жұмысы басталды. Сонымен қатар, бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеу кезінде қиындықтар туындады: салық органдарында тіркеудің және есептен шығарудың күрделі процедурасы; көптеген төлем жүйелерінің болуы; салық режимін анықтаудың қиындығы. Сондықтан бейресми жұмыспен қамтылған адамдардың қызметін заңдастыру бойынша жүйелі шараларды енгізу көзделді:

1. Салық органдарында қызметті тіркеуді жеңілдету

2. Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, сондай-ақ Әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелеріне қатысуды қамтамасыз ету.

Бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеу жөніндегі осы шаралар бойынша мынадай әсерлерді алу күтілді, атап айтқанда: сомасы мен түрлері бойынша шектеусіз медициналық қызметтерге қол жеткізу; жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу және базалық зейнетақы төлемін алу; еңбекке қабілеттілігінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жүктілік және босану, 1 жасқа дейінгі бала күтімі жағдайларында әлеуметтік төлемдер алу. Бейресми жұмыспен қамтылғандардың мәртебесін анықтау жөніндегі жұмысты өзектендіру үшін мемлекеттік органдар, атап айтқанда халықты жұмыспен қамту орталықтары мынадай жұмыстарды жүргізеді [157]:

- аулаларды аралау (мобильді топтардың пікіртерімдік сауалнамасы);

- ҚР ЕжХӘҚМ "Жол картасының мониторингі" ақпараттық жүйесіне оларды одан әрі өзектендіру үшін әлеуметтік мәртебелер енгізу;

- рәсімдеу бойынша Жол картасын іске асыру;

- базарларда, қоғамдық тамақтану орындарында және құрылыс объектілерінде жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізу.

Қазақстан Республикасындағы адамдардың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша жұмыс алгоритмі (Қосымша Ж) қосымшасында ұсынылған. Мемлекет әлеуметтік саясатты жүргізу және әлеуметтік осал Халықты әлеуметтік қорғау шеңберінде әлеуметтік көмекті оның атаулы сипатын күшейту есебінен оңтайландыруды жүргізеді, яғни АӘК көрсетудің бірыңғай критерийі ретінде төленеді - ҚД-нің 50% - ы (Қосымша З).

Елдердің тәжірибесі көрсеткендей, көптеген елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қызметін реттеуге бағытталған саясат жүзеге асырылады (сақтандыру сыйақыларын төлеуді қамтитын өзін-өзі жұмыспен қамтуға арналған арнайы салық; салық мөлшерлері прогрессивті және табыс мөлшеріне байланысты прогрессивті табыс салықтарын ескереді және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық).

Батыс елдерінің тәжірибесі ескеріле отырып, Кеден Одағы елдерінде де (Ресей, Беларусь және Қазақстан) өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арнайы салық енгізілді, ол тек салық төлемдерін ғана емес, Медициналық және әлеуметтік сақтандыру жарналарын да алмастырады, басқаша айтқанда, бұл

елдерде "өзін-өзі жұмыспен қамтығандар" үшін арнайы салық режимі орнатылды.

Қазақстанда заңды өзін-өзі жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін патент негізінде, оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар үшін белгіленген арнайы салық режимі және жалпыға бірдей белгіленген салық салу режимі қолданылады (16 кесте).


Кесте 16 – Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған салық салу түрлері

Әлеуметтік салық режимі		Жалпы бекітілген салық салу режимі
Патент негізінде	Оңайлатылған декларация негізінде	
Жалдамалы жұмысшылары жоқ, жеке кәсіпкерлік түрінде әрекет етеді	Жалдамалы жұмысшылары бар: - ЖК үшін 25 адам (1-ден 25-адамға дейін) - ЖШС үшін 50 адамнан аспау керек	Жалдамалы жұмыскерлердің болуы
Кассалық аппарат жоқ	Кассалық аппарат бар	Кассалық аппарат бар
Шекті табысы 300 ЕТЖ аспауы = 7,3 млн теңге (2022 ж. – 18 млн.теңге)	Бухгалтерлік есеп жүргізе алады (ЖК), төменгі ставка — 3 % (әлеуметтік салық және зейнетақылық салымдар)	Салық және бухгалтерлік есеп жүргізеді
Табыс салығы — мәлімделген кірістің 1 % (кәсіпкер есеп беру кезеңін өзі таңдайды – ай сайын, квартал сайын немесе бір жылда), әлеуметтік салық — 1%	1-ші жарты жылдықта шекті табысы: - ЖК үшін 1400 ЕТЖ-дан көп емес = шамамен 34 млн тг; (2022 – 84 млн.тг.) - ЖШС үшін 2800 ЕТЖ-дан көп емес = шамамен 68 млн тг; (2022 – 168 млн.тг.) Табыс салығын - алған табыстың 1,5 % төлейді (кәсіпкер жарты жылды 1 рет есеп береді), әлеуметтік салық 1,5 %	Табыс салығы – салық салынатын көздегі табыстың 10 %, әлеуметтік салық – өз үшін 2 ЕТЖ, 1 ЕТЖ жұмыскерлер үшін, корпоративті табыс салығы - 20 %.
Ескерту – дерекөзі [58, 80-81 бет]		

Сонымен кестеге сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық өзінің іс-әрекетін жеке кәсіпкер, шаруа қожалығы ретінде тіркей алады және патент негізінде жұмыс істей алады деп айтуға болады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың іс-әрекетін рәсімдеу үшін табысы, жасы (тіркелген халықтың үлесі жасына қарай артады), білімі (өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олар өздерінің жұмыспен қамтылуын рәсімдеуге ынталы), сондай-ақ қызмет сфералары әсер етеді: қызмет көрсету саласында өндірістік сфераға қарағанда бейресми жұмыспен қамтылғандар көп, сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар негізінен қызмет көрсету саласында жұмыс істейді,

сол жағынан да республикада, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көлеңкеде жұмыс істеу тенденцияларының сақталуы байқалады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты заңдастыру үшін мемлекет, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа салық салу тәртібін орнатуға қатысты Жол картасының алтыншы тармағын іске асыру мақсатында жаңа режим - "Бірыңғай жиынтық (әлеуметтік) төлемді" (БЖТ) енгізу ұсынылды. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін жаңа режимді енгізу, елімізде жұмыспен қамту нарығын мемлекеттік реттеудің күшейе бастағандың көрсетеді (24-сурет).



Сурет 24 – ҚР жұмыспен қамту нарығын мемлекеттік реттеу
Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Бейресми жұмыспен қамтылғандардың іс-әрекетін реттеудің мемлекеттік механизмі ретінде БЖТ-ны енгізумен ҚР ЕЖХӘҚМ олардың іс-әрекетін рәсімдеуді белсендендіру жұмыстарын бастаған. Министрлік ХЕҰ стандарттарына сәйкес халықты жұмыспен қамтуды есепке алу және рәсімдеу

жөніндегі жүйелі шараларды іске асыру үшін құқықтық және әлеуметтік негіздер құру бойынша жұмысты бастады және оның міндеттері мыналар болды:

- Бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалардың іс-әрекетін заңдастыру мақсатында бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) енгізу ;

- Бірыңғай анықтамаларды енгізу және жұмыспен қамтылған тұлғалардың санаттарын қайта қарау;


- Зейнетақымен қамтамасыз ету, Әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелеріне қатысу үшін әлеуметтік төлемдерді, жарналарды төлеушілерді бірегейлендіру.

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) – бұл бейресми жұмыспен қамтылған тұлғаларға жеке кәсіпкер ретінде тіркелусіз кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін режим. БЖТ жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, жұмыстарды орындайтын, жеке тұлғаларға қызметтер көрсететін, жеке қосалқы шаруашылықты пайдаланудан алынған ауыл шаруашылығы өнімін жеке тұлғаларға тұтыну үшін өткізетін табыс алу және (немесе) табыс табу мақсатында бейресми іс-әрекетті жүзеге асыратын *жеке тұлғаларға* қолданылатын болады. БЖТ төлеу өз қалауы бойынша ерікті негізде жүргізіледі. Бұл жүйеге қатысу құқығы жеке тұлғада қалады, оған бірыңғай жиынтық төлемді төлемегені үшін жауапкершілікке тарту бойынша қандай да бір шаралар қолданылмайды. БЖТ айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен есептеледі, қалалардың тұрғындары үшін - АЕК мөлшері 1 еселенген және ауыл тұрғындары үшін АЕК мөлшері 0,5 еселенген (тұрғылықты жері бойынша тіркеуге сәйкес). 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін Бірыңғай жиынтық төлем енгізілді және оны жүзеге асырудың белгілі бір механизмі бар, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін өз артықшылықтары бар (Қосымша К, Л).

БЖТ төлеушілер салықтық есептілік бермейді. БЖТ үлестері төмендегідей:

- 10% - Жеке табыс салығына;
- 30% - зейнетақы жарнасы БЖЗҚ-ға;
- 40% - ММСҚ-ға аударымдар;
- 20% - ӘМСҚ әлеуметтік аударымы.

Сонымен, ҚР ЕЖХӘҚМ нұсқаулығымен мемлекеттік органдар, соның ішінде Халықты жұмыспен қамту орталықтары Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу шеңберінде бейресми жұмыспен қамтылған халықты формальдандыру және ел экономикасына тарту жөнінде Жол картасын іске асыра бастаған. Елде азаматтардың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша жұмыстарға Мемлекеттік органдар, Кәсіпкерлер палатасы, жұмыс берушілердің салалық бірлестіктерінің өкілдері тартылды. Жол картасын іске асыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар жүзеге асырылуда (25-сурет).



Сурет 25 - ҚР бейресми жұмыспен қамтылғандарды мемлекеттік реттеу механизмі

Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, мемлекет бейресми жұмысбастылардың әлеуметтік мәртебесін анықтауда белгілі бір іс-шараларды жүзеге асырады және оны МӘМС шегінде жандандыру жұмыстарын қолға алуда.

Сондықтан Т.А.Азатбек, Д.Т.Байтенизов, және Н.Дубина анықтаған Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдеріне келесі екі кезеңді қосуға және бөліп көрсетуге болады (17 кесте).

Кесте 17 - ҚР-да өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырудың жаңа кезеңдері

Кезеңдер	Өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу сипаты
Алтыншы кезең (2017-2019)	2015 жылғы 16 қарашада "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заң қабылданды 2016 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасында әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ФОМС) құрылды 2017 жылдың 1 шілдесінде Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар мен жарналар басталды. 2017 жылғы 4 қыркүйекте Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жетіспеу қаупіне байланысты, сондай-ақ цифрландыру шеңберінде Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ҚР МӘМС енгізуді пысықтауды тапсырды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мерзімдерді ауыстыруды ұсынды 2018 жылдан бастап елімізде ҚР Еңбекминінің тапсырмасы бойынша "азаматтарды ресімдеу" жұмысы басталды.
Жетінші кезең (2019 г. бүгінгі күнге дейін)	2019 жылғы 1 қаңтардан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін бірыңғай жиынтық төлем енгізілді. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті медициналық сақтандыруға қатысушыларға медициналық көмек көрсету және МӘМС жарналарын төлеу басталды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың тәуелсіз жұмысшы ретіндегі термині мен анықтамасын өзгерту Бейресми жұмыспен қамтылғандарды және өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресімдеу Атамекен ҰКП арқылы бейресми жұмыспен қамтылғандарды, жұмыссыздарды, студенттерді және өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және субсидиялау "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы "Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI ҚРЗ Заңының 45-1-бабының негізінде" Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2025 жылға дейінгі 4 кезеңде енгізіледі
Ескерту - зерттеу негізінде автормен құрастырылған	

Кестеден көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды мемлекеттік реттеу негізінен БЖТ енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бірақ елдегі көші-қонның жоғары болуына және табыстың төмен болуына байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды заңдастыру мәселесі мүмкін болмайды, бұл салықтан жалтару және ресми жұмыс істегісі келмеу проблемасымен күшейе түседі.

Елде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін енгізумен немесе қоғамда айтылғандай, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат үшін салықты әзірлеу кезінде ҚР Салық кодексіне (Кодекс 24-бөліммен толықтырылды-ҚР 26.12.2018 № 203-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңына сәйкес. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды анықтауға қатысты заңның негізгі тармақтары келесідей: өзін-өзі жұмыспен қамтыған азамат-бұл жеке тұлға:

1. БЖТ (бірыңғай жиынтық төлем) төлеуші болып табылады;
2. ЖК ретінде ресми тіркеусіз табыс алу бойынша кәсіпкерлік қызметті дербес жүргізеді;
3. оның жұмыс берушілері де, жалдамалы жұмысшылары да жоқ;
4. өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам жеке практикадан басқа жеке тұлғаларға ғана қызмет көрсетеді, жұмыстарды орындайды (жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор);
5. немесе акцизделетін өнімді қоспағанда, өз өндірісінің жеке қосалқы шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін өткізеді;
6. тұрғын үйді жалға бере алады,
7. және жоғарыда көрсетілген қызметтен бір жыл ішінде алынатын табыс республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 1175 АЕК-тен (айлық есептік көрсеткіш) аспауы тиіс.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар немесе тәуелсіз жұмыскер – дара кәсіпкерлерді, жеке практикамен айналысатын адамдарды, шаруашылық серіктестігінің құрылтайшыларын (қатысушыларын) және акционерлік қоғамның құрылтайшыларын, акционерлерін (қатысушыларын), өндірістік кооператив мүшелерін қоспағанда, өз қызметін мемлекеттік тіркеусіз кіріс алу мақсатында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жеке тұлға; «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңы (26.12.2018ж. толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) бойынша енді мемлекет өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға тәуелсіз жұмыскерлер деп Заңға анықтама берген. Дегенмен жергілікті мемлекеттік органдарда және басқа да көздерде, ғылыми зерттеулерде бұл атау әзірге қолданысқа енген жоқ.

Сонымен, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының бұрын қолданыста болған Заңы (күші жойылды) жиі өзгерістерге ұшырады. Осылайша, ол қабылданған сәттен бастап 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заң қолданысқа енгізілгенге дейін оған өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы Заңға 45 рет өзгерістер енгізілген. Сонымен Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтуды ресмилендірудің институционалдық негіздері осы 2001 жылдың 23 қаңтарында шыққан «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңынан басталған еді, кейін ҚР Президентінің Жолдауларында, Әдістемеде, Кәсіпкерлік Кодексте, «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңдарының өзгертулер мен толықтырулар енгізілуімен, «Жұмысбастылық» жән «Еңбек» Мемекеттік бағдарламаларында қалыптасты. ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтуды ресмилендірудің институционалдық негіздері кезеңдік тұрғыда қосымшада талданып берілген (Қосымша М).

Диссертацияның бірінші тарауында анықтағанымыздай, әлемдік халықаралық тәжірибеде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қоса алғанда, жұмыспен қамтылған халық санаты мынадай мән-жайлардың болуына байланысты мемлекеттік құрылымдарды мұқият зерделеу объектісі болып табылады: *бір жағынан*, жұмыс күші кез келген қоғамның басты өндіргіш күші болып табылады және мемлекеттің байлығы халықтың жасампаз еңбегімен құрылады. Барлық мемлекеттердің үкіметтері адами капиталдың әлеуетін үнемі арттыруға да, елдің Еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануға да мүдделі. Сондықтан олар сапаға тұрақты мониторинг пен бағалау жүйесін қалыптастырады, жұмыс күшінің құзыреті мен дағдыларын ұдайы арттыруға бағытталған білім беру және өзге де бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады; *екінші жағынан*, ақшалай және заттай нысандарда табыс табатын елдің барлық азаматтары салық салу субъектісі болып табылады. Сондықтан олардың қызметін тіркеу және олардың кіріс мөлшерін объективті бағалау Шетелдегі маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Жеке тұлғалардан салық жинау, заңды тұлғалардан айырмашылығы, табыстың нақты мөлшерін жасырудың көптеген арналарының болуына байланысты, әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың едәуір бөлігі бар елдерде әлдеқайда күрделі екені белгілі. Сондықтан көптеген елдерде салықтар мен салық жүйесіне құрмет атмосферасын құра отырып, азаматтардың мемлекет алдындағы моральдық жауапкершілігін арттыру мақсатында халықтың қалың жігі арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Ол өз жемісін береді, өйткені батыс елдерінде салықты негізінен барлық азаматтар төлейді. Бұл жанама түрде халықтың салықтық құқықтық санасының дамуын көрсетеді. Тиісінше елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарда салық мәдениетін қалыптастыру керек. Ол өз кезегінде олардың салық жүйесінің алдында бірқатар артықшылықтарын берер еді, атап айтқанда:

- «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» түсінігін бірегейлендіру және заңдастыру;
- өз елінде заңды түрде салық төлеуші болып танылу;
- қаржылық көмектер алуда тиісті құзыретті органдарда заңды түрде рәсімделу;

- заңдық құқықтарға ие болу (келісім-шарт жасасу, өз мүдделерін сот және басқа да процестерде қорғай алу);
- зейнетақы жинақтарын жасап, еңбек өтілін анықтай алуы;
- мемлекеттен белгілі бір қолдауларды (субсидия алу, кеңес, кәсіби оқу және т.с.с.) талап ете алу және т.б.

Мысалы, Еуропа елдерінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты есепке алу және салық салу жүйесі, былайша айтқанда, қарапайым тіркеу және қарапайым бухгалтерлік есеп жүйесі жолға қойылған. Бұл ретте мемлекеттің өзін-өзі жұмыспен қамтығандармен қарым-қатынасын рәсімдеу өте жеңілдетілген және толығымен өтініш берушінің бастамасына негізделеді, ал рәсімнің өзін былайша сипаттауға болады: біріншіден, тәуелсіз қызметпен айналысқысы келетін адам тиісті мемлекеттік органға жүгінеді (көбінесе бұл салық қызметі) және өзін-өзі жұмыспен қамтыған салық төлеуші ретінде есепке алынады. Бұл ретте осы бизнестен түсетін негізгі шаруашылық түрі мен болжамды табыс көлемін өтініш беруші дербес айқындайды; екіншіден, көптеген елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға салық салудың жеңілдетілген тәртібі бар, бірақ соған қарамастан олар табыс салығын төлеуге және таза кірістерден әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар жасауға міндетті. Табыс салығы мен әлеуметтік аударымдардың ставкалары әлем елдерінде әр түрлі. Сонымен қатар, барлық дерлік елдерде кірістің белгіленген минималды шегі бар. Көрсетілген деңгейден төмен кіріс алатын адамдар салық төлеуден босатылады; үшіншіден, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар Экономикалық қызмет, салық төлеу және әлеуметтік аударымдар туралы есептерді уәкілетті мемлекеттік органдарға үнемі тапсырады. Осыған байланысты жұрт оларды еңбек нарығының толыққанды қатысушылары ретінде қабылдайды, сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қызметіне жұмыспен қамту туралы Заңның жекелеген нормалары қолданылады. Сондықтан, егер өзін-өзі жұмыспен қамтығандар объективті себептермен жұмысынан айырылса, олар еңбек биржасына жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда жұмыссыз мәртебесі расталғаннан кейін олар жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға үміткер бола алады.

Индустриалды дамыған елдердің жұмыспен қамту мен өзін-өзі жұмыспен қамтудың икемді нысандарын реттеудегі тәжірибесі көрсеткендей, әлеуметтік диалог (әлеуметтік әріптестік) жүйесі маңызды рөл атқарады. Іс жүзінде мұндай жүйе еңбек заңнамасының нормаларымен салыстырғанда жұмыспен қамтылған халықтың жағдайын жақсартуға арналған.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік әріптестік негізінен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі бас, салалық және өңірлік үшжақты келісімдерді әзірлеу және жасасу негізінде іске асырылады. 2018-2020 жылдарға жасалған үшжақты Бас келісімде халықты жұмыспен қамтуды реттеу мәселелеріне тұтас бөлім арналған. Мұнда назар аударатын жалғыз нәрсе - Үкіметтің "өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды рәсімдеу бойынша Жол картасын қабылдау және еңбек қатынастарын заңдастыру және халықтың

бейресми өзін-өзі жұмыспен қамтуын қысқарту үшін жүйелі және тактикалық шаралар кешенін әзірлеу" туралы міндеттемесі [158]. Бұл келісімде әлеуметтік серіктестердің және негізінен кәсіподақтардың Жұмыспен қамтудың икемді нысандарына қатынасы туралы бірде-бір сөз айтылмаған. Осыған ұқсас көрініс аймақтық келісімдердің мазмұнын зерттеу кезінде де қалыптасады. Мәселен, Алматы қаласы бойынша жасалған өңірлік келісімде Тараптар жұмыспен қамтуды реттеудің түрлі нысандарының, оның ішінде бейресми жұмыспен қамтудан формальды жұмыспен қамтуға көшу жөнінде шаралар қабылдаудың тиімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға келіскен. Бұдан басқа, онда тараптардың қалалық еңбек нарығындағы жағдайды зерделеу және қандай да бір нақтылаусыз жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысы арасындағы арақатынастың болжамын әзірлеу негізінде нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері көрсетілген.

Қорытындылай келе, Қазақстанда халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу кезінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінде», "Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген, саладағы құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық қатынастарды реттейтін ұғымдар қолданылатын халықты бейресми жұмыспен қамту көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі Әдістеме бар екенін атап өткен жөн халықты жұмыспен қамту, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты: нәтижелі жұмыспен қамтылған және нәтижесіз жұмыспен қамтылған топтарға бөледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытуды ынталандыру мақсатында Қазақстан мемлекеті осы қызмет түрін тиісті нормативтік – құқықтық реттеумен қамтамасыз етуге тырысады, сондай – ақ нәтижелі жұмыспен қамтуды іске асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды қабылдайды (Жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасы 2020, Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған" Еңбек " Мемлекеттік бағдармасы, 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытуда Ұлттық жобаны бекіту туралы, 2022-2026 жылдарға арналған "Еңбек 2.0" Ұлттық жобасы).

Сонымен осы параграфта, Қазақстан Республикасында да өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері айқындалып, толықтырылды; бейресми жұмыспен қамтылған тұлғаларға жеке кәсіпкер ретінде тіркелусіз кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін БЖТ механизмі талданды, өйткені бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимі болып табылады және БЖТ енгізіле отырып, 2019 жылдан бастап ҚР ЕжӘҚМ оларды рәсімдеуді белсендендіру бойынша жұмысты бастады; ҚР-да бейресми жұмыспен қамтылғандарды оларды рәсімдеу және әлеуметтік мәртебесін айқындау арқылы мемлекеттік реттеу тетігі құрылғандығы анықталды.

2.3 Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу

Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) пікірінше Қазақстан экономикасы, соңғы бірнеше онжылдықта халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көлемінің нақты артуы бар тұрақты өсудің ұзақ кезеңінен өткен. Бұл ел азаматтарының әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайларын жақсартуға, кедейлік деңгейін төмендетуге және нарықтық белсенділікті арттыруға ықпал етті. Ел дамуының негізгі локомотиві минералдық және энергетикалық ресурстардың ауқымды экспорты болды. Соның арқасында, 2014 жылы мұнай бағасы төмендегенге дейін Қазақстан экономикасы сыртқы сауданың оң балансына ие болды. Елдің мұнайға, газға және табиғи қазбаларға деген сырттан болатын сұранысқа мұндай тәуелділігі, орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетті дамытуға төнетін қауіп және кедергі ретінде қарастырылатынын білеміз. Экономиканың әртараптандырылуының деңгейінің төмендігіне байланысты Қазақстандағы жұмыс күшінің едәуір бөлігі ауыл шаруашылығымен айналысады. Ұлттық өнеркәсіпті қосымша құны жоғары тауарлар өндірісіне көшіру - экономиканы әртараптандыруға қол жеткізудің бір жолы болып саналады. Ел Үкіметі болжағандай, бұл еңбек өнімділігін арттыруға және ұзақ мерзімді келешекте біркелкі экономикалық даму кезеңін ұзартуға мүмкіндік береді [159].

Экономикалық ғылым еңбек экономикасының өсуі мен дамуының маңызды факторы болып табылатын көптеген зерттеулер мен модельдерді ұсынады. Ал елімізде кәсіпкерлікті дамыту үшін кадрлық резерв болып табылатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың еңбегі өте маңызды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың көп қырлы бейнесін сипаттайтын статистикалық деректерді дұрыс және сенімді бекіту үшін жасалған белгілі бір ережелер мен әдістер осы құбылысқа уақытша және аймақтық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, статистикалық зерттеулер кезеңді түрде өзін-өзі жұмыспен қамтыған нарықтағы респонденттердің жағдайын бастапқы бағалауды қамтамасыз ететін әлеуметтік зерттеулермен толықтырылады. Кейбір зерттеулер халықтың экономикалық бейімделуінің бір түрі ретінде өзін-өзі жұмыспен қамту факторларын эконометрикалық талдау арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтудың дамуына әсер ететін факторларды зерттейді. Эконометрикалық талдауы бар зерттеу нәтижелері, өзін-өзі жұмыспен қамтуды таңдау әрекетіне жұмыссыздық өсуінің тікелей әсерін және жұмысшы күшіне деген құн шығындарының өсуінің кері әсерін көрсеткен.

Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар туралы ақпараттың болуы, белгілі бір факторлардың әсерін талдай отырып өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жекелеген санаттарына шоғырлануға мүмкіндік беретін осы мәселе бойынша эконометрикалық зерттеулерді жалғастырудың келешекті екеніне негіз бола алады. Сондықтан біз де эконометрикалық талдауды -

панельдік регрессияны құруды қолданамыз. Егер өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (заңды түрде нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар) тауарлар мен қызметтерді өндіретінін ескеретін болсақ, онда олар заманауи ұлттық экономиканың дамуына белгілі бір үлес қосады. Осыны түсінуде және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың елдің Ұлттық экономикасына қосқан нақты үлесін анықтау үшін біз оларды регрессиялық модель құру арқылы панельдік регрессия әдісімен бағаладық.

Жұмыс барысында панельдік модель және шекті регрессия моделі қолданылды. Біздің аналитикалық жұмысымыздың (модельдеудің) мақсаты - бірнеше регрессиялық модельдер құру арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін модельдеу. Уақыттық қатарлар, атап айтқанда жылдық деректер негізінде Қазақстан бойынша 1995-2021 жылдар кезеңінде шекті регрессия құрылды, ал өңірлер бөлінісінде панельдік деректер негізінде 2018-2021 жылдар кезеңінде панельдік регрессия құрылды.

Шекті регрессия. Теориялық алғышарттарда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кез-келген ел экономикасының бір бөлігі болып табылады деп болжанады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар нәтижелі және нәтижесіз болып бөлінеді. Нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ресми түрде жұмыс істейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың нәтижесіз санаты бюджетке салық, зейнетақы аударымдарын жасамауы мүмкін. Алайда, олар жұмыссыз емес, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алмайды, өзін-өзі қамтамасыз етеді, бұл қазірдің өзінде мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтады. Тиісінше, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар экономиканың табиғи бөлігі болып табылады. Алайда, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың тым көп пайызы экономикасы мұнай мен басқа да минералды ресурстарды өндіруге қатты тәуелді Қазақстан сияқты елде ЖІӨ-нің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жасырын жұмыссыздық құбылысына байланысты және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар салық және зейнетақы аударымдарын төлейтін ірі бизнеспен, ресми жұмысшылармен салыстырғанда салық аударымдарының әлдеқайда аз пайызын құрайды және олардың жұмыс істейтін компаниялары олар үшін басқа аударымдар жасайды. Сондықтан экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары пайызы белгілі бір нүктеден немесе шекті деңгейден бастап экономиканың өсу қарқынына теріс әсер етеді деген зерттеу *гипотезасы* ұсынылды және де жоғарыда айтылғандарға байланысты шекті регрессиялық модель таңдалды.

Шекті модельдер көбінесе уақыттық қатарларында қолданылады. Шекті айнымалы ретінде, белгілі бір шекті мәннен өткеннен кейін өзінің динамикасын күрт өзгертетін – құрылымдық жылжуы орын алады, қандай да бір көрсеткіш бола алады. Осылайша, уақыттық қатар екі немесе одан да көп біртекті бөліктерге бөлінеді. Уақыттық қатардың осы бөліктерінің әрқайсысы үшін регрессия коэффициенттері есептелетін модельді таңдауға болады. Біздің зерттеу жұмысымызда ол екі топқа бөлінді. Бір топта өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы төмен және ЖІӨ-нің өсу қарқыны жоғары, ал екінші

топта өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы жоғары және экономиканың өсу қарқыны төмен. Шекті регрессияларды модельдеуге енгізілген және EViews талдау пакетінде енгізілген алгоритм өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың осындай пайызын таба алады, ол барлық деректер жиынтығын осы топтарға бөледі және осы нүктеден өткеннен кейін статистикалық маңызды өзгеріс болады, содан кейін экономиканың өсу қарқыны бірінші топпен салыстырғанда айтарлықтай төмендей бастайды.

Тәуелді айнымалы ретінде, өндіріс әдісімен ЖІӨ-нің өсу қарқыны өткен жылға пайызбен жүреді. Әсер етуші айнымалы ретінде, жұмыспен қамтылғандар санынан өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы көрсетіледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы жалпы нәтижелі және нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қамтиды, өйткені оларды осы топтарға бөліп есепке алу тек 2013 жылдан басталғандығын 2.1-тарауында қарастырғамыз. Сондықтан байқаулар санын көбейту мақсатында 1995 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы пайызы алынды. Бақылаушы айнымалылары ретінде жыл сайын Статистика комитеті жариялайтын және Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне жататын бірқатар көрсеткіштер таңдалды. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер 8 топқа бөлінген:

1. Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер;
2. Өмір сүру деңгейінің статистикасы;
3. Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы;
4. Бағалар статистикасы;
5. Ұлттық экономика;
6. Экономиканың нақты секторы;
7. Сауда статистикасы;
8. Қаржы жүйесі.

Осы топтардың әрқайсысында өз тобының атауын жақсы көрсететін көрсеткіштер таңдалды, ал топ ішінде көрсеткіштер мультиколлинеарлықтың теріс әсері болмас үшін бір-бірімен тығыз байланысты (корреляциялы) болмауы керек. Әр түрлі топтарға жататын тәуелсіз айнымалылар арасында жоғары корреляция коэффициенті табылған жағдайда, модельге тәуелді айнымалымен ең жоғары корреляция коэффициенті бар немесе оған статистикалық маңызды әсер еткен индикатор енгізілді. Осы іріктеу принципімен қатар абсолютті емес, салыстырмалы түрде өлшенген көрсеткіштерге артықшылық берілді, өйткені тәуелді айнымалы салыстырмалы сандармен де өлшенеді. Сондай-ақ, неғұрлым тұрақты сипатқа ие және теңгенің долларға айырбас бағамын ескеретін валюта ретінде АҚШ доллары негізінде есептелген салыстырмалы көрсеткіштерге басымдық берілді. ЖІӨ өсу қарқынының мәндері 1996 жылдан бастап алынды, өйткені 1991 жылдан 1992 жылға дейін Қазақстанның ЖІӨ рубльмен өлшенді, ал 1993 жылдан 1995 жылға дейін ЖІӨ бойынша ғана емес, сонымен қатар экономикалық тұрақсыздық пен елдің ұлттық статистикалық есебінің

калыптасуынан туындаған басқа көрсеткіштер бойынша да айтарлықтай өзгерістер болды.

Нәтижесінде модельге, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызынан басқа тағы екі бақылау айнымалысы кірді: негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны, тұтыну бағаларының индексі.

Кесте 18 - Шекті регрессия моделіне енген айнымалылар

Жылдар	ЖІӨ өсу қарқыны, өткен жылға пайызбен	Өз-өзі жұмыспен қамтығандар, жұмыспен қамтылған халыққа пайызбен	Тұтыну бағаларының индексі	Негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны
	y	x2	X8	x9
1996	26,4	24,6	128,7	-36,9
1997	5,4	34	111,2	7,6
1998	-0,1	38,3	101,9	35,8
1999	-23,8	45,1	117,8	-8,5
2000	8,4	43,5	109,8	35,7
2001	21,1	42,3	106,4	53,4
2002	11,2	39,9	106,6	11,6
2003	25,2	39,4	106,8	23,7
2004	39,9	37,8	106,7	41,1
2005	32,4	36,1	107,5	45,5
2006	41,8	35,5	108,4	23
2007	29,4	34,8	118,8	23,6
2008	27,3	33,8	109,5	26,5
2009	-13,6	33,7	106,2	-11,2
2010	28,4	33,3	107,8	1,6
2011	30,1	32,8	107,4	8,2
2012	8	31,7	106	7,4
2013	13,8	30,6	104,8	8,8
2014	-6,4	28,2	107,4	-7,8
2015	-16,7	25,4	113,6	-13,9
2016	-25,5	25,8	108,5	-28,4
2017	21,5	24,5	107,1	18,6
2018	7,5	24	105,3	20,5
2019	1,3	23,9	105,4	1,3
2020	-5,8	23,4	107,5	-9,6
2021	12,8	23,8	108,4	4,4

Ескерту – ақпарат көзі: <https://stat.gov.kz/>

Сипаттамалық статистика деректеріне сәйкес, атап айтқанда Харке-Бера тестінің нәтижелері бойынша ЖІӨ-нің өзгермелі өсу қарқыны және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы қалыпты бөлу Заңына сәйкес бөлінді, ал негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны мен тұтыну бағаларының

индексі қалыпты бөлуге бағынбайды. Айнымалылардың әрқайсысы бойынша бақылаулар саны 28-ге тең.

Кесте 19 - Сипаттамалық статистика

	Y	X2	X8	X9
Mean	12.29286	31.11429	151.9321	15.25714
Median	12.00000	33.05000	107.5000	10.20000
Maximum	41.80000	45.10000	1258.300	130.0000
Minimum	-25.50000	8.400000	101.9000	-36.90000
Std. Dev.	19.04542	8.393724	217.1065	31.04590
Skewness	-0.320769	-0.574227	4.983427	1.656205
Kurtosis	2.231680	3.265695	25.90386	7.874022
Jarque-Bera	1.168869	1.621132	727.9126	40.51618
Probability	0.557421	0.444606	0.000000	0.000000
Sum	344.2000	871.2000	4254.100	427.2000
Sum Sq. Dev.	9793.659	1902.274	1272652.	26023.89
Observations	28	28	28	28

Бұл жағдайда таңдалған тәуелсіз айнымалылар өзара күшті корреляциялық байланысқа ие емес, өйткені олар 0,8 мәнінен аспайды, бұл мультиколлинеарлық проблеманың жоқтығын көрсетуі мүмкін.

Кесте 20 - Шекті модельдің тәуелсіз айнымалыларының корреляциялық матрицасы

	X2	X8	X9
X2	1		
X8	-0.547	1	
X9	-0.095	0.717	1

Модуль бойынша 0,8-ден жоғары мәнді қабылдайтын жұптық корреляция коэффициенттерінің үлкен мәндерінің болуы алынған бағалардың сапасына қатысты проблемалар бар екенін көрсетуі мүмкін¹. Алайда, корреляцияның жұптық коэффициенттерін талдау жеткіліксіз. Басқа факторларға (R_i^2) факторлардың регрессиясын анықтау коэффициенттерін талдау қажет, әсіресе бұл бірнеше регрессиялық талдау үшін ұсынылады. VIF (Variance Inflation Factor) көрсеткішін есептеу ұсынылады, ол келесі формула бойынша есептелетін Дисперсиялық Инфляция Факторын білдіреді:

$$VIF = \frac{1}{1-R_i^2} \quad (1)$$

мұндағы, R^2 - тәуелді айнымалының орнына тәуелсіз айнымалылардың әрқайсысы орналастырылатын көмекші регрессияны анықтау коэффициенті, ал бастапқы тәуелді айнымалыдан басқа барлық қалған тәуелсіз айнымалылар осы регрессияның регрессанттары болып қалады. Тәуелсіз айнымалылардың

¹ Pedace Roberto. Econometrics For Dummies. - New Jersey.: John Wiley & Sons Limited, 2013. Стр.: 319.

әрқайсысы барлық басқа регрессанттармен неғұрлым күшті түсіндірілсе, соғұрлым R^2 мәнін алады, демек VIF көрсеткіші. Мысалы, егер регрессиялық модель тәуелсіз айнымалылардың біріне салынса және осы модельдің R^2 -квадраты 0,8 болса, яғни оның өзгеруін барлық басқа бастапқы тәуелсіз айнымалылардың 80%-ға түсіндіруге болады, онда VIF көрсеткіші 5 болады.

$$VIF = \frac{1}{1-R_i^2} = \frac{1}{1-0,8} = \frac{1}{0,2} = 5 \quad (2)$$

VIF интерпретациясының көптеген ережелері бар. Ең танымал ережелердің бірі - VIF мәні 10-нан жоғары болуы керек². Оған қол жеткізген кезде мұндай тәуелсіз айнымалыны модельден алып тастап, онсыз модель құруға тырысу керек. Берілген шекті регрессия үшін VIF көрсеткішінің есептік мәндері 21-кестеде келтірілген. Келесі кестеде шекті регрессия коэффициенттері келтірілген.

Кесте 21 - Шекті регрессия нәтижелері

Dependent Variable: Y
 Method: Discrete Threshold Regression
 Date: 07/14/22 Time: 14:22
 Sample: 1996 2021
 Included observations: 26
 Selection: Trimming 0.15, Max. thresholds 5, Sig. level 0.05
 Threshold variable: X2

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
X2 < 33.699999 -- 13 obs				
C	-252.7770	67.58926	-3.739899	0.0013
X2	1.793943	0.949345	1.889663	0.0734
33.699999 <= X2 -- 13 obs				
C	-120.1248	66.57959	-1.804228	0.0863
X2	-2.590031	0.916231	-2.826831	0.0104
Non-Threshold Variables				
X8	1.955699	0.542894	3.602357	0.0018
X9	0.889594	0.163234	5.449819	0.0000
R-squared	0.675651	Mean dependent var		11.53846
Adjusted R-squared	0.594564	S.D. dependent var		18.91632
S.E. of regression	12.04475	Akaike info criterion		8.014309
Sum squared resid	2901.520	Schwarz criterion		8.304639
Log likelihood	-98.18602	Hannan-Quinn criter.		8.097914
F-statistic	8.332406	Durbin-Watson stat		1.651693
Prob(F-statistic)	0.000217			

² Сара Бослаф. Статистика для всех. / Пер. с англ. П. А. Волкова, И. М. Флямер, М. В. Либерман, А. А. Галицына. – М.: ДМК Пресс, 2015. – 586 с.: стр. 279.

Шекті регрессияның келесі теориялық теңдеуі бағаланды:

$$Y = (X_2 < 33.7) * (-252.8 + 1.794 * X_2) + (X_2 \geq 33.7) * (-120.1 - 2.6 * X_2) + 1.956 * X_8 + 0.889 * X_9 \quad (3)$$

Мұндағы:

Y - өндіріс әдісімен ЖІӨ-нің өсу қарқыны, өткен жылға пайызбен;

X₂ - өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы;

X₈ - тұтыну бағаларының индексі;

X₉ - негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны.


Регрессия бойынша 33,7% - ға тең нүкте статистикалық маңызды құрылымдық жылжу нүктесі болып табылады, сол нүктеден кейін өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы Қазақстанның ЖІӨ өсу қарқынына оң емес, теріс әсер етеді. Бұл деген экономикалық мәні жағынан ұлттық экономикада өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, соның ішінде нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар тұтынуға қажетті тауарлар мен қызметтерді айырбастау үшін өндіре отырып одан табыс алады, тиісінше ол алынған табыстар елдің жиынтық ЖІӨ-де көрініс таба отырып оған экономикалық әсер етеді. Шектік регрессия нәтижесі бойынша модельдегі 33,7% - нүкте ел экономикасында ЖІӨ-ге әсер ететін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын білдіреді, тиісінше олардың алатын табыстары. Бұл жерде айта кету керек, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың нәтижелі топтарының саны Қазақстанның ЖІӨ өсу қарқынына оң әсер етеді (бұл панельдік регрессия кезінде дәлелденеді), ал нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар кері әсер етеді. Модельде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 1996-шы жылдан бері алынған, ал оларды екі топқа бөлу (нәтижелі және нәтижесіз) тек 2013-ші жылдан қабылданғанын білеміз және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жұмыспен қамту құрамына 2012-ші жылдан ғана енгізілген, сондықтан модельде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санының өсуі 33,7% - нүктеден кейін төмендеуі, олардың экономикада қалыптасуының басынан бастап бейресми жұмыспен қамтылу қатарында болғандығымен түсіндіріледі.

Модельге екі ішкі модель енгізілген. Біреуі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 33,7% - дан төмен пайызы үшін, екіншісі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 33,7% - дан жоғары пайызы үшін. Сонымен қатар, бірінші ішкі модель үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайыздық регрессия коэффициенті оң белгіге ие, ал екінші ішкі модельдің регрессия коэффициенті теріс белгіге ие. Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 33,7% -дан жоғары пайызы экономиканың өсу қарқынына теріс әсер етеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы 1% - ға ұлғайған кезде бірінші кіші топта экономика қарқыны 1,8%-ға, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы 1%-ға өскен кезде екінші кіші топта экономика өсімі 2,6%-ға төмендейді.

Бақылау айнымалыларынан екі айнымалы да статистикалық маңызды нәтиже көрсетті. Тұтыну бағаларының индексі 1%-ға ұлғайған кезде ЖІӨ-нің

өсу қарқыны 2%-ға, ал негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны ұлғайған кезде ЖІӨ-нің өсу қарқыны 0,89%-ға артады.

Модель статистикалық маңызды болып шықты. Модельдің сапасын сипаттайтын кейбір мәндерді келтірейік. 8,3-ге тең F-статистикасы 0,000 деңгейінде маңызды, R-квадраты 67%, яғни модель тәуелді айнымалының 67% вариациясын түсіндіре алады. Дарбин-Уотсон статистикасы 1,65-ке тең, бұл қалдықтардың автокорреляциясы сияқты жағымсыз құбылыстың жоқтығын көрсетеді. Келесі диаграммада модельдің нақты, болжамды деректері мен қалдықтары көрсетілген.



Сурет 26 - Шекті модельдің нақты, болжамды деректері мен қалдықтары

ЖІӨ-нің нақты көлем индексінің болжамды мәндерін модель жақсы болжайтынын көзбен көруге болады. Енді біз мультиколлинеарлық, автокорреляция және гетероскедастикалық тесттерді қолдана отырып, алынған модельдің сәйкестігіне арналған формальды статистикалық тестті жүргіземіз – модельді, ең кіші квадраттар (MNC) әдісін қолдану болжамдарының сақталуына тексеретін басты тест болып табылады. Егер тесттер бұл проблемаларды анықтамаса, онда болжау үшін ондай модельді қолдануға болады, өйткені регрессия коэффициенттері нақты, тиімді және ауыстырылмаған болады.

Кесте 22 - Мультиколлинеарлыққа тексеру нәтижелері

Variance Inflation Factors			
Sample: 1996 2021			
Included observations: 26			
Variable	Coefficient Variance	Uncentered VIF	Centered VIF
C	4350.783	539.1894	NA
X2	0.296108	40.45497	1.584110
X9	0.033680	2.473952	1.982939
X8	0.385361	569.3642	1.355953

Модель тұрақты (константа) болғандықтан, Centered VIF бағанындағы мәндерге назар аудару керек. Бұл бағандағы барлық мәндер 5-ке тең болатын критикалық мәннен аспайды, сондықтан регрессорлар арасында мультиколлинеарлық әсердің болмауы туралы қорытынды жасауға болады.

Қалдықтарды автокорреляцияға тексерейік. Ол үшін біз модельдің қалдықтарында автокорреляция әсеріне Бройш-Годфри статистикалық тестін жүргіземіз.

F-статистикасының мәні 0,861385 болды, бұл 0,5237 ықтималдығына сәйкес келеді, бұл қалдықтардың таралуында гетероскедастикалық әсердің жоқтығын білдіреді.

Кесте 23 - Бриш-Пэганның гетероскедастикалыққа тест нәтижелері

Heteroskedasticity Test: Breusch-Pagan-Godfrey			
Null hypothesis: Homoskedasticity			
F-statistic	0.861385	Prob. F(5,20)	0.5237
Obs*R-squared	4.606920	Prob. Chi-Square(5)	0.4657
Scaled explained SS	1.608876	Prob. Chi-Square(5)	0.9002

Әрі қарай, модельдің қалдықтарында автокорреляцияның болуын тексеретін тест жүргіземіз.


Кесте 24 - Бройш -Годфридің автокорреляцияға деген тест нәтижелері

Breusch-Godfrey Serial Correlation LM Test:			
Null hypothesis: No serial correlation at up to 2 lags			
F-statistic	0.399216	Prob. F(2,18)	0.6766
Obs*R-squared	1.104306	Prob. Chi-Square(2)	0.5757

F-статистиканың мәні 0,399216 болды, бұл 0,6766-ға тең ықтималдыққа сәйкес келеді, бұл қалдықтардың таралуында гетероскедастиканың жоқтығын көрсетеді.

MNC алғышарттарының тағы бір бұзылуы - модель қалдықтары қалыпты таралуға сәйкес келуі керек. Бұл бұзылу өте маңызды емес, бұл модель болған кезде де қолдануға мүмкіндік береді. Бұл алғышарт регрессия коэффициенттері үшін сенімділік интервалдарын есептеу кезінде ескеріледі, регрессия коэффициенттерінің мәндерінің өзі өзгеріссіз (ауыстырылмаған күйде) қалады.

Қалдықтарды олардың бөлінуінің қалыпты бөлінуге сәйкестігін тексеру Харке-Бера тесті арқылы жүзеге асырылады. Тест деректердің қалыпты таралудан статистикалық маңызды түрде ауытқымайтындығы туралы нөлдік гипотезаны тексереді. Тест салынған Хи-квадрат статистикасының мәні 1,3 болды. Бұл жағдайда статистика елеусіз нәтиже көрсетті, алынған статистиканың маңыздылығы 0,524366 болды, бұл 0,05 критикалық мәнінен жоғары, бұл қалдықтар қалыпты түрде бөлінді деп санауға негіз береді.



Сурет 27 - Модель қалдықтарының гистограммасы және олардың қалыпты бөлінуге сәйкестігін тексеру

Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 33,7% - дан төмен және осы шекті мәннен жоғары пайызы үшін екі статистикалық маңызды модель жасалды, олар арнайы статистикалық сынақтар арқылы сәйкестік сынағынан өтті. Осылайша, экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жоғары пайызы белгілі бір нүктеден немесе шекті деңгейден бастап экономиканың өсу қарқынына теріс әсер етеді деген зерттеу *гипотезасы* расталды.

Панельдік регрессия. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының Қазақстан экономикасына әсерін талдау үшін панельдік регрессиялық талдау да қолданылды, өйткені жиналған деректер панельдік сипатқа ие.

Панельдер дегеніміз бірнеше уақыт аралығында бірдей объектілер жиынтығы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер. Панельдік деректерді пайдаланудың бірқатар артықшылықтары бар:

- қарастырылып отырған үлгінің көлемін ұлғайту, бұл регрессиялық модель параметрлерін бағалаудың үлкен тиімділігін қамтамасыз етеді;
- кейбір ақпараттың жоғалуына байланысты кросс-секциялық деректер мен уақыттық қатарларды пайдаланудың кемшіліктерін өтейді: үлгі нысандарының гетерогенділігін ескеру мүмкіндігі және олар үшін жеке әсерлерді анықтау мүмкіндігі бар.

Панельдік деректер бақылау объектілері үшін әртүрлі мәндерді қабылдайтын, бірақ уақыт бойынша өзгермейтін бақыланатын және бақыланбайтын барлық айнымалылардың әсерін көрсететін панель объектілері үшін жеке, бекітілген эффекттер (Fe – fixed effects) деп аталатын объектілердің гетерогенділігін есепке алуға мүмкіндік береді. Егер модельде уақыттың әр сәті үшін әр түрлі мәндерді қабылдайтын, бірақ барлық популяция объектілері үшін бірдей бақыланбайтын факторларды ескеру қажет

болса, тұрақты эффектілерді анықтайтын жалған айнымалылар уақыт моменті үшін енгізіледі (period FE – period fixed effects).

Бекітілген әсерлер моделі өзгермеген және нақты бағалауды алуға кепілдік береді. Бекітілген және кездейсоқ эффектілерді қолдану арасында таңдау кезінде кездейсоқ эффектілердің регрессорлары арасындағы корреляция туралы гипотезаны тестілеу мен мәліметтер жиынтығының қалыптасу ерекшеліктерін және оған кіретін объектілердің сипаттамаларын негізге алуға болады. Мысалы, кәсіпорындар, салалар, өңірлер мен елдер объект ретінде жүретін модельдер үшін, тұрақты эффектілері бар модель жиі қолданылады, өйткені мұндай іріктеудің әрбір объектілерінде өзіндік ерекшеліктері бар, ал модель құрудың мақсаты, атап айтқанда, бас жиынтықтың негізінде жататын кейбірінен кездейсоқ іріктеу деп санауға болмайтын, іріктеудің нақты объектісі үшін болжауды алу болып табылады.

Деректер 2018 жылдан 2021 жылға дейінгі 4 жыл ішінде Қазақстанның 14 облысы және Республикалық маңызы бар 3 қала (Астана, Алматы, Шымкент) бойынша жиналды (Қосымша Н - Қазақстан өңірлері бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары). Деректер 2018 жылдан бастап алынды, өйткені 2018 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан облысы таратылып, оның орнына ҚР статистикалық есебінің жаңа әкімшілік бірліктері құрылды: Түркістан облысы және Шымкент қаласы.

Панельдік деректердің артықшылығы - олар зерттеушіге көбірек бақылаулар мен еркіндік дәрежелерінің санын береді. Бақылаулар саны 68 бірлікті құрады. Бұл деректер уақыттық қатарларды және кеңістіктік деректердің қасиеттерін біріктіреді, яғни бірнеше кезеңдегі бірдей объектілер бойынша көрсеткіштердің мәндері өлшенеді. Зерттеу *гипотезасы* ретінде, тәуелді айнымалы деп анықталған жан басына шаққандағы ЖІӨ (GDP) мөлшеріне ҚР Статистика комитетінің сайтында жарияланған Қазақстан өңірлері бойынша еңбек нарығының негізгі индикаторлары әсер етуі мүмкін деген идея ұсынылды: <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/7>.

ҚР Статистика комитеті еңбек нарығының негізгі индикаторларына мынандай көрсеткіштерді жатқызады:

- Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер (Samozanyatyе);
- Нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар (Productive);
- Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар (Unproductive);
- Жұмыс күші - экономикалық белсенді халық (Labor_force);
- Жұмыспен қамтылған халық (Emp_pop);
- Жалдамалы жұмысшылар (Wage_pop);
- Жұмыссыз халық (Unemp_pop);
- Жұмыссыздық деңгейі (Unemp_rate).

Төменде панельдік регрессия нәтижелері берілген. Айнымалылар модельге логарифм ретінде енгізілді, осылайша олардың өзара байланысын пайыз ретінде түсіндіруге болады.

Кесте 25 - Panel least Squares әдісімен панельді регрессия нәтижелері

Dependent Variable: LOG(GDP)
 Method: Panel Least Squares
 Sample: 2018 2021
 Periods included: 4
 Cross-sections included: 17
 Total panel (balanced) observations: 68

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
C	13.29672	1.491102	8.917378	0.0000
LOG(PRODUCTIVE)	0.319754	0.108408	2.949552	0.0050
LOG(UNEMP_POP)	-2.762020	0.485063	-5.694146	0.0000

Effects Specification

Cross-section fixed (dummy variables)

Period fixed (dummy variables)

Root MSE	0.059875	R-squared	0.990451
Mean dependent var	8.129588	Adjusted R-squared	0.986091
S.D. dependent var	0.617268	S.E. of regression	0.072798
Akaike info criterion	-2.146057	Sum squared resid	0.243781
Schwarz criterion	-1.427981	Log likelihood	94.96593
Hannan-Quinn criter.	-1.861533	F-statistic	227.1925
Durbin-Watson stat	2.053345	Prob(F-statistic)	0.000000

Модель өзінің нақтылығын көрсетті. R-квадраттың мәні 0,990451 болды, яғни тәуелсіз айнымалылар жиынтығы тәуелді айнымалының 99,05% вариациясын түсіндіреді. F-статистиканың мәні 227,2 құрады. Мұндай F-статистикалық мәнді кездейсоқ алу ықтималдығы 0,000 болды, бұл нөлдік регрессия коэффициенттерінің жиынтық теңдігі туралы нөлдік *гипотезаны* жоққа шығаруға және панельдік модель коэффициенттерінің кем дегенде біреуі нөлге тең емес деген *балама гипотезаны* қабылдауға мүмкіндік береді. Модель келесі регрессия теңдеуі ретінде ұсынылған:

$$\text{LOG(GDP)} = 13.29672 + 0.319754 \cdot \text{LOG(PRODUCTIVE)} - 2.76202 \cdot \text{LOG(UNEMP_POP)} + [\text{CX}=\text{F}, \text{PER}=\text{F}] \quad (4)$$

Нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өсу қарқыны кезіндегі регрессия коэффициенті 0,319754 құрады және бүкіл үлгі үшін оң белгіге ие, бұл нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының 1% - ға артуы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 0,32% - ға өсуіне әкелетінін көрсетеді. Жұмыссыздар санының 1% - ға артуы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 2,76% - ға төмендеуіне алып келеді, яғни нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өсу қарқыны ЖІӨ-нің өсу қарқынына оң әсер етеді, ал жұмыссыздар санының өсуі теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, егер модельге өңірлер бойынша және жылдар бойынша тіркелген әсерлерді нақты енгізетін болсақ, онда барлық жылдар

статистикалық маңызды нәтиже көрсеткенін, ал өңірлерден 17-нің тек 3-і ғана статистикалық маңызды нәтиже көрсетпегенін көруге болады (Ақмола, БҚО, Жамбыл). Бұл ретте тіректі (опорный) өңір Шымкент қаласы болды, ал тірек (опорный) жылы 2021 жыл болды.

Кесте 26 - Ordinary Least Squares әдісімен панельді регрессия нәтижелері

Dependent Variable: LOG(GDP)


Method: Least Squares

Sample: 1 68

Included observations: 68

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
C	12.68326	1.476316	8.591160	0.0000
LOG(PRODUCTIV E) LOG(UNEMP_POP)	0.319754	0.108408	2.949552	0.0050
ID_1	-2.762020	0.485063	-5.694146	0.0000
ID_2	0.068945	0.059411	1.160484	0.2518
ID_3	0.559086	0.095235	5.870592	0.0000
ID_4	1.703372	0.364578	4.672174	0.0000
ID_5	1.335674	0.158058	8.450521	0.0000
ID_6	0.006018	0.134944	0.044599	0.9646
ID_7	0.008782	0.088134	0.099644	0.9211
ID_8	1.829191	0.229249	7.979055	0.0000
ID_9	0.572300	0.070966	8.064390	0.0000
ID_10	-0.694218	0.127690	-5.436737	0.0000
ID_11	0.572877	0.213742	2.680226	0.0102
ID_12	0.548796	0.095365	5.754688	0.0000
ID_13	-0.727828	0.174544	-4.169891	0.0001
ID_14	0.749235	0.294133	2.547269	0.0143
ID_15	1.426385	0.208329	6.846782	0.0000
ID_16	1.855251	0.155724	11.91370	0.0000
YEAR_1	3.654794	0.445953	8.195466	0.0000
YEAR_2	-0.320513	0.025764	-12.44042	0.0000
YEAR_3	-0.243328	0.026524	-9.173941	0.0000
YEAR_3	-0.151432	0.025453	-5.949485	0.0000
R-squared	0.990451	Mean dependent var		8.129588
Adjusted R-squared	0.986091	S.D. dependent var		0.617268
S.E. of regression	0.072798	Akaike info criterion		-2.146057
Sum squared resid	0.243781	Schwarz criterion		-1.427981
Log likelihood	94.96593	Hannan-Quinn criter.		-1.861533
F-statistic	227.1925	Durbin-Watson stat		1.990226
Prob(F-statistic)	0.000000			

Панельдік регрессиялық модель бойынша модельдің нақты, болжамды деректері мен қалдықтарын келесі суреттен көре аламыз (3-сурет).



Сурет 28 - Панельдік модельдің нақты, болжамды деректері мен қалдықтары

ЖІӨ-нің нақты көлем индексінің болжамды мәндерін модель жақсы болжайтынын және ЖІӨ индексінің нақты және болжамды мәндері арасында шамалы айырмашылықтар бар екенін көзбен көруге болады. Осылайша, регрессиялық модельдерді құру ЖІӨ-нің өсу қарқыны мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында байланыс бар екенін көрсетті. Жалпы алғанда, бұл оң жағдай, бірақ шекті регрессия моделі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың тым көп пайызы ЖІӨ өсу қарқынына теріс әсер ететінін және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың шегі 33,7% - дан асқаннан кейін ел экономикасы төмендей бастағанын көрсетті. Сондай-ақ, нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге оң әсер ететіндігі, ал жұмыссыздар теріс әсер ететіндігі модель арқылы айқын көрсетілді.

Ұлттық экономикадағы субъектілердің алатын табыстары өте маңызды және ол ЖІӨ-ге тікелей әсер етеді. Ел экономикасында табыстар теңсіздігі мәселесі бар және ол нарық экономикасында болатын заңдылық, дегенмен оның үлкен алшақтығын болдырмау әлеуметтік бейімделген мемлекеттің ең негізгі міндеті.

Халықтың табысындағы теңсіздікті ойдағыдай еңсеру Қазақстанның ЭЫДҰ экономикалық дамыған елдер тобына кіруінің алғышарты болып табылады. Болашақта теңсіздікті жеңу елдің экономикалық өсуінің негізгі факторы болуы мүмкін. Табыс теңсіздігін төмендетудің негізгі бағыттары еңбек нарығын реттеумен және жаңа жоғары өнімді жұмыс орындарын құруға

бейімделумен тығыз байланысты мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Мәселенің маңызды аспектісі табыс теңсіздігімен күресу теңсіздіктің қажетті деңгейіне жету шаралары мен әлеуметтік трансферттердің өсіп келе жатқан рөлі арасындағы дұрыс теңгерімді табудан тұрады [160].

Сондықтан да ел экономикасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды мемлекеттің жүргізіп жатқан ресмилендіру жұмысының оң бағытта екені тағы да дәлелдене түсуде. Осы ретте ұлттық экономикада нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қатарының көбеюі маңызды, өйткені олар дара кәсіпкерлікті дамыта отырып ЖІӨ-дегі жиынтық табысты арттырары сөзсіз.

Екінші бөлім бойынша қорытындылар:

- ҚР экономикалық дамуындағы 1991-2021 жылдардағы Еңбек және жұмыспен қамту статистикасындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша 30 жылда біраз серпіліс пен оң өзгерістер болғандығы анықталды, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың статистикасы ресми түрде 2006-шы жылдан бері жүргізілетіндіктен зерттеудегі статистикалық талдау ауқымы 2006-2021 жж. және де 2013 жылдан бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық топтарына өңірлік және пандемиялық кезеңдерді бөлуді қамти отырып өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың сапалық және сандық құрылымына, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың әлеуетіне статистикалық талдау жүргізілді;

- Қазақстан Республикасында да өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері айқындалып, толықтырылды;

- бейресми жұмыспен қамтылған тұлғаларға жеке кәсіпкер ретінде тіркелусіз кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін БЖТ тетігі талданды;

- Қазақстан Республикасында бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеу және әлеуметтік мәртебесін айқындау арқылы мемлекеттік реттеу механизмі анықталынып, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты мемлекеттік реттеу ерекшеліктері айқындалды;

- Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар) тауарлар мен қызметтерді өндіретінін ескеретін болсақ, онда олар заманауи ұлттық экономиканың дамуына белгілі бір үлес қосады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың елдің Ұлттық экономикасына қосатын нақты үлесін анықтау үшін біз оларды регрессиялық модель құру арқылы панельдік регрессия әдісі қолданылды. Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының ЖІӨ өсу қарқынына әсерін экономикалық-математикалық негізде шекті және панельдік регрессиялық модельдер құру арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ұлттық экономика дамуына әсері бағаланды.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ: ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

3.1 Қазақстан еңбек нарығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар секторының даму мүмкіндіктері және әсер ететін тәуекелдер

Ұлттық экономиканы жаңғырту инновациялық белсенді шаруашылық жүргізуші субъектілерді, сонымен бірге өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды жұмылдырумен қатар жүруі тиіс, олар үшін жаңа білім мен инновациялар жасау қызметтің негізгі түріне және бизнесті ұдайы молайту үшін табыс алу тәсіліне айналады. Қоғамдағы трансформациялық құбылыстар жұмыспен қамту проблемасын шиеленістірді, сондықтан Қазақстанның ішкі экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешу, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін өзін-өзі жұмыспен қамтудың жаңа нысандары мен түрлеріне бағдарлана отырып, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін пайдалану өте пайдалы.

Жасырын жұмыссыздықты реттеу және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық ұғымының өлшемдерін анықтау мәселесі Қазақстан Республикасында бұрыннан көтерілген. Соған қарамастан, ол кейінгі жылдары өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты "көлеңкеден" шығару туралы мәселе көтерілген кезде ерекше өзектілікке ие болды. 2018 жылдың басында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев (1991 жылғы 16 желтоқсаннан 2019 жылғы 20 наурызға дейін) Үкіметтің кеңейтілген отырысында өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа салық салу мәселесін қарауды тапсырды. Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі М.Әбілқасымова (2018 жылғы 9 ақпан — 2019 жылғы 25 ақпанға дейін) 2018 жыл ішінде бейресми және өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың қызметін заңдастыру мәселелері бойынша заң жобасы дайындалатынын, оның шеңберінде өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың қызметін міндетті оңайлатылған тіркеу енгізілетінін атап өтті. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.Досаев (қазіргі Алматы қаласының әкімі 2022 жылғы 31 қаңтардан бастап) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты "көлеңкеден" шығару туралы Заң жобасында жұмыс жүргізіліп жатқанын хабарлады.

Өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесін шешу үшін Үкімет бейресми жұмыспен қамтылған халықты рәсімдеу және ел экономикасына тарту жөніндегі Жол картасын іске асыруда. Бұдан басқа, "бейресми жұмыспен қамтылғандардың қызметін заңдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Заң жобасы әзірленді, олар туралы біз 2.2-параграфта қарастырылып фактілер келтірілген. Алайда, барлық қабылданған шараларға қарамастан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға қатысты саясат әлі нақты контурға ие болған жоқ. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың құқықтық және экономикалық мәртебесі қандай болуы керек, оларды "көлеңкеден шығуға" қалай ынталандыру керек, сондай-ақ өздеріне және мемлекетке жауапкершілікпен қарау туралы көптеген сауалдар бар. Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесін жақсы түсінуге

ықпал ететін ашық зерттеулердің жетіспейтіндігі де жағдайды күрделендіре түседі. Осыған байланысты, PaperLab пікірталас алаңдарында (<https://paperlab.kz/>) бейінді ведомстволар өкілдерінің, экономист-зерттеушілердің, сондай-ақ осы тақырып бойынша құзыретті сарапшылардың қатысуымен Кәсіби пікірталастар өткізіледі (Ж.Кулекеев, Б. Төреханова, Д. Молдоканов) [181].

Осы пікірталастарда айтылған мәселелерді келесідей тұжырымдауға болады:

- өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық – өз бетінше іс-әрекетте үлкен еңбек өтілі, тұрақты табыстары бар қалыптасқан бір «тап», өз ісінің меншік иелері;
- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - экономика локомотивтерінің бірі;
- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - еңбек адамдары;
- қолданыстағы мемлекеттік басқару және нормативтік-құқықтық база үлгілерінде орталықтандыру мен командалық-әкімшілік тәсілдің шамадан тыс болуы себебінен жұмыспен қамтуда ҚР аумақтарының ерекшелігі ескерілмейді;
- бейресми өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кешенді мәселелерін шешуде ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылдың пәрменді тетіктерінің болмауы;
- салықтық ынталандыру және жеңілдетілген несие беру тетігі болатын жұмыспен қамтудағы құзыреттілікті, үйлестіруді арттырудың арнайы бағдарламаларын құру қажет.

Осы аталған мәселелер біздің де зерттеуіміздің кешенді негізі болып отыр. Ауылдық жерлерде қалалықпен (статистикалық көрсеткіштер бойынша 2.1-параграфта) салыстырғанда орта және ірі кәсіпорындар әлдеқайда аз, бұл жергілікті тұрғындардың өздері үшін жұмыс орындарын өз беттерінше құру қажеттілігін туғызады.

Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, мемлекет те осындай бизнесті қолдауға мүдделі болады. Кәсіпкерлік Кодексте тіпті шағын кәсіпкерліктің микробизнес сияқты бағыты көрсетілген, Оны қазір 15 адамға дейін жұмыс істейтін компаниялар түсінеді, ал олардың активтерінің орташа жылдық құны отыз мың айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

Қазақстан халықаралық тәжірибе негізінде елде өзін-өзі жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асырады, оның негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәртебесін рәсімдеу жөніндегі республикалық және өңірлік жол карталары әзірленген еді.

Бүгінгі таңда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты қолдау бойынша арнайы бағдарламалар бөлінбейді, бірақ оларға жанама түрде қатысты болуы мүмкін бағдарламалар бар. Мысалы, әр түрлі іс-әрекет сфераларында жаңа бастап жатқан, жас кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары ерекшеленеді. Осындай бағдарламалардың бірі "Жұмыспен қамту Жол картасы 2020" болды, оның негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатын арттыруға жәрдемдесу, жұмыссыздық деңгейін қысқарту, Қазақстан Республикасы халқының

жұмыспен қамту деңгейін арттыру болған. Бұл бағдарламаға жұмыссыздар ғана емес, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар да қатыса алды. Жұмыспен қамтудағы Жол картасының негізгі бағыты бірқатар түйінді мәселелерді шешуге бағытталған халықты жұмыспен қамтуды рәсімдеу болып табылады. Олардың ішінде:

1. Статистикалық есепке қою.
2. Салық режимдерінің күрделілігі.
3. Кейбір ұйымдық-құқықтық режимдердің болмауы.

Елімізде өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және өзін - өзі жұмыспен қамтығандардың санын анықтау Әдістемесін қабылдағанға дейін, олардың жұмыспен қамтылған халық құрамындағы үлесі айтарлықтай болғанымен, ресми түрде тіркелмеген. Осы зерттеу жұмысымызда атап өткеніміздей, 2012 жылы ғана өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ресми түрде танылып, жұмыспен қамтылған халықтың құрамына енді. Осыған байланысты олардың көпшілігі салықтар мен әлеуметтік аударымдарды төлемеді, Зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға қатыспады, сонымен қатар олар мансаптық өсуді күтпеді, сондықтан біліктіліктерін арттырмады. Жалпы алғанда, аталған фактілер саяси мекемеге объективті алаңдаушылық туғызды, сондықтан жоғары трибуналардан өзін-өзі жұмыспен қамту мәселелерін шешуге, ең алдымен олардың санын азайтуға бағытталған тапсырмалар берілді.

Соңғы жылдары бірқатар осы мәселе бойынша зерттеулер жүргізілді, және докторлық диссертациялар қорғалды (И.Садықов [182], Д. Байтенизов [183]), жұмыспен қамту мәселелерін шешуге және өзін-өзі жұмыспен қамтуды азайтуға бағытталған бірнеше бағдарламалар іске асырылды. Аталған жұмыстар осы бағытта айтарлықтай прогреске қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Алайда, өзін - өзі жұмыспен қамтыған халық санының одан әрі қысқаруы (статистикалық талдаулар бойынша елде өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуі 2015 жылға дейін байқалды, содан кейін ол қысқара бастады және бүгінгі күні жұмыспен қамтылған халықтың 23%-ын құрап отыр - 2 млн 96 мың адам) баяу жүруде және олар елдің еңбек нарығында болғандықтан оларды мойындауға тура келетінін атап өткен жөн. Демек, осы тұрғыда зерттелген халықаралық тәжірибені ескере отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтуды өркениетті бағытқа ауыстыруға бағытталған жүйелі шараларды әзірлеу, іске асыру дұрысырақ болады.

Диссертациялық жұмыстың 1.3-параграфында қарастырылып өткен әлемдік тәжірибеде өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қоса алғанда, жұмыспен қамтылған халықтың барлық санаты келесі жағдайларға байланысты мемлекеттік құрылымдардың мұқият зерделеу объектісі болып табылады. Бір жағынан, жұмыс күші кез-келген қоғамның негізгі өндірістік күші болып табылады және мемлекет байлығы халықтың жасампаз еңбегімен құрылады. Барлық мемлекеттердің Үкіметтері адами капиталдың әлеуетін үнемі арттыруға да, елдің Еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануға да мүдделі,

сондықтан олардың сапасына тұрақты мониторинг пен бағалау жүйесін жолға қояды, жұмыс күшінің құзыреті мен дағдыларын ұдайы арттыруға бағытталған түрлі білім беру сияқты өзге де бағдарламаларды әзірлейді. Екінші жағынан, ақшалай және заттай түрде табыс табатын елдің барлық азаматтары салық салу субъектісі болып табылады, сондықтан олардың қызметін тіркеу және олардың табыстарының мөлшерін объективті бағалау маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Батыс елдерінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты есепке алу және салық салу жүйесі жолға қойылған. Бұл ретте мемлекеттің өзін-өзі жұмыспен қамтығандармен қарым-қатынасын рәсімдеу өте жеңілдетілген және толығымен өтініш берушінің бастамасына негізделеді.

Диссертациялық жұмыстың 2.2-параграфында атап өткеніміздей, бүгінгі таңда халықтың мәртебесін анықтауды өзектендіру және бейресми жұмыспен қамтылғандарды (БЖТ және МӘМС) рәсімдеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Республиканың әрбір өңірінде әкімдіктердің барлық құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін қамтитын рәсімдеу жөніндегі өңірлік штабтар арнайы құрылған және жұмыс істейді. Рәсімдеу бойынша Жұмыспен қамтудың Жол картасы бойынша маңызды бағыты Еңбек нарығының инфрақұрылымын жаңғырту болып табылады, ол арқылы азаматтарға Нәтижелі жұмыспен қамтуға қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Халықты жұмыспен қамту орталықтарын реформалау, бірыңғай онлайн-платформа құру және электрондық еңбек биржасын толыққанды енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде.

Қазақстанның еңбек нарығындағы негізгі арналар:

- Электрондық еңбек биржасы.
- Мемлекеттік халықты жұмыспен қамту орталықтары.
- Жеке жұмыспен қамту агенттіктері (аутсорсинг).

Қазіргі уақытта Еңбек порталы Қазақстанда "Жұмыс және бос жұмыс орындары" бағытында сайттарға кіру бойынша екінші орында және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (Еңбекмин) деректері бойынша барлық қазақстандық сайттар арасында 74-ші орында.

Еңбек нарығындағы екінші арна - халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік орталықтары. Қазіргі уақытта Еңбек министрлігі әкімдіктермен бірлесіп оларды трансформациялау бойынша жұмыстар жүргізілуде.


Бұдан басқа, еңбек нарығының инфрақұрылымын жаңғырту шеңберінде жеке жұмыспен қамту агенттіктерін жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға тарту көзделеді. Ол үшін "халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг" ұғымы енгізіледі - көрсетілетін қызметтерді аутсорсинг туралы шарт негізінде халықты жұмыспен қамту орталықтарының көрсетілетін қызметтерді жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне беруіне бағытталған іс-шаралар кешені. Аутсорсингке жұмыссыздарды кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналастыру жөніндегі қызметтерді беру көзделіп отыр, бұл шамамен 60 мың адамды жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Еңбекмині мәліметтерін өзектендіру бағытын күшейту үшін жаңа егжей-тегжейлі сауалнама әзірленді және ақпарат және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп өзектендірудің төрт арнасын енгізу пысықталды:

- EGov электрондық үкімет порталы;
- Бірыңғай байланыс орталығы 1414;
- Халыққа қызмет көрсету орталықтары мен медициналық мекемелер сияқты халыққа қызмет көрсететін ұйымдар;
- Мобильді СМС арқылы мәртебесі жоқ адамдарды хабардар ету.

Бүгінгі таңда халықтың әлеуметтік мәртебесін анықтау бойынша өзектендірудің барлық арналары жұмыс істейді, дегенмен халық пассивті түрде байланысқа түседі. Жалпы, елімізде Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік құрылымдар өзара іс-қимыл жасайды және бүгінде олар цифрлық порталдарда жұмыс істейді.

2011 жылы жұмыспен қамту орталықтарының пайда болған сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі мемлекеттік институттардың өзара әрекеттесу сызбасы келесі суреттен көре аламыз (Сурет 29).



Сурет 29 - 2011 жылдан қазірге дейінгі уақыттағы еңбек нарығы институттарының өзара әрекеттесулері
Ескерту – әдебиет көзі [184]

Суреттен көріп отырғанымыздай, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасына бөлінген қаржыны мақсатты қолдану және оны ақпараттандыру, жұмыспен қамту саясатын жалпы үйлестіріп отыру үшін 2011 жылы Жұмыспен қамту орталықтары құрылған болатын және де олардың саны бүгінде 203-ке жетіп отыр [4, 79 бет]. Айта кету керек диссертацияның 2.2 параграфында осы Жұмыспен қамту орталығының (Алматы қаласы бойынша) мәліметтерінен БЖТ төлемінің құрылымын ашып көрсетілген.

Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа салық салу тәртібін айқындауға қатысты Жол картасының алтыншы тармағын іске асыру мақсатында 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап "Бірыңғай жиынтық (әлеуметтік) төлемнің" (БЖТ) жаңа режимі енгізілді, мұнда төлем мөлшері қалалардағы төлеушілер үшін айына 1 АЕК және ауылдар үшін 0,3 АЕК құрайды. Төлемге салық және барлық әлеуметтік төлемдер кіреді. БЖТ сомасына: жеке табыс салығының (10%), міндетті зейнетақы жарнасының (40%), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымның (10%), әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына әлеуметтік жарнаның (40%) сомалары енгізіледі. БЖТ бойынша нормалар Салық кодексіне енгізілген.


1. Нарықта өнімді өткізу немесе халыққа ақылы қызметтер көрсету үшін тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлерді тартпай кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеудің бар-жоғына қарамастан, заңды тұлға құрмай немесе жеке негіздегі кәсіпкерлік іс-әрекет;

2. Үй шаруашылығында сатуға арналған өнімдерді өндіру;

3. Фермерлік шаруашылықты жүргізу (құжаттардың тіркеуі немесе рәсімдеуі жоқ, жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі) [178].

Сонымен, бейресми секторда жұмыс істейтіндер, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады және мемлекеттік тіркеусіз ЖК ретінде жұмыс істей алады.

Кесте 31 - Өзін-өзі жұмыспен қамтудың салыстырмалы сипаттамасы

Өзін-өзі жұмыспен қамту ресми жұмыспен қамту ретінде	Өзін-өзі жұмыспен қамту бейресми жұмыс ретінде
1. Шағын кәсіпорындардың иелері мен менеджерлері (бір тұлғада) 2. Заңды тұлға құрмай тіркелген кәсіпкерлер 3. Тиісті тіркеуі, патенті немесе лицензиясы бар өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басқа санаттары	1. Жалдамалы жұмыскерлері бар немесе жоқ тіркелмеген жеке кәсіпкерлер 2. Патентсіз немесе лицензиясыз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 3. Отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмысшылары 4. Үй шаруашылығында сатуға немесе өзі тұтынуы үшін өнім өндірумен айналысатын тұлғалар
Ескерту-дереккөз [178]	

Кестеде келтірілген бейресми жұмыспен қамту критерийлеріне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамту ресми және бейресми жұмыспен қамту саласында болуы мүмкін және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметте де, басшы өзі меншік иесі және менеджері болып табылатын шағын кәсіпорынға да тән сипаттамаларға ие болуы мүмкін.

Дамыған елдерде "өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету" ұғымы адамдардың өте кең ауқымын қамтиды – ірі кәсіпкерлерден қолөнершілерге

дейін, ал посткеңестік елдерде ол еуропалық түсіндірудегі шағын, дәлірек айтқанда шағын бизнеске дейін тарылады. Ресейлік жұмыспен қамту бағдарламаларында ол жеке киім тігу, аяқ киім, жиһаз жасау, автожөндеу шеберханаларында және т.б. Сонымен, "өзін-өзі жұмыспен қамтығандар" ұғымы индустриалды дамыған елдердегі "шағын кәсіпкерлік" ұғымымен сәйкес келеді [166, б б.]. Міне осы жағдай өзін-өзі жұмыспен қамту заңды тұлға құрмай-ақ ЖК ретінде кәсіпкерліктің алғышарты болып табылатындығын дәлелдейді.

Ал ҚР-да жеке кәсіпкер болып табылмайтын, жұмыс берушімен шарты жоқ және жұмыссыз ретінде тіркелмеген жеке тұлға өзін-өзі жұмыспен қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, бұл азаматта жалдамалы жұмыскерлері болмауы керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам тек жеке тұлғаларға қызмет көрсете алады. Ол өз өндірісінің ауылшаруашылық өнімдерін сатуға құқылы, мысалы: көкөністер; жемістер; бал; жұмыртқа; сүт өнімдері. Бұл жағдайда оған қолдан жасалған басқа тауарларды, мысалы, зергерлік бұйымдарды сатуға тыйым салынады. Осы мақсатта жеке кәсіпкерді тіркеуге тура келеді. Сондай-ақ, жеке тұлға басқа жеке тұлғаларға қызмет көрсете алады. Көбінесе бұл: бала күтімі; жүкті тиеу және түсіру жұмыстары; тұрғын үйді немесе жабдықты жөндеу; репетиторлық; киім тігу; жиһаз құрастыру және басқа да міндеттер. Тұрғын үйді жалға беру де өзін-өзі жұмыспен қамтуға жатады. Яғни, сіз жұмыс істемеуіңіз мүмкін, бірақ пәтерді жалға беру және Бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеу арқылы зейнетақы тәжірибесін алуыңыз мүмкін. Бұл жағдай елде бейресми жұмыспен қамтылғандардың мәртебесін анықтау бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқандығымен, тиісінше өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды ресімдеумен түсіндіріледі. Ал БЖТ өз кезегінде мемлекеттік тіркеусіз жеке кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік береді.

Пандемия жұмыспен қамтылған халықтың барлық санаттарының кәсіби қызметіне түзетулер енгізді. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтері бойынша жұмыс уақыты орта есеппен 14% - ға қысқарды. Нәтижесінде 480 миллионға жуық жұмысшы (40 сағаттық жұмыс аптасын ескере отырып) жұмыс орындарынан айырылды. Бұл жұмыссыз халықтың көбеюіне ғана емес, әлемдік экономикада жұмыстың тұрақсыздығына әкелді [179]. Пандемия жұмыспен қамтылған халықтың жұмыс істеуінің жаңа траекториясын, проблемалары мен даму перспективаларын анықтады. Сонымен қатар, жұмыс берушіде ресми рәсімделмеген жұмыс істейтін халықтың жекелеген санатына фрилансерлер, жеке кәсіпкерлер, өз қызметін өз бетінше ұйымдастыратын адамдар және т.б. жатады және жұмысшылардың мұндай топтары бейресми жұмысшыларға жатады. Пандемия кезіндегі экономиканың ең тұрақты және тіпті тиімді секторлары телекоммуникация, фармацевтика және АТ қызметтері болып табылды. Көбінесе бұл қызметтерді фрилансерлер, жеке кәсіпкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық көрсетті. Кәсіпкерліктің әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарын таңдау, іс-әрекетті қаржылық, әкімшілік және әлеуметтік тұрғыдан бағалауды білдірді. Кәсіпкерлікті

ұйымдастырудың түрлері әртүрлі Ережелермен реттеледі және өзіндік Ережелері де бар. Осылайша, кәсіпкердің жауапкершілігі мен міндеттемелері, бухгалтерлік есеп ережелері мен есептілігі, табыс салығы ұйымдық-құқықтық нысанға тікелей байланысты болады.

Ғылыми әдебиеттерде фриланс пен жеке кәсіпкерлік халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының бір түрі болып саналады. Осыған байланысты фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту сияқты ұғымдарды ажырату қажеттілігі ерекше маңызды (32-кесте).

Кесте 32 – Фриланс, дара кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту түсініктерінің салыстырмалы сипаттамасы


Түсінік	Сипаттамасы	Қолданылу ерекшелігі
Фриланс	Келесі сипаттағы негізде жүргізілетін іс-әрекет: белгіленген төлемде нақты бір жұмысты орындау, жұмыс нақты бір салада кәсіпқоймен орындалады	Кәсіпкер ретінде ресми тіркелуі міндетті емес. Жұмыскерлер қызметті тапсырушының мүддесі үшін шығармашылық кәсіппен айналысады
Дара кәсіпкерлік	Тауар өндіру, қызмет көрсету немесе айырбастауға бағытталған экономикалық іс-әрекет. Ол белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылады және міндетті түрде ресми рәсімделуі керек	Бұл категорияға еркін кәсіптегі (сантехниктер, кондитерлер, малярлар, электриктер, косметологтар, шаштараздар, көтерме және бөлшек сатушылар) тұлғалар жатады. Міндетті түрде салық төлеу және әрдайым есеп беру
Өзін-өзі жұмыспен қамту	Өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалғандарынан айырмашылығы БЖТ – әлеуметтік салық төлеу қажеттілігі. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер өзінің кәсіби іс-әрекеті барысында алған табысынан ғана төлейді. Егер табыс алмаса салық төлемейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар шетелдіктер де, шекарадан тыс жұмыс істейтін адамдар да болады	Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық лицензия керек етпейтін барлық қызметті көрсете алады. Ондай қызметтер пәтерді жалдағанда, таксиде жұмыс істегенде, киім тіккенде, сүт сатқанда жүргізіледі. Бұл зейнетақылық жинақты, медициналық сақтандыруды қамтамсыз етуге мүмкіндік беретін қол жетімді амал.
Ескерту – зерттеу негізінде автормен құрастырылған		

Кестеге сәйкес фрилансерлер кәсіби жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – бұл жынысына, жасына, біліміне және тіпті азаматтығына қарамастан барлық адамдар болады, ал жеке кәсіпкерлер - бұл еркін кәсіп иелері, және оның басты шарты - міндетті салық төлеу және мемлекеттік органдар алдында тұрақты есеп беру.

Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамту заңнамалық бекуді және мемлекеттік реттеуді қажет ететін жеке ұғым ретінде қарастырылуы керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты мемлекеттік қолдаудың бағыттары мен

ерекшеліктерін айқындау мақсатында 2.3-параграфта ЖІӨ мен ҚР-дағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өзара байланысына шектік және панельдік регрессиялық талдау жүргізілді (регрессиялық модельдерді құру ЖІӨ-нің өсу қарқыны мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында байланыс бар екенін көрсетті және ұлттық экономикадағы олардың рөлін анықтауға мүмкіндік берді).

Қазақстан Республикасында нарықтық экономика жағдайында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын дамытудың бес сценарийін келесі бейнелеуден нақты көруге болады (35-сурет).



Сурет 35 – ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтудың даму сценарийі
Ескерту – зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Сонымен, осы параграфта біз Қазақстан Республикасының экономикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы дамуының бес сценарийін анықтадық. Қазақстан Республикасында 2012 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық ресми танылғаннан кейін олар жұмыспен қамтылған халықтың құрамына енгізілді және 2013 жылдан бастап нәтижелі және нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар тобы ретінде айқындалған. Нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін бейресми жұмыспен қамтылған адамдарға жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін БЖТ механизмі анықталды. БЖТ төлеушілер салықтық есеп бермейді және олардың төлемдері: жеке табыс салығына 10%; БЖЗҚ-ға 30% зейнетақы жарнасы; ММСҚ-қа 40% аударымдар; ӘМСҚ-ға 20% әлеуметтік аударымдар. Сонымен, БЖТ тетігі бүгінгі таңда ҚР-да халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын дамытудағы мемлекет үшін шешуші *сценарий* болып табылады, өйткені өзін-өзі жұмыспен қамту мәселесі мемлекеттік деңгейде өзекті болып табылады.

3.3 Үнталандыру тәсілі негізінде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын тіркеу процесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар

Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көпшілігінің қызметін тіркеу және есепке алу саласын тиімді реттеуге байланысты мәселелер орын алуда. Осы себепті өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігі, әсіресе ауылдық жерлерде ресми тіркеусіз тауар өндірумен және қызмет көрсетумен айналысуын жалғастыруда. Ал бұл Үкіметтің жаһандық және өңірлік деңгейде өсіп жатқан жаңа сын-қатерлер жағдайында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жұмысын айтарлықтай қиындатады. Диссертацияның 1.1 параграфындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың мәнін талдауды оның функцияларын талдаумен толықтыру қажет, өйткені ол өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы мен оның ел экономикасының дамуындағы рөлін бағалау үшін мотив бола алады (33 кесте).

Кесте 33 – Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың атқаратын функциялары

Өзін-өзі жұмыспен қамту функциялары	
Әлеуметтік	Экономикалық
<p>1. Интегралдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмыссыздық жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамту қоғамның жұмыспен қамту жүйесіне жұмыссыз адамдардың реинтеграциялануына ықпал етеді; - өзін-өзі жұмыспен қамту субъектілерінің бірлескен іс-қимылдарының интеграциялануы 	<p>1. Өнімді;</p> <ul style="list-style-type: none"> - тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді өндіру; - қызмет көрсету нарығындағы рөлінің басымдығы (соның ішінде жоғары технологиялық салаларда), жеке тұтынудағы жоғары сапалы өнімді қамтамасыз ету
<p>2. Тұрақтандырушы - әлеуметтік шиеленісті жеңілдету және нарықтық қатынастарды демократияландыру.</p>	<p>2. Жұмылдыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықтың едәуір қаржылық, өндірістік, еңбек, зияткерлік және басқа да мүмкіндіктерін тарту; - сирек кездесетін игіліктердің, қызметтердің, ақпараттың, жаңа шешімдердің, бірегей, кәсіби қабілеттердің экономикалық ресурстарын тұрақты іздеу; - осы ресурстарды жеке адамдардың меншігіне оларды одан әрі дербес қызметке тарту мақсатында жинақтау және шоғырландыру.
<p>3. Абсорбациялау (сіңіру):</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмысбасты емес жұмыс күшін және потенциалды жұмыссыздарды ішінара сіңіруге ықпал етеді, яғни олар өзін-өзі жұмыспен қамтуға етене сіңіп кетеді; - жұмыссыздықтың соққысын азайтады, оның әлеуметтік салдарын жеңілдетеді; - жұмыссыздарды қоғамдағы жұмыспен қамту жүйесіне қайтарады. 	<p>3. Реттеуші:</p> <ul style="list-style-type: none"> - нарық экономикасына икемділік беруі; - қолайлы нарық конъюнктурасын қалыптастыруы; - нарықтағы сұранысты дифференциациялау және стандарт шегінен шығара алуы; - тұтынушылардың назарын жаппай өнімдерден жекелік бұйымдарға аударуы.
<p>4. Дүниетанымдық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - индивидтің санасы мен экономикалық мінез-құлқының өзгеруі және белсенді өмірлік ұстанымның қалыптасуы; - адамның бастамаларын дамыту, тұлғалық қасиеттерін дамыту, өз күшіне сенімділік береді. 	<p>4. Инновациялық - өзін-өзі жұмыспен қамту мен жаңашылдық кәсіпкерліктің бір формасы ретінде</p>
<p>4. Жасампаздық;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қосымша жұмысбастылықты (жұмыс орындарын) қамтамасыз ету; - жаңа өнімдер, технологиялар және т.б. жасау. 	<p>5. Қайта бөлу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмыс күшінің салааралық, салаішілік, өңірлік белгісінде өзін-өзі жұмыспен қамтуда болуы; - жиынтық өнімнің, өндірістік қордың, тұтыну заттарының пропорцияларының өзгеруі.

6. Бәсекелестікті қалыптастырушы: - экономикалық дербестік; - өзін-өзі жұмыспен қамту монополистік бірлестік құруға пәрменді емес; - өз бетінше жұмыспен қамтылғандар және нарықтың ұйымдасқан қатысушылары (кәсіпорындар, фирмалар) арасында сөзсіз бәсекелестік болады, өйткені олар да өндірген өнімдерін нарықта өткізеді.	
7. Кепілдемелік: - өзін-өзі жұмыспен қамтушының және оның отбасының өмір сүруі, қажетті заттармен қамтамасыз етілуі; - экстремалдық жағдайларда өзін-өзі жұмыспен қамтудың ұйымдық құрылымының өмір сүруі.	
8. Тәрбиелік: - жеке меншікке ұқыптылық; - бастамашылдық, дербестік, кәсіпкерлік, шығармашылық қабілеттердің ашылуы; - өзін-өзі жұмыспен қамтушы жаңа ұрпаққа кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру және беру.	
Ескерту – [190, 191, 192, 193, 194, 195] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған	

Көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамту функциялары ерекше, олардың әрқайсысы өзін-өзі жұмыспен қамтудың түрлі аспектілерін сипаттайды, және де 3.2 параграфтағы берген ұсынысты аша түседі, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтуды кәсіпкерліктің қарапайым формасы деп тануымыз керек. Сонымен, әртүрлі аспектілерде өзін-өзі жұмыспен қамту функцияларын зерттеу оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік берді (34 кесте).

Кесте 34 – Өзін-өзі жұмыспен қамтудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың жағымды аспектілері	Өзін-өзі жұмыспен қамтудың жағымсыз аспектілері
<i>нарыққа бейімделуіне қатысты</i>	
1) нарықтық сұраныстың өзгерістерін уақтылы есепке алу; 2) жергілікті жағдайларға тез бейімделу және жергілікті шикізатты кеңінен пайдалану; 3) сараланған және стандартты емес сұраныс қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жылдам және икемді әрекет ету; 4) шағын партияларды және тіпті жеке өнімдерді шығару мүмкіндігі;	1) нарықтағы өндіріс қиындықтары; 2) Шикізат көздеріне тәуелділік және қалай тіршілік ету қаупі, салдарлары, 3) кірісті бағалаудың қиындығы; баға саясатын белсенді жүргізе алмау (бағаларды ірі кәсіпорындар белгілейді) нәтижесінде бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі мүмкін;
<i>өнімнің өзіндік құнына қатысты</i>	
1) басқару аппараты шығындарының төмендігі;	1) өндірісті бір даналап жасауда шығындардың ұлғаюы (жоғары үстеме шығындар, мысалы, көлік шығыны);
2) ірі фирмалармен салыстырғанда төмен жалақыға арзан жұмыс күшін пайдалану (зейнеткерлердің,	2) шикізатты шағын партиялармен сатып алуда бағалардың өсуі;
жасөспірімдердің еңбегі); 3) ғылыми жобалардағы шығынның төмендігі (орта кәсіпорындарға қарағанда 4 есе және іріге қарағанда 24 есе аз).	3) өндіріс ауқымы шектеулі болғандықтан өнімнің өзіндік құнының артуы; 4) жоғары тәуекел және нарықтағы құбылмалылық позиция.
<i>өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруға қатысты</i>	

34-ші кестенің жалғасы

<p>1) әрекет еркіндігі мен тәуелсіздігі; 2) табысқа жетуде жеке мотивацияның жоғары деңгейі; 3) идеяларды жүзеге асырудың тамаша мүмкіндігі; 4) қабылданған шешімдердің тиімділігі; 5) еңбекті реттеуде регламенттің жоқтығы (тапсырма мен оны орындау уақытын жұмыскердің өзі өнім көлемін корреляциялай алады); 6) нәтижеге байланысты төлемді дифференциациялау; 7) кәсіпорынның стандартты емес жұмыс режимдері (мысалы, күндізгі уақытта жұмыс істеуге болады және түнде).</p>	<p>1) еңбектің жоғары қарқындылығы (меншік иесі жұмыс істеуге деген ұмтылысты, жұмыс шекараларын теріс қабылдауы және т.б.); 2) ірі фирмалармен салыстырғанда біліктілігі төмен жұмыс күшін пайдалану; 3) мансап жасау мүмкіндігінің аз болуы (басшылық лауазымдары аз, негізгі міндеттер туыстарына беріледі); 4) менеджерлердің төмен құзыреттілігіне және біліктілігі жеткіліксіз жұмысшыларды пайдалануға байланысты басқару тиімділігінің жеткіліксіздігі</p>
<p>Ескерту – [190, 191, 192, 193, 194, 195] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған</p>	

Халықтың жекелеген санаттарына да, өндірістің жекелеген салаларына да қатысты өзін-өзі жұмыспен қамтуды пайдалану оның көрсетілген артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс деп есептейміз. Таңдалған жұмыспен қамту нысанының жұмыс істеу тұрақтылығын арттыру үшін мүмкін болатын қайшылықтарды барынша азайту керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың осы сынды артықшылықтары мен кемшіліктеріне қарай қоғамда оларды қабылдау да әртүрлі (35 - кесте).


Кесте 35 - ҚР-дағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты қабылдауы

Жағымды жағы	Жағымсыз жағы
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – ең тиімді, белсенді, төзімді	Бұл ел үшін нашар көрсеткіш, өйткені бұл адамдар еш жерде тіркелмеген және болашақта зейнетақыны қалай алатыны белгісіз.
Қазақстандық қоғамның дербес бөлігі. Бұл адамдар өздерін ғана емес, балаларын, қарттарды, сонымен қатар шенеуніктердің әскері.	Көлеңкелі экономиканың арқасында сығу – бұрынғы біліктіліктеріңізді жоғалту бағасы
Өз ісін тауып, шағымданбай, мемлекетке талап қоймаған саяси-әлеуметтік тұрақтылық та сақталады.	Олар, наразылық көңіл-күйінің таралуы үшін әлеуетті ортаны білдіретін саяси және экономикалық «матрицадан» тыс
Өз мәселеңізді өзіңіз шешіңіз	Билікке деген адалдық деңгейі өте төмен немесе бейтарап
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық – белгілі кәсіби әлеуеті бар Қазақстанның индустриялық дамуының кадрлық резерві	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ресми тіркелмеген, себебі, үнемі өзгеріп отыратын және күрделене беретін бизнес жүргізу ережелері мен көптеген салық инспекторларының есептеріне тап болады.
Нарық жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамту нарықтық қатынастардың міндетті объективті тән элементі	Олардың бейресми секторда өмір сүруі объективті түрде оңайырақ
Нарықтың экономикалық идеологиясы – әрбір еңбекке қабілетті адамның өзін-өзі қамтамасыз етуге және өзін-өзі табыс табуға көшуі. Нарық экономикалық шындықты өзгерту арқылы жұмыс істеуге жаңа ынталандырулар жасайды: жеке меншік институтын құру, шағын және орта үшін қолайлы жағдайлар бизнес.	
<p>Ескерту – [196] әдебиет бойынша автормен құрастырылған</p>	

Қоғамдық пікірдің мұндай стереотипінің болуы көбіне еліміздің еңбекке қабілетті халқының үштен біріне жуығын құрайтын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарының өте аз зерттелгенімен

байланысты. Бұл пікір өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үштен екісі ауылда тұратынын ескермейтіні анық. Сонымен қатар, егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған қалалық адамдар болса, олардың арасында индивидуалды құндылықтардың деңгейі жоғары деп болжауға болады. Наразылықтың кез келген деңгейі алдын ала ұйымдастыруды және мүдделерді біріктіруді талап етеді. Шын мәнінде, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың наразылық білдіруінің барлық белгілі жағдайлары адамдардың жоғары топтық ынтымақтастығымен байланысты болды, атап айтқанда, серіктестік принципі бойынша біріккен адамдар. Бірақ бүгінде жағдай өзгерді, статистикалық тұрғыдан елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қысқару тенденциясы байқалады. Бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеу бойынша мемлекеттік шаралар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимін (БЖТ - 2019) және МӘМС (2020) енгізу бейресми жұмыспен қамтылғандар санын және өзін-өзі басқаруға деген көзқарасты азайтуда маңызды рөл атқарды. Оның тиімділігін неғұрлым көрнекі анықтау және анықтау үшін біз еліміздегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар арасында сауалнама жүргіздік (онлайн сауалнама – Қосымша II).


Сауалнама мақсаты - республика өңірлері бойынша жергілікті жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту мәселелерін нақтылау арқылы елде жасырын жұмыссыздықты азайту және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту бойынша ұсыныстар дайындау. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы сипаттамасы бойынша: жалпы жауап берушілер саны 500, оның ішінде 351 ер және 149 әйел (сурет -36).



Сурет 36 – Сауалнамаға қатысушылар құрылымы

Сауалнамаға әйел адамдар көбірек жауап беруге құлшыныс білдірген және де ол Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басым бөлігі әйел адамдар екенін көрсетеді. Сауалнама жалпы республика бойынша жүргізілгендіктен, сауалнамаға қатысқандардың өңірлік бөлінісінде Алматы облысында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі көп.

Сауланамадағы сұрақтар бойынша респонденттер жауабына келсек, әлеуметтік мәртебесі бойынша респонденттердің бөлінуін төмендегі 37-ші суреттен көруге болады.



Сурет 37 – Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі бойынша бөлінуі

Бұл жерде көріп отырғанымыздай, жауап берушілердің басым бөлігі (168) респондент өзін-өзі жұмыспен қамтушы болып табылады. Сонымен қатар 36-сы жеке кәсіпкер, олардың ішінде көбісі жеке кәсіпкерлікпен айналысады.


Келесі, «Сіз өзін-өзі жұмыспен қамтудың қандай түрімен айналысасыз?» деген сұраққа мынандай жауаптар берілді (сурет -38).



Сурет 38 – Респонденттердің өзін-өзі жұмыспен қамтумен айналысу үлесі, пайызбен

Көп жағдайда 36 жасқа дейінгілер сабақ берумен, мобилографиямен және онлайн жұмыстармен айналысса, үлкен жастағылар ЖҚШ, кассир, бала күтушісі сияқты жұмыстармен айналысатын болып шықты.

«Егер Сіз өзіңіздің ауылыңызда, елді мекеніңізде өз бизнесіңізді ашсаңыз, Сіздің ойыңызша бұл үшін ең қолайлы жағдай қандай қызмет саласында? (бірнеше жауап таңдауға болады)» деген сұраққа (сурет -39).




Сурет 39 – Респонденттердің өзін-өзі жұмыспен қамтумен айналысуындағы қызмет саласы, пайызбен

Бұл сұраққа респонденттердің 39,8%-ы өнеркәсіптіп өнімдер мен халық тұтынатын тауарлар деп жауап берген. Яғни, қоғамның да өндірістік тауарлар, әсіресе отандық өнімдердің үлесін арттыруға қызығушылық танытатынын көріп отырмыз. Дегенмен, IT саласын таңдағандар небәрі 0,6%-ғана. Цифрландыру ең жылдам дамып келе жатқан сала болғанымен, респонденттер арасында жаңа салаға икемділік танытып отырғандар жоқшылық. Сонымен қатар ауыл шаруашылық өнімдерін өндіргісі келетіндер 16,4%-ды құрап отыр. Яғни жеке кәсіпкерлікті несиелендіру кезінде осындай салаларға басымдық беру керектігін байқаймыз. Дегенмен, ауыл-аймақтардағы қандай кәсіп дамуы мүмкін дегенге респонденттердің 35,67%-ы оқушыларға сабақ беру десе, дәл сондай пайызы киім тігуді таңдаған. Екі кәсіпке де жеке құрал сатып алу үшін көп қаражат кетпейді және кеңсені жалға алу сияқты шығындар міндетті болып табылмайды.

Одан кейінгі, «Сіздің ойыңызша, ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтуды қолдау бірінші кезекте кімге байланысты?», - деген сұраққа көп жағдайда респонденттер жұмыспен қамту орталықтары мен аудан әкімшіліктері ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамтуда шешуші рөл атқарады деген пікірде.


«Сіз салық, әлеуметтік аударымдар төлейсіз бе?», - деген сұраққа респонденттердің жартысынан көбі, яғни 54,2%-ы әлеуметтік аударымдары төлемесе, 6,8%-ы оны төлеуге құлқылары жоқ екенінмен бөлісті, ал «Арнайы салық режимі – БЖТ (Бірыңғай жиынтық төлем) туралы білесіз бе?», - деген сұраққа Респонденттердің тең жартысы БЖТ туралы естімеген, алдыңғы

сұраққа қарай отырып, олардың не себепті бұндай аударымдарды жасамайтынын хабарсыздығынан деп болжауға болады (сурет -40).



Сурет 40 – Респонденттердің салық төлеу және БЖТ туралы пікірлері

Мемлекеттік шешімдер туралы халықтың басым бөлігі телеарналардан қарайды екен. Екінші орында – әлеуметтік желі (18,0%), ал үшінші орында ХҚО (10,3%). БЖТ төлемесе де, ол туралы бірінші рет естіп тұрса да, респонденттердің 46,2%-ы оң қабылдайтынын, ал 6,8%-ы теріс қабылдайтынын хабарлады. Соңғылар осындай аударымдарды төлегісі келмейтін респондентер үлесімен дәлме-дәл келіп тұр.




Сурет 41 – БЖТ төлеуге көзқарастары

Суреттен БЖТ төлеу үшін табысы жеткіліксіздер 19,8%, қалай төлеу керек екенін білмейтіндер 17,2%, аудару-аудармау өз шешімі деп білетіндер 19% болып тұр. Және осы респонденттердің 23%-ы БЖТ төлеу қиын, көп құжат талап етеді деген пікірде екенін көре аламыз.

МӘМС бойынша 33,3%-ы пайызы қолдайтындарын білдірсе, 7,7%-ы МӘМС туралы алғаш рет естіп тұрғандарын айтты. Мемлекеттің жұмыспен

камту бағдарламаларына респонденттердің көп бөлігі еңбек биржалары арқылы қатысатыны (64,7%) анықталды.



Сурет 42 – Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың мемлекеттен күтулері

Суреттен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар мемлекеттен көбіне қаржылық қолдау (53,4%) күтетіні анықталды. Жоғарыдағы жауаптарды қоса қорытындыласақ, жеке кәсіпкерліктерге кәсібін кеңейтуде төмен пайызды несимен қолдау, толықтай ақпараттық қолдау қажет. Респонденттердің көп бөлігі арнайы салық, әлеуметтік сақтандыру салымдары туралы бірінші рет естіп тұрғандарын, көбісі оның төленуі қиын екен деген жансақ пікірде екені анықталды. Бұдан шығатын қорытынды: халықты құлақтандыру бағдарламаларын мықтап қолға алу керек, атап айтқанда осыларды үйрету мектеп-колледж-университет деңгейлерінен басталғаны дұрыс.

Сауалнама келесі нәтижелерді көрсетті:

- табыстың төмен және тұрақсыздығынан адамдар өз бизнесін (кәсібін) заңдастыруға әлі толық дайын емес;
- көптеген азаматтар БЖТ жүзеге асырылуы туралы хабардар емес;
- Міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге көзқарас бейтарап, өйткені көптеген нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, соның ішінде үй шаруасындағы әйелдер оның әрекет ету механизмі бойынша әлі толық білмейді, өйткені мемлекет оларға әлі де қамқорлық жасауда (жарна төлеуден босатылған 15 санат – Қосымша Р)
- нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың салықтық жауапкершілікке деген санасы мен мәдениеті әлі қалыптаспаған;
- түрлі мемлекеттік бағдарламаларға қатысу әр түрлі: біреулер «Атамекен» ҰКП-ға (негізінен тек қалалықтар) өтініш беру арқылы кәсіпкерлік дағдыларды меңгеруді жөн көреді, басқалары жеке кәсібін ашу үшін (негізінен ауылда, мал сатып алу үшін) шағын несие алуды жөн көреді;
- олар өздерін өз бизнесінің толыққанды иесі деп санайды, бұл бізге олар туралы шағын бизнес өкілдері деп айтуға құқық береді.

Сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, мемлекетте өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды қабылдауға деген көзқарас өзгерді және олардың қызметінен көптеген оң әсерлер бар деп болжауға болады. Тұтастай алғанда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық арасында оптимизм мен өз қызметін дамыту болашағына сенім басым болса, бұл Оңтүстік өңірлердегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында, ал Солтүстік және Шығыс өңірлеріндегі келешекті бағалауда респонденттердің сақтық пен оптимизмін байқауға болады, өйткені бизнесті дамытуда белгілі бір қиындықтардың болуы туралы пікір басым (өзін-өзі жұмыспен қамтуға байланысты проблемалардың ішінде олар мемлекеттік құрылымдардағы бюрократия мен сыбайлас жемқорлықты атап өтті). Қалалық өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ауылдағыларға қарағанда өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамытудың жақсы перспективаларын жиі көреді. Бұл ауыл тұрғындарына қарағанда қалалықтардың ақпараттандырылғандығынан, сонымен қатар қалалықтардың жұмыс күші жағынан мобильділігінен деп ойлаймыз. Сондай-ақ, БЖТ тетігі туралы естіген ауылдық өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өз қызметін рәсімдеуге оң көзқарас танытуда, өйткені ол зейнетақы қорларына және МӘМС жарналары арқылы әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларына қатысуға құқық береді, сонымен қатар тіркеу процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Жас және орта жастағы қала тұрғындарына сауалнама жүргізген кезде респонденттер өздерін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар емес, фрилансерлер деп санады, бұл көп жағдайда қоғамдағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар фрилансерлер деген ассоциациялық концепцияға байланысты болды, дегенмен біз анықтағандай, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың барлығы фрилансер емес екенін анықтадық, өйткені фрилансерлер негізінен қашықтықтан жұмыс істейді және олар азаматтық-құқықтық келісім-шартқа отырады. Экономикалық менталитет бойынша дамыған елдерде кез келген табысқа салық салынатынын түсінуі және де алынған салықтардың халық игілігі үшін қызмет ететінін көрсететін жағдайлар аз емес, ал посткеңестік елдерде экономикалық менталитеттің төмендігі және салық тетігінің ашық еместігі халықты көп жағдайда бейресми секторда жұмыс істеуге итермелейді. Экономиканың цифрландырылуына байланысты салық салу процесінде де өзгерістер жүруде, соның айқын мысалы «цифрлы салықтың» енгізілуі [197] және ондай тәжірибе біздің де нарықта бар (Каспий банктің қсымшасымен QR код арқылы төлеу жүйесін енгізгенде бірден салық органдарының базасынан көрінуі), әйтсе де салықты орау, табыстарын жасыру әрекеттері негізінде нарықта Каспий қосымшасымен тек аударымдар жасау кең таралған, осы мысалдың өзі біздің азаматтарда экономикалық менталитеттің төмендігін көрсетеді. Қазақстандағы бейресми секторды ресмилендіру жағынан енгізілген БЖТ тетігін жетілдіру арқылы еліміздегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандарда салық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі бар екенін көруге болады. Экономикалық және басқа да өзгерістерге тез әсер ету үшін бизнес қызметкерлермен және сервис-мердігерлермен күрделі келісім-шарт жасап

өзіне ауыртпалық алмай, икемді және мобильді болуы қажет. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамту нарығына маңызды әсер етеді, атап айтқанда, онлайн-биржа қызметтерін дамытуды ынталандырады. Заманауи өмір сүру ритмі әртүрлі саладағы мамандарды жұмыс процесін ұйымдастырудың стандартты емес мүмкіндіктерін іздеуге итермелейді. Жұмыс сағаттарының санын өз бетінше анықтауға ұмтыла отырып олар өзін-өзі жұмыспен қамту түрін таңдайды және де цифрлық платформаларда арнайы сақтандыру бағдарламаларын әзірлеп оның жалпы гиг-экономикаға таралуына негіз болуы мүмкін.

2019 жылдың қыркүйегінде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен "Шекарасыз жұмыс" Бірыңғай іздеу жүйесі " жобасы іске қосылды. 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап "Шекарасыз жұмыс" жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді. "Шекарасыз жұмыс" жобасы - ЕАЭО елдерінің жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту саласындағы ұлттық ақпараттық жүйелерінде қамтылған бос жұмыс орындары мен бос жұмыс орындарын іздеушілер туралы ақпаратқа қол жеткізуге арналған іздеу жүйесі. "Шекарасыз жұмыс" қазақстандықтарға және басқа елдердің тұрғындарына өз елінің шегінде шектелмей, жұмыс немесе қажетті маман табуға мүмкіндік береді. Одаққа мүше-мемлекеттің жұмыс берушілері өз кезегінде еңбек ресурстарын тартудың қосымша, тексерілген көздерін таба алады. Осылайша, мемлекеттік органдар еңбек ресурстарының ұтқырлығына жәрдемдеседі, сондай-ақ Одақ шеңберінде қашықтықтан жалдауды дамытады. Осы орайда ҚР өңірлеріндегі шетелдік мигранттардың шоғырлануы мен іс-әрекеттерінің түрлері картада бейнеленген (Қосымша С). Жобаға бес елдің қолданыстағы ұлттық жүйелері жұмылдырылған: қазақстандық "Электрондық еңбек биржасы" порталы, армян ақпараттық жүйесі "Горц", Беларусь Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің ақпараттық порталы, "Жұмыспен қамту" Қырғыз порталы, "Ресейдегі Жұмыс" ақпараттық жүйесі [4, 168 б.]. ҚР ауылдық жерлерде және қалалық жерлердегі құрылыстарда нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі көп, мұнда да бейресми жұмыспен қамтылған шетелдіктер жиі байқалады, бұған Алматы қаласы бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы өткізген базарларда, қоғамдық тамақтандыру орындарында және құрылыс объектілерінде жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілгені дәлел. Ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, тұруға ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың БЖТ қолдануға құқығы жоқ. Бұл жағдай да БЖТ механизмінің жетілдірілмегенін көрсетеді, өйткені біліктілігі жоқ және жоғары немесе арнайы орта білімі жоқ шетелдіктер нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтумен айналыса отырып, біздің елімізде олардың қатарын тек толықтырады.

Сонымен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың Қазақстанның экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру бойынша перспективалық бағыттары келесідей анықталады:

- өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың әлеуметтік-экономикалық функцияларын жіктеу, қалыптасу факторларын анықтау өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық дамудағы рөлін бағалауға мүмкіндік берді, сондықтан өзін-өзі жұмыспен қамтуды - кәсіпкерліктің қарапайым түрі немесе шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп қабылдау қажет;

- өзін-өзі жұмыспен қамтуды халықтың жекелеген категориялары, өндірістің жекелеген салалары бойынша анықтауда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың нарыққа бейімделуіне, өнімнің өзіндік құнына, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруға қатысты артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып жүзеге асырған жөн;

- бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеудің мемлекеттік тетігі – БЖТ туралы ақпараттың жеткізілмеуі және оның аясының шектеулігіне байланысты БЖТ тетігін жетілдіру қажет;

- Өзін-өзі жұмыспен қамтушылар ауыл шаруашылығы саласында және қызмет көрсету сферасында көп және олар мемлекеттік қолдауға мұқтаж, сол үшін олардың мәртебесін заңдық тұрғыда айқындауда бірегейлік керек, және де оларды мемлекеттік қаржылық қолдауда айқын нақты тетік құру қажет;

- көші-қон процестері мен нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған шетелдік азаматтардың іс-әрекеті анықталып, осыған байланысты бейресми секторда жұмыс істейтін шетелдік азаматтар үшін БЖТ аналогын жасау қажет.

Үшінші бөлім бойынша қорытындылар:

- Еңбек нарығының жаңа орта жағдайларында нарық қатынастарының потенциалын пайдалануға және халықтың ең мобильді бөлігінің табыс көздерін аша отырып жеке өз істерін құрған өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың еңбек ету аясын зерттеу және олардың жұмыспен қамтылу түрлерін топтастыру негізін аша отырып, ҚР экономикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы дамуының сценарийі жасалды;

- Фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және қолданылу ерекшелігі анықталынды және өзін-өзі жұмыспен қамту функциялары мен факторлары анықталып, пандемия кезіндегі өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың іс-әрекеттері мен жағдайлары талқыланды;

- Республика өңірлері бойынша жергілікті жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту мәселелерін нақтылау арқылы елде жасырын жұмыссыздықты азайту және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында Сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі талқыланды;

- Сауалнама негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың Қазақстанның экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру бойынша перспективалық бағыттары анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда республика халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында ұлттық экономиканы дамытудың жаңа идеялары мен модельдерін іске асыру саясатын әрдайым жетілдіріп отыруға мүмкіндігі бар. Елімізде жұмыспен қамтудың нәтижелі түрлеріне жәрдемдесу, кәсіпкерлікті дамыту және нәтижесіз жұмыспен қамту мен жұмыссыздықты төмендету бойынша бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда. Көптеген жылдар бойы мемлекеттік билік өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәртебесін ресми түрде мойындамады, дегенмен 2013 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты есептеу Әдістемесі жасалынған соң еңбек нарығындағы институционалдық және құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігін мойындады.

Қазақстан Республикасында халықты жұмыспен қамтуды дамыту мен жаңғыртуға ықпал еткен мемлекеттік шараларға мыналар жатады:

- моножұмыстан көп жұмысбастылыққа көшу;
- еңбек қызметі саласын таңдау еркіндігі;
- барлық қолда бар жұмыс күшін пайдалану;
- ресми жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау;
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты ресми тану.

Өзін-өзі жұмыспен қамту - бұл жұмыспен қамтудың жеке түрі, ол табыс табу мақсатында дербес ұйымдастырылған қызмет болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзін-өзі жұмыспен қамтудың түсініктері мен бағыттарының бірқатары келтірілген. Мемлекет республиканың барлық азаматтарына ықпалды болатын тиімді әлеуметтік саясатты жүзеге асыруы тиіс. Әлеуметтік әділеттілік принципі де маңызды, өйткені өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықпен салыстырғанда жалдамалы жұмысшылар қоғам өмірінің барлық процестеріне толық қатыса алады.

Бүгінгі таңдағы өмір шындығы сол, зерттеушілер мен теоретиктер еңбек нарығында болып жатқан процестерге, ақпарат ағынының өзгерісіне ілесе алмай да қалады. Мысалы, біз (2016-2019 докторантура жылдарында) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам ұғымының мәнін, адамды өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа қызмет мәртебесі бойынша жатқызуға болатын критерийді анықтап, өзін-өзі жұмыспен қамтуды өлшеу методологиясын, ұлттық экономикадағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың функциялары мен принциптерін зерттеп және өзін-өзі жұмыспен қамтуға қатысты мемлекеттік саясатты талдаған кездері еңбек қатынастарын реттеу сферасындағы және өзін-өзі жұмыспен қамтуды өлшеудегі болған өзгерістер біздің зерттеу бағытымызды өзгертті. Мысалы, 2019 жылдың 3 сәуірінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың мәртебесіне қатысты "Халықты жұмыспен қамту туралы" ҚР Заңының 1-бабының 29-тармағына енгізілген өзгерістер күшіне енді. Осы Заңға енгізілген түзетулерді ескере отырып, бүгінгі күні "Өзін-өзі жұмыспен қамтыған" ұғымының орнына зерттеу жұмысының 2.1-параграфында анықталған "тәуелсіз жұмыскер" деген жаңа анықтаманы қолданамыз. Ол,

жеке кәсіпкерлерді, жеке практикамен айналысатын адамдарды, шаруашылық серіктестігінің құрылтайшыларын (қатысушыларын) және акционерлік қоғамның құрылтайшыларын, акционерлері (қатысушыларын), өндірістік кооператив мүшелерін қоспағанда, өз іс-әрекетін мемлекеттік тіркеусіз табыс табу мақсатында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жеке тұлға ретінде айқындалады.

Алайда, ұсынылған тұжырымдама өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа кімді жатқызуға болатынын және кімді болмайтынын нақты түсіндірмейді. Мысалы, Заңмен сонымен қатар Бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) — өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа салынатын салықтың аналогы - кәсіпкерлік қызметті дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын, және де мына шарттарға сәйкес келетін тұлғаларға төлеу міндеттеледі:

1) бірыңғай жиынтық төлемді төлейді;

2) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайды;

3) акцизделетін өнімді қоспағанда, тек қана салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға қызметтер көрсетеді және (немесе) тек қана салық агенттері болып табылмайтын жеке қосалқы шаруашылықтың өз өндірісіндегі ауыл шаруашылығы өнімін сатады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық түсінігін кеңінен түсіндірудің проблемасы - бұл категориядағы адамдарға кімнің жатқызылуы мүмкін екендігі туралы нақты критерийлердің жоқтығында. Бұл жерде мәселе Заңда бекітілген термин туралы емес, республикадағы ведомстволар арасында, атап айтқанда халықты жұмыспен қамту саласындағы саясатты қалыптастыратын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз халықтың есебін жүргізетін Ұлттық экономика министрлігі арасында өзара үйлесімділіктің болмауында.

Қазақстан Республикасында бейресми жұмыспен қамтылған халықтың көрсеткіштерін құру бойынша әдістеме бар. Әдістемеде Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңымен және Жер Кодексімен, «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілген түсініктер қолданылады, онда халықты жұмыспен қамту сферасындағы құқықтық, экономикалық және ұйымдық қатынастар реттелінеді, сонымен қатар Еңбек Статистиктерінің Халықаралық Конференциясымен қабылданған (ЕСХК) және Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) ұсынған келесідей анықтамалар мен түсініктер қолданылады, олар: ХЕҰ Методологиялық басшылығы «Жұмыспен қамту, жұмыссыздық және толық емес жұмыспен қамтылу» («Survey of economically active population, employment, unemployment and underemployment»); «Еңбек нарығының негізгі индикаторлары» Жүйесі («Key Indicator of the Labor Market» KILM) және ХЕҰ жасаған KILM индикаторлар жүйесін қолдану бойынша Басшылық; 15-ші ЕСХК қабылданған Жұмыспен қамтылғандар мәртебесінің халықаралық жіктемесі (жұмыспен қамтылудағы

мәртебесі) – ЖМХЖ (International Classification by Status in Employment, ICSE-93), және де Әдістеме бойынша солардың ішінде келесі түсініктерді бөліп көрсетеді:

- өзін-өзі жұмыспен қамту - сыйақы мөлшері тауарлар мен қызметтерді өндіруден (сатудан) алынған табысқа тікелей байланысты жұмыспен қамту;

- дербес жұмыскерлер - дербес немесе бір немесе бірнеше серіктестермен жұмыс істей отырып, дербес жұмыспен қамту негізінде қызметпен айналысатын және жұмыскерлерді тұрақты негізде жалдамайтын жеке тұлғалар;

- кооператив мүшелері - кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшелері болатын жеке тұлғалар;

- отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін жұмыскерлері - туысқан адам басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) сыйақысыз жұмыс істейтін жеке тұлғалар.

Әдістеме (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 19 қаңтардағы №11 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі жұмыспен қамтылғандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын айқындау Әдістемесі) жұмыспен қамтылғандардың санын анықтауды Сауалнама жолымен халықты іріктеп тексеру негізінде Ұлттық экономика министрлігі жүзеге асыратынын көрсетеді. Сауалнама іріктемеге түскен әрбір жеке үй шаруашылығына толтырылады. Әдістемеге сәйкес, респонденттердің жауаптары негізінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты бөлу мына категориялар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілер;

- 2) жеке жұмыспен қамтылғандар (табыс алу үшін жеке қосалқы шаруашылықта жұмыспен қамтылғандарды қоса алғанда);

- 3) отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) ақы төленбейтін қызметкерлері;

- 4) өндірістік кооператив мүшелері. Бұл бөлу ішінара жұмыспен қамту мәртебесінің халықаралық классификациясына негізделген (ICSE-93).

Кейбір зерттеушілер Әдістеме өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың қатарына халықтың нақты жұмыссыз категорияларын қосады деген қорытындыға келеді және бұл бірінші кезекте "нәтижесіз жұмыспен қамтылғандарға" қатысты, ал Алматы қаласы бойынша жұмыспен қамту орталықтарының қызметін зерделеу кезінде олардың бұл мәселені өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәртебесін рәсімдеу арқылы шешуге тырысатыны анықталды және ол бойынша азаматтардың мынадай мәртебелері анықталған:

- МЗЖ-сыз жұмыс істеушілер;

- әлеуметтік төлем алушылар (мысалы АӘК);

- студенттер;

- кеткендер, есептен шыққандар;

- өлгендер;

- тіркелмеген жұмыссыздар;
- нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандар;
- және т.б.

Ал олардың мәртебесін анықтау және бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеу үшін қолданылатын әдістер: аулаларды аралау, сауалнама жүргізу, мобильді топтар арқылы жедел іс-шаралар жүргізу, яғни адамдар көп жиналатын жерлерде (базарлар, қоғамдық тамақтану және т.б.) түсіндіру плакаттарын ілу және теледидар арқылы, "Almaty.tv", "МИР", "СТВ", "Gakku", "Muzzone" телеарналарда прайм-тайм бейнероликтерді тарату. Осы жұмыстардың қорытындысы ретінде қызмет түрлері бойынша нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың құрамы анықталды, олар: экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтін, ұйымдарда және жеке компанияларда еңбек шарттарын жасамай жұмыс істейтін, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін үй шаруасындағы әйелдер және басқалар.

Экономиканың бейресми секторында жұмыс істейтін халықтың дәл осы бөлігі елдегі мәжбүрлі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарын толықтырады, осылайша бізде жасырын жұмыссыздық проблемасы қалады, өйткені бұл адамдар жұмыссыз ретінде ресми тіркелгісі келмейді және сәйкесінше елдегі ресми жұмыссыздық деңгейі 5% - ға жуық көрсеткіші ұзақ уақыт бойы сақталуда. Сондай-ақ экономикадағы жұмыссыздық деңгейін тұрақты деңгейде ұстап тұру үшін мемлекеттік органдар мынандай жұмыстарды жүргізеді: МКД өз қызметін рәсімдеу және ЖК ретінде есепке қою қажеттілігі туралы өзін - өзі жұмыспен қамтығандарға хабарламалар жібереді; УЗСП (Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы) тіркелмеген жұмыссыздарды "Еңбек" Мемлекеттік бағдарламасына тартады; азаматтардың дұрыс көрсетілмеген мекен-жайларын ЖПҚ (Жергілікті полиция қызметтері-учаскелік полиция қызметтері) анықтап пысықтайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Нәтижелі жұмыспен қамтуды (оның ішінде дербес) арттыруға және елде жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған және іске асырылып жатқан «Жұмыспен қамту – Жол картасы», «Еңбек» сынды бағдарламалар шетелдік тәжірибелерге сүйенгендігін анықтадық, яғни онда ЕО, Ұлыбритания, АҚШ елдеріндегі сияқты жеке тұлғаның өзін-өзі жұмыспен қамтыған мәртебесін алуын рәсімдеуі, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа салық салу ерекшеліктері, нормативтік-құқықтық реттеу негіздері жатыр.

COVID-19 коронавирустық пандемияның бейресми экономикадағы кәсіпорындар мен жұмысшыларына әсерін тез бағалау, сол жұмысшыларды анықтау және олардың дауыс беру құқығына ие болуын; дағдарыстан ең көп зардап шеккен секторлар мен топтарды бөліп көрсету; және де пандемияның тікелей және жанама әсерлерін анықтау өте маңызды. Мемлекеттік реттеу бағыттарының бірі жұмыссыздарды өз бетінше қызметпен айналысуға субсидиялауды қолдау болуы мүмкін. Мемлекеттік қолдаудың бұл түрін кең

қолдануда өңірлік айырмашылықты ескеру қажет, өйткені ауылдық және қалалық жерлерде тәуелсіз қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері әртүрлі. Мысалы, Қазақстан Республикасында мынандай парадокс сақталуда: еңбек нарығында жұмыс күші тапшылығы кезінде жұмыссыздықтың жоғары деңгейі сақталады. Қазақстан Республикасында өзін-өзі жұмыспен қамтудың институттары мен экономикалық қатынастарын дамытудың диалектикасы тұрғысынан экономикалық қатынастардың дамуы ресми жүйеден тыс дамудан артып түседі, әйтсе де ол оларға шектеулер, бейресми нормалар мен ережелер жағдайында екенін көрсетеді. Бұл деген институционалдық және экономикалық қатынастардың дамуындағы асимметрия - институционалдық эволюциялық теорияның табиғи құбылысы. Осы мақсатта жұмыспен қамту сферасындағы саясаттарды қайта құрудың арнайы мемлекеттік бағдарламалары жасалында, ол бір жағынан өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған болса, екінші жағынан жеңілдетілген несилендіру мен салық салу механизмдері арқылы нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты ынталандыруға бағдарланған.

Зерттеу жұмысында өзін-өзі жұмыспен қамтудың экономикалық мәнін ашу үшін авторлық түсіндірме және оның қалыптасу факторлары анықталды; өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі, соның ішінде ЭЫДҰ елдерінің (негізінен АҚШ тәжірибесі), ЕО, Ұлыбритания және дамушы елдердегі өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды мемлекеттік реттеу тетіктері мен тәсілдері зерттеле отырып Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың қазіргі жағдайы мен оның даму тенденциясы статистикалық талдау негізінде айқындалды; ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу кезеңдері зерттеліп толықтырылды, зерттеу нәтижесінде құрылған панельді регрессиялық модель, елдегі ЖІӨ мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында өзара байланыс бар екенін және оның әрдайым оң сипатта болмайтынын көрсетті; елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтудың қалыптасуы мен құрылымын талдау негізінде фриланс, жеке кәсіпкер, өзін-өзі жұмыспен қамту ұғымдарының сипаттамасы және қолданылу ерекшелігі анықталып, елдегі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың даму сценарийі жасалды; Қазақстан Республикасында халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын мемлекеттік реттеу ерекшеліктері айқындалып, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты рәсімдеудің басымдықты бағыттары ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтуды - кәсіпкерліктің қарапайым түрі немесе шағын кәсіпкерліктің алғы шарты деп қабылдау және бейресми жұмыспен қамтылғандарды рәсімдеудің мемлекеттік механизмі – БЖТ туралы ақпараттың жеткізілмеуі және оның аясының шектеулігіне байланысты БЖТ механизмін жетілдіру, көші-қон процестері мен нәтижесіз өзін-өзі жұмыспен қамтыған шетелдік азаматтардың іс-әрекеті анықталып, осыған байланысты бейресми секторда жұмыс істейтін шетелдік азаматтар үшін БЖТ аналогын жасау ұсынылды.

Елдегі өзін-өзі жұмыспен қамту мен экономикалық даму арасындағы байланыс келесідей анықталды:

- еңбекпен қамтылған азаматтардың жалпы үлесі артады;
